


Жанат  
Елшібеков  
*Атамекен*










Жанат  
Елшібеков

6 свен  
7.08.84.

# Атамекен



Фотоәңгімелер

Издательство „ЖАЛЫН“  
Разрешено в свет  
Редактор *А. Умарбаева*  
Зав. редакцией

Главный редактор  
*Л. В.*  
1984

Соответствие разрешенному к печати  
экземпляру подтверждаю.

Г. \_\_\_\_\_ водитель полиграфредактирования... *М. В.*

25 июля 1984 г.

*Корр. Сивил*  
26. VII. 84.

АЛМАТЫ  
„ЖАЛЫН“  
1984

Пікір жазған А қ к е л О т а р б а е в

**Елшібеков Жанат.**

Е 49 Атамекен: фотоәңгімелер.— Алматы: Жалын,  
1984.— 168 бет.

Жанат Елшібековтың «Атамекен» атты кітабы өзара сабақтас төрт тараудан тұрады.

Алғашқы бөлімде автор Отанымыздың жүрегі — Москва, революция бесігі Ленинград туралы сыр толғаса, кейінгілерінде ұлан-байтақ республикамыздың бүгінгі қарышты қадамы, нұрлы келбеті жайында әңгіме өрбітеді.

Е  $\frac{4802000000-194}{408(05)84}$  30—84


Қаз 2

© «Жалын» баспасы — 1984

Таң

нұрындай

арайлы



● Отанымыздың жүрегі . . . . .	5
● Ту туралы толғаныс . . . . .	12
● Ленин мавзолейі . . . . .	17
● Дубосеково немесе № 251 биіктік . . . . .	23
● 108 минут және 211 тәулік . . . . .	27
● Достықта жоқ шекара . . . . .	31
● Революция бесігі . . . . .	36
● Нева-Ертіс арасы . . . . .	40
● Мәңгілік рух . . . . .	44
● Нүрек , . . . . .	48



МОСКВА!

Қашанда асқақ та, салтанатты естілер осынау жалғыз ауыз сөзді ең алғаш қай жасымда, қай күні айтқанымды білмеймін. Әйтеуір, «апа», «көке» тәрізді тілашар санаулы сөздердің бірі болғаны анық.

Базарлы бал-дәурен шақтың ұмытылмас сәттері көп-ау. Жадында мәңгі ұялар, есінде ұзақ сақталар өткен жылдар жаңғырықтары лүп-лүп соққан жұдырықтай жүрегіңнің нәзік қылын әрдайым тербеп отырса керек.

Міне, тап қазір сол күйді кешудемін. Сананы билеген сиқырлы күш Москва топырағында көз алдыма мыңдаған шақырым шалғайдағы туған аулымды көлденең тартады.

Көгілдір Балқаштың сары қамысты қолтығында орын тепкен аядай балықшы аулы — Сарыесіктің сыртқы келбеті де жұпыны. Небары елу-алпыс түтін — екі көше. Шаһар біткеннен, ең ақыры, аудан орталығынан тым жырақ Сарыесіктің соғыстан соңғы ұрпағы — біздің күн ұзаққа алаңдарлық өз думанымыз таусылмайтын. Мектеп табалдырығын әлі аттай қоймаған қарасирақтардың бар ермегі теңіз жағалаумен өтеді. Иә, әуелгі әдетпен Балқашты «теңіз» деймін. Неге екенін қайдам, ауылдың үлкен-кішісі Балқашты әсте «көл» деген емес. Сонау көгілдір көкжиекпен астасып жататын шетсіз де шексіз айдынды шалқарды кішірейткісі келмегені ғой...

Боз ала таңнан ау торуға аттанған балықшылардың алды түс ауа орала бастайды. Көз ұшында толқын жалында тербелген қадау-қадау ноқаттарды жазбай аңғарамыз — қайықшылар! Тымық күндері, я болмаса жел желке тұстан көтерілгенде қайықшылар жағаға ерте-ақ жетіп келеді. Ал теңіз самалы қарсы беттен тұрғанда әлгі ноқаттардың тапжылмай бір орында шайқалып тұрып алатыны бар. Жоқ... жағалаудан қараған бізге ол осылайша көрінетін. Әйтпесе қайықшылар қолдарының қары талғанына қарамастан ілгері жылжиды, алға ұмтылады. Ақ жалдары күжірейген тентек толқындардың бірін белден турап, енді бірінің жағасына жармасқан әлгіндегі түймедей қайықтар бірте-бірте зорая бастайды-ау. Артынша көш бастаушылар қамысты қолтыққа енеді.

Тырнадай тізілген қайықшыларды көптен көріспеген жандарша мәре-сәре қарсы аламыз. Теңіз тарландары-




Жарқырайды Кремль жұлдызы

мен бірге көк айдын төрінен келген қисапсыз шағалалар да тынымсыз шаңқылдайды-ай. Жарқ-жұрқ ойнаған су бетінде мың мәрте аударылып-төңкерілген қанаттылардың бұл жөңкілісі бөлекше қуанышты аңғартады.

— Құлындарым-ау, әлі су жағалаумен жүрсіңдер ме?

Зілсіз таныс дауыс. Толқын жалында билеген қара қайықтың үстінде қорбаңдаған әке үні үзік-үзік естіледі. Сөз мақамынан-ақ көңілді кейпін аңғару қиын емес. Демек кезекті сапардың олжалы болғаны! Бауыры

Еліміздің бас сағаты



күмістей жарқыраған сары сазандар ағаш қайықты төңкеріп жіберердей үздіксіз шоршиды.

Күбірлек Дөкей шалдың (алпамсадай Жақып атайды ауылдың үлкен-кішісі осылай атап кеткен) даусы да жарқын-жарқын шығады:

— Ой-хой, үйді неғылсын, өңкей қара домалақ! Алдағы жаз бұларды теңізге бірге алып шығу керек. Аудың бір құлағын ұстап, оны тараштауға да жәрдемші қажет.

— Тек көгілдір шалқарда бастары айналып жүрмесе...

Дөкей шал өзінің пікірін құптай қоймаған әкемнің бұл сөзін жақтырмаған.

— Бұлардың жасында айдын төсіне үрейленбей-ақ шығатынбыз. Басымыз айналмақ тұрмақ, жүрегіміз лобыған емес әсте. Ал балықшының баласы тулаған толқында қалтырамай қашанда нық тұруы тиіс.

Сол-ақ екен қарт балықшыны үзеңгілестіре қошеметтеп, кеу-кеулеп әкетті.

— Ақсақалдікі дұрыс.

— Орынды сөз!..

Қауқылдасқан үлкен-кіші қайықтарын қаңтарып жағаға көтерілгенде бізге — «қара домалақтарға» тағы бір назар аударары анық. Бұл жолы олардың қай-қайсысы да ерекше сезімге бөленеді. Әсіресе, Дөкей шалдың

**Москваның орталық көшесінің бірі. СССР-дің Үлкен театры**



нұрлы жүзін көрсен, шіркін! Толқын шайған ақ шағыл бетіндегі күні бойғы ермегіміз — «сурет көрмесін» оның балаша тамашалайтынын қайтерсің. Әр бейнені, әр сызықты жазбай аңғарады.

— Москва ғой, нақ өзі. Міне, Қызыл алаң мен Кремль. Қалай аудармай салған. Жарайсыңдар!..

Сол сәттегі кеуде керген қуанышты жасыру мүмкін емес. Төбеміз көкке екі елі жетпейді, мәре-сәреміз. Осынау мезетті пайдаланып тұс-тұстан әрқайсымыз көкейдегі сауал тиегін ағытатынымыз бар.

— Ата, Москваны өз көзіңізбен көрдіңіз бе?

— Қызыл алаң қып-қызыл шығар?

— Кремль сағатының тілі кісі бойы деген рас па?


— Ленинді осы ауылда сізден басқа ешкім көрмеңті ғой?

Бізбен жарыса ересектердің өздері де әлденені сұрап жатыр. Ал ой тұңғығына шомған ол үн-түнсіз. Әлгіндегі күлім көздері де өзгеше сыр ұшығын байқатады. Шағыл құмдағы шым-шытырық сурет сызықтардан жанар аудармаған қалпы... Балықшы қартты серіктері де мазалаған жоқ. Тағатсызданып отырған балалардың жағдайын сезді ме, ақсақал әңгімесін әріден өрбіткен. Тынысын терең алған ол шағыл бетіндегі бейнені қолындағы қамыс шыбықпен көрсетіп:

— Қырық екінші жылдың суық күзінде соғысқа тура осы жерден аттандық. Қызыл алаңдағы әскери парадқа қатысқан біз лек-легімізбен Батысқа бет алдық қой. Қардай бораған жау оғына кеудемізді тосып Москваны қорғадық. Қуандығым мен Сүйіндігімді майдан даласында жолықтыратындай үлкен үмітпен тек ілгері ұмтылған күндер неге естен шықсын. Амал нешік, тағдыр маған қос құлыныммен жүздесуді жазбады.

Үлкен кісінің жылағанын алғаш көруім. Дөкей атайдың кірпігінен үзіліп түскен жас моншақтары әжімді жүзін одан бетер айғыздап, еңкіштеу бойын бұрынғыдан да кішірейтіп жібергендей. Тағы да үн-түнсіз ұзақ отырды. Екі бірдей ұлы соғыста қайтыс болған қарияны қатты аяп кеттік. Ересектердің де көңілдері пәстеу. Айтатындары: «Талай шаңырақты шайқалтып-ақ кетті ғой».

Біз өзіміз салған Москваның суретіне үңілеміз. Шағыл беті самсаған іздер. Қайсыбір өшіңкіреген кескіндерді Дөкей шал шыбығымен сызғылап айқындай түскен. Кремль мұнарасының ұшар басына бес бұрышты жұлдыз орнатты. Артынша қыранша қомданып, еңкіш бойын тік-



### Белгісіз солдат қабірі жанында

теп жазғандай болды. Сосын әлгіндегі үзілген сөзін қайта сабақтады.

— Әркімге де Москваның орны бөлек қой. Әлі-ақ өздерің ер жетіп астанаға сапар шегесіңдер. Қызыл алаңды тамашалап, Кремльдің қасиетті қабырғасын алақандарыңмен сипайтындарың сөзсіз. Көсемнің Мавзолейіне кіріп, Лениннің дидарын да көрерсіңдер.

...Иә, содан бері де талай жылдар өз бедер-ірін жазып, тарих беті боп қатталды. Көп ретте сәбилік пәктікпен

зерделі сөз парқына жете мән бермейді екенбіз. «Әліппені» парақтамастан бұрын жүректе жатталған Қызыл алаңның тас кірпіштерін тұңғыш басқан төбіреністі минуттарда көз алдыма туған ауыл бейнесі жетіп келген. Арманымызды асқақтатып, қиялымызға қанат бітірген қарт майдангердің тұлғасы да қаз-қалпында елестеп өткен еді.

Бала жастан аңсап, көруге құмартқан Отанымыздың Бас алаңында тұрмын. Ерсілі-қарсылы толқыған адамдар ағысы. Тәй-тәй басқан бал бөбек... Топ-топ жастар. Қол ұстасқан ақ басты қариялар... Баршасының жүздері жарқын, жалт-жұлт жанады. Ұлан-ғайыр еліміздің түкпір-түкпірінен бас қосқан отандастар арасынан шетелдіктерді де жазбай танысың. Африкандықтар мен француздар, ағылшындар мен жапондар, үнділер мен монғолдар, поляктар мен болгарлар... Алуан тілде сөйлесе де олардың ақ пейілдерін аңғару қиын емес. Айнала төңірегіне ынтық көңілмен назар аударады. Фотоаппараттың шыртылы да үздіксіз естіледі. Москва әсерлерін ұмытылмастай етіп ескерткішке түсіріп алып жатыр. Өздері де бірінен соң бірі Кремль қабырғасына, Ленин Мавзолейі қасына суретке түсуде. Сонау сұрапыл соғыс жылдары осы алаңда балқаштық Дөкей де жүрді. Сөз жоқ, ол да көз жауын алар Кремльдің мына жұлдызды мұнараларына, Қызыл алаңның әсем архитектуралық ансамбліне сан мәрте қызыға қараған болар. Кім білсін бұл жерді оның он сегізінде от кешкен Қуандығы мен Сүйіндігі тамашалаған шығар. Әбден мүмкін! Өйткені олар Москваны қорғаған еді...

Қызыл алаңның қайталанбас сұлулығы, салтанатты да сәулетті дара дидары қонақтарын бірден баурап алады. Тіс-өрнекті алып қабырғаның іргесіндегі мәңгі жасыл шыршалар көзге тым ыстық.

Кремль курантының күмбірі! Бүкіл алаң Спасск мұнарасындағы Совет Одағының сағатына көз тікті. Жан дүниенің ерекше сезімге бөлеген әуез!.. Біздің Отанымыздың ажырамас символдарының бірінен саналатын курант күмбірін ең тұңғыш рет қамысты қолтықтағы балықшының аядай үйінде естігенім анық. Мен онда жаңадан қаз-қаз жүре бастағанмын.

**ҚЫЗЫЛ АЛАҢ** — біздің жеріміздің ең қастерлі, ең қымбатты нүктесі. Еліміздің әр ошағынан басталған сан тарау жолдың бәрі де осында түйісіп жатады. Ендеше,

атамекеннің өзі де осы жерден басталса керек! Осындай тебіреністі сәтте ер дауысты дауылпаз ақын Тайыр Жароковтың мына бір шумақ өлеңі көкейіме оралды:

Мен, Нью-Йорк қаласын  
Көрмедім, мүмкін, көрмеспін!  
Москваның бір тасын —  
Мың Лондонға бермеспін.

## ТУ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

ҚЫЗЫЛ АЛАҢДА түсірілген кадрлардың бірі алдымда жатыр. Қолыма алып қарай беремін, қарай беремін. Көзге оттай басылар дүние: Кремль, СССР-дің Мемлекеттік туы...

— Ол ең алғаш мұнда 1918 жылдың көгілдір көктемінде, Совет үкіметі Петроградтан Москваға көшіп келгенде желбіреген еді. Владимир Ильич Ленин Кремль коменданты Павел Мальковты өзіне шақырып алып:

— Совет үкіметі қалайша жалаусыз болмақ? Жақсы емес,— дейді.

Комендант ойланбастан нық жауап береді:


— Жасаймыз!

Спасск мұнарасына жақын тұста ақ шаңқан сарай бой көтерген. Жап-жасыл шеңберлі күмбезі бар бұл ғимарат Совет үкіметінің Кремльдегі бірінші үйі саналады. Ұлы көсеміміз Ленин осында жұмыс істеп, осында тұратын. Сондықтан да совет мемлекетінің туын осы үйдің ұшар төбесіне қадау ұйғарылады.

Аса жауапты, маңызды іске Кремль жұмысшысы, слесарь Берзин құлшына кірісті. Күмбезді шаңырақ үстінде ол бірнеше күн тер төгіп, ту-тұғырдың берік те, көрнекті орналасуына бар күшін жұмсайды. Кешікпей-ақ Отанымыздың, Ұлы Октябрьдің символы — Қызыл жалау желбіреді. Ол мәңгі-бақи алаулап тұрмақ.

Жыл соңынан жылдар сырғыды. Біздің еліміз үшін нағыз сынақ тезіне айналған қилы-қилы кезеңдер мен бел-белестер бүгін аңыз болып сөйлейді. Азамат соғысының қанды күндерінде қызылармияшылардың қолдарында Қызыл жалау жүргені белгілі. Өздері опат болса да Ұлы Отанын жауға бермеді. Ту ұстаушылар ғұмырларының қысқалығын біле тұра үнемі майданның алғы шебінен табылды. Олар оққа ұшса да, Ту жерде жатпады. Оны басқа жауынгерлер көтерді. Сөйтіп, жеңіс күніне дейін жеткізді.





Совет Одағының мемлекеттік туы

**ЖЕҢІС ТУЫ!..** Осы бір сөз естілген мезетте-ақ кімде-кім көз алдына қырық бесінші жылдың шуақты май күндерінде фашистік Германияның тас қамалы — рейхстаг төбесінде желбіреген халқымыздың даңқты Қызыл Туын елестетер еді. Әлемді торлаған түнек бұлтын серпіп тастап, ащық аспан астында миллиондаған жүректердің қуанышы боп желбіреген Жеңіс Туы қашанда ыстық, мәңгі ыстық!

Ол СССР Қарулы күштері Орталық музейінің № 16 залында тұр.

Жеңіс парадының алып көрінісі. Еденде рейхстагтан алынған қола бүркіт-герб пен неміс фашистерінің түрлі-түсті жалауы жатыр. Ал ортадағы үлкен шыны ішінен Жеңіс Туы жарқырап алыстан көзге шалынады. Салтанатты тыныштық. Қасиетті Тудың қасындағы стол үстінде нарт қызыл қызғалдақтар мен қалампырлар Жеңістің өшпес символындай алаулайды.



**Жеңіс Туының қасында — Семей облысының жастары**

Мыңдаған адамдар үздіксіз ағылып келіп жатыр... үздіксіз өтіп жатыр... Мың-мыңдаған көзқарас. Күніне мұнда бес мың адам келеді екен. Олардың қай-қайсысы да Кутузов орденді 150-атқыштар дивизиясының сержанты М. А. Егоров пен кіші сержант М. В. Кантария рейхстаг күмбезіне қадаған қызыл полотноға тебірене, мейірлене үңіледі. Тудың шетіндегі кішкентай жыртығы да қаз-қалпында. Ғасырлар ескерткіші болып қалатын Жеңіс Туының рейхстаг үстінде асқақтай желбіреген уақыты да музей мұрасына айналғанын айтқан жөн. Смоленск облысының Ельни қаласындағы музейге қойылған сағат әрдайым Москва уақыты бойынша 14 сағат 25 минутты көрсетіп тұрады. Бұл Жеңіс Туының тігілген уақыты еді. Сағатты музейге штурмға қатысушы, қарт майдангер Иван Кузьмич Быков тапсырған.

Ұлы Отан соғысындағы совет халқының Жеңіс Туы бүгінде бейбіт еңбек майданындағы ерен жеңістердің

туына айналып отыр. Соғыс жылдарында, ұрыстан кейін іле-шала, ерекше ерлік пен батырлық көрсеткен солдаттар өз бөлімшесінің туы астында тұрып суретке түсетін. Ал соғыстан кейінгі жас ұрпақ өкілдері — бесжылдық қаһармандары, социалистік жарыс жеңімпаздары, оқу озаттары аңызға айналған Жеңіс Туы қасында соғыс және еңбек ардагерлерімен бірге қатар түзеді. Осындай құрметті правоны иеленген еліміздің 30 мың комсомолеці сапындағы мыңнан астам қазақстандық жастар да бұл қуанышты оқиғаны ерекше тебіреніспен айтып жүретін болады.

Жеңіс Туының жанындағы қуанышты минуттар сәтінде өндіріс пен ауыл шаруашылық озаттарының кейбіріне жолығып қалдық. Соның бірі қызылордалық Ленин орденді шопан қыз Рәбиға Іздіқұловамен бұдан бұрын да әлденеше рет кездескенбіз. Сыр бойында... Отар басында... Комсомолецтердің үлкен форумында... Өзі жайлы, еңбектес құрбылары туралы тереңнен толғайтын ол астанаға әкесімен бірге келгенін айтты.

Ширақ та көңілді қарт бізді жайдары қарсы алды. Жүзінен Отанымыздың бейбіт болашағы жолында жастығын жаумен бетпе-бет шайқастарда өткізген жауынгердің бейнесін іздеймін. Ол сөйлеп отыр.

— Мынау оң аяғымды соғыста тапсырдым. Қырық бірінші жылдың басынан үш жылды Батыс майданының соғыс даласында өткіздім. Қар жастанып, мұз құрсаңған әрбір солдаттың майдан жолы таусылмайтын шежіре ғой. Отаны үшін мерт болған жауынгерлердің мәңгі ұмытылмайтын бейнесін көз алдымызға елестетіп, олардың өшпес ерлігі турасында сендерге — кейінгі ұрпаққа жеткізу азаматтық борыш. Осы мезет сендердің балбұл дидарларыңның өмірлеріндегі ең бақытты күндерің Жеңіс Туы жанындағы толғаныстарыңнан әкелер, даңқына деген адалдықты, олардың өлмейтін ерлігін өмір бақи қастерлейтіндеріңе сенемін. Бәрінен бұрын «Өзің үшін және сол бір боздақ үшін!», яғни туған жер жолында қан майданда өз өмірін пида еткендер үшін жұмыс істейік деген ұрандарың менің кәрі жүрегімді қатты елжіретті. Кешегі окоптарда қалған жастық шағымды Рәбиғамның бойынан көргеніме мерейленемін. Ол өзіммен бірге Жеңіс Туының жанында суретке түсті. Тағы бір төбіреністі сәт — соғыстан кейінгі өмірімді бейбіт еңбек майданына арна-



### Жарыс жалауы алаулайды

ған өз басым бір кезде қан кешіп жүріп өткен жорық даласының топырағын қайта басып тұрғаным.

ҚЫЗЫЛ ТУ жаңа жеңістерге, тың табыстарға, биік белестерге бастай бермек.

ол бұдан отыз жыл бұрын Қазақстан тыңын тұңғыш игерушілердің шатырларында желбіреді;

ол тайгаға жастық қолтаңбасы боп түскен ғасыр күре тамыры БАМ бойында алаулады;

ол 1979 жылдың көктемінде мәңгі мұз аймағы Солтүстік полюсте алғаш жарқырады;

ол күні кеше ғана Жердің ең биік нүктесі Эверест шыңында асқақтады!

Қызыл Ту — Отанымыздың жарқын бейнесі. Біз оны әркез жүрегіміздің бір бөлшегіндей сезінеміз. Сондықтан да осынау Ту туралы толғаныс сәтінде көпшілік біле бермейтін тағы бір Қызыл жалауды еске түсіргенді жөн санадым. Ол Балқаш көлінің географиялық картада көрсетілмеген шағын ғана аралы — Жыңғылдықайырдағы балықшылар мекенінде ұлан жазға желбіреп тұратын қолдан жасалған Қызыл Ту....

Иә, біз мақтан етер, қасиеттеп қастер тұтар Қызыл Тудың үлкен-кішісі жоқ!

## ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІ!

Астанаға жолы түскен әркім-ақ ең алғашқы таныстықты Кремль іргесіндегі осы қасиетті жерден бастары сөзсіз. Олар Владимир Ильич Лениннің Мавзолейіне лек-легімен ағылған адамдар толқынына қосылады. Көсем дидарын көргенше тағатсызданады, ерекше сезім күйіне бөленеді. Қалың лектің сапынан Жер шарының әр шалғайынан келген алуан ұлттың өкілдерін, ақ басты қарт пен жайраңдаған жасты, балбұл жайнаған баланы көресің.

Бұл — есімі коммунизмнің символына айналған ұлы Ленинге, оның жарқын идеяларына деген миллиондаған жүректердің шексіз сүйіспеншілігі!

Біздің заманымыздан бұрынғы төртінші ғасырдағы грек өнерінің ең тамаша үлгісіне жататын Галикарнастағы Мавсол патшаның атына байланысты туған мавзолей — қаза болған адамға арнап тұрғызылатын монументті ғимарат ретінде бүкіл дүние жүзіне таралған. Әлемдегі «жеті кереметтің» бірі саналған әйгілі Галикарнас мавзолейінің архитекторлары — Пифей мен Сатил. Қазіргі таңда сол кереметтердің кереметі — Ленин Мавзолейі деп мақтанышпен айтамыз. Оның ғаламаттығы — мұнда әкелер жолдың планетаның барлық нүктесінен бастау алуы. Алпыс жылдан бері толассыз ағылған адамдар тасқынында шек те, шет те жоқ.

Кремльдің қабырғалары мен биік мұнаралары, Қызыл алаңның архитектуралық әсем сәулеті гранит мавзолеймен әдемі үйлесім тапқан. ЛЕНИН деген сөз сонадайдан мен мұндалайды. Айрықша салтанатты. Бірақ әуел бастағы мавзолейдің тура қазіргідей болмағанын кейінгі ұрпақтың бәрі бірдей біле бермейді.

1924 жылдың 21 январы. В. И. Ленин қайтыс болған күн. Бүкіл еңбекші бұқараның, барша прогресшіл адамзаттың жүрегін қақ айырған қаңтардың қақаған азалы күндері... Партиямыздың Орталық Атқару Комитетіне сан мыңдаған телеграммалар мен хаттар келуде. Ильич денесін мәңгі сақтап, оның қадірлі дидарын көруге мүмкіндік беруді қоймай өтінген ұсыныстар мен тілектер еліміздің түкпір-түкпірінен үздіксіз түсіп жатты.

Солардың кейбіріне үңілейік.

«Біздің Ильич сияқты соншама ұлы, шын сүйіспеншілікке бөленген көсемнің бейнесін жерге көмуге еш уақытта болмайды,— деп жазды Москваның Рогожск-Симонов ауданының жұмысшылары.— Біз Ильичтің денесін бальзамдап, шыны жәшікке салып, дәнекерлеп, бітеп жауып тастау керек дейміз. Сонда ғана көсемнің денесін жүздеген жыл бойы сақтауға болады...» Ал Донбасс шахтерлері жолдаған телеграммада: «Жансыз кезінде болса да сүйікті көсемді көру ауыр қазаға ұшыраған бізді аздап жұбатып, мұнан былай да аттаныстар мен жеңістерге рухтандырады»,— деп жазылған. Сөйтіп, азалы күндерде цехтар мен кеніштерде, деполар мен коммуналарда туған халық ойы жүзеге асты. Олардың өтініш-тілектері қанағаттандырылды. 22 январь күні академик А. И. Абрикосов Лениннің денесін бірінші рет бальзамдады. Ал 24 январь күні түнде сәулетші-академик А. В. Шусев жұртшылықтың ұлы көсеммен қоштасуына толық мүмкіндік туғызатын Мавзолей жобасын жасау жөнінде шұғыл тапсырма алды.

Уақыт өте тығыз. Не бәрі үш тәулік! Қызыл алаңдағы Октябрь жеңісі үшін қаза тапқан батырлар жерленген Бауырластар қабірінің арасына салынбақ Мавзолей құрылысы қолма-қол жобаланып, үш күннің ішінде аяқталуы керек. Аса маңызды, өте жауапты іске академиктен бастап, қарапайым жұмысшыға дейін аса құштарлықпен кірісті. Бір минут бел шешпей тер төкті. Әр сағат, әр секунд санаулы. Қаңтардың бет қаратпайтын сақылдаған сары аязы да қол байлау жасағысы келгендей өршелене түскен. Бірақ Ильич ескерткішін дер кезінде бітіру үшін табиғаттың дүлей мінезіне төтеп берген жұмысшылар жердің тоңын от жағып жылытып, динамитпен қопарды. Ызғырық суық желдің өтінде тұрып ағаш ұсталары қарағай бөренелерді жонып, сүргіледі. Ағаштан түйін түйген калугалық, рязаньдық, суздальдық хас шеберлер тәулік бойына тыным таппады. Түбіне жарық жөнді түспейтін терең жардың ішінде жұмыс та қиындай түсті. Жер қазушылар сонда да мойымады. Олардың айтатыны: «Күннің суықтығы қайтер дейсің! Бәрінен бұрын жүректі қарыған қайғы суығының зәрі жанға батады». Иә, адамдардың сүйікті Ильичке деген ыстық махаббаты барлық қиыншылықты жеңіп шықты. Белгіленген күні— 27 январьда— таңертең қарт Кремль қабырғасының жанынан ағаштан жасалған қара сұр Мавзолей бой көтерді.

Бұл Мавзолей қазіргіге онша ұқсамайтын. Шағын ғана

үш сатылы пирамидамен аяқталатын текшенің биіктігі шамамен үш метр. Жер астындағы ұлы адамның денесі қойылған азалы залға апаратын екі есіктің оң жақтағысынан кіреді де, сол жақтағысынан шығады. Сатылы етіп бой көтерген Мавзолей көсем идеяларының мәңгілік символы іспеттес. Сәулетшінің ойы Қызыл алаңның ансамбльдік сән-салтанатымен өзінше жарастық тапқан. Бір жарым айдың ішінде Ленинге 100 мыңнан астам адам келді.

Дегенмен монументті, архитектурасы жағынан көркем де келісті жаңа Мавзолей салу 1924 жылдың басында қайта қолға алынып, көп кешікпей 1 август күні еңбекшілерге өз есігін айқара ашты. Ағаштан салынғандықтан



Ленинге...

мұның да түпкілікті тұрмайтыны белгілі. Ал ұлы көсемге орнатылар Мавзолейдің мәңгі болуы барша совет адамдарын сонау бір азалы күндердің өзінде-ақ мазалағанды. Сонымен жан-жақты үлкен ізденістен дүниеге келген Лениннің гранит пен мәрмәрдан асқақтай бой көтерген Мавзолейі он алты айдың ішінде қайта тұрғызылды. 1930 жылғы 7 ноябрь мерекесіне арналған салтанат Ленин Мавзолейі алдында өтті...

Біздің әрқайсымыз данышпан көсемнің қайырымдылығы, мейірімділігі мен кішіпейілдігін, ұстамдылығы мен биік адамгершілігін жан дүниемізбен ұғып, оның парасатты да ұлы тұлғасына әрқашан бас иеміз. Мінеки, сүйікті Ильичтің бойындағы осындай ізгі қасиеттерді оның гранит Мавзолейі айқын аңғартады. Ол қарапайымдылық пен ұлылықты бейнелейтін ұлы адамның өзіндей мейірімді де мерейлі. Мавзолейге қараған сайын оның келісті сыртқы келбетінен алуан-алуан сыр түйгендейсің. Бір кемерден бір кемер сатылап биіктеп барады. Осының өзі-ақ үлкен ой айтып тұр. Ленин өлгенмен оның ісі, оның идеясы өлген жоқ, біз Ленин жолымен биіктен биікке өрлеп барамыз деп тұрғандай. Алып ғимараттың әр тасында осындай сыр мен сымбат әсем келісім тауып, ойыңды өрбіте, қиялыңды шарықтата түсері анық.

Мавзолейдің қоңырқай көрінісін ашық ал қызыл түс — революциялық тулардың түсі басып, келер күндерге болашаққа сеніммен бастайды.

ЛЕНИН. Көзге оттай басылар осынау қымбатты сөзді Қызыл алаңда жүрген нөпір халықтың — ұлан-байтақ елімізді мекендеген сан алуан ұлттардың, сондай-ақ әр құрлықтан келген шетелдіктердің аузынан естисің. Ардақты да қастерлі есім қара лабрадорға қызыл кварцитпен жазылған. Өте сирек ұшырасатын асыл-тас — лабрадорды Житомир облысындағы Головин карьерінен әкелген. Салмағы 60 тонналық монолитті 1148 шақырым жерден жеткізу оңай болған жоқ. Бәрінен бұрын лабрадорды алып келе жатқанда оның бетіне қылаудай сызат түсірмеу керектігі ерекше ескерілді. Асыл тасты ең жақын темір жол станциясы Горбашиге апаратын 16 шақырымдық төте жол шабындықты ми батпақ арасынан өтетін. Осы бір қиямет-қайым жол айрықша қажыр-қайратты болаттай беріктік пен төзімділікті талап етті. Арнайы жасалынған сегіз доңғалақты арбаға тиелген үйдей тасты екі «Коммунар» тракторы жималы жол арқылы сүйреді. Арба доңғалақтары батпаққа батып кеткенде қос тракторға қосымша бес тягач жегілді. Сөйтіп, сегіз шақырымды сегіз тәулік жүруге тура келді. Жолдың онан кейінгі бөлігі де оңайлықпен бас ие қоймағаны аян. Міне, сол лабрадор әлемге әйгілі даңқты есімді жұртшылыққа паш етіп, Мавзолей маңдайшасында жалтылдап тұр.

Иә, ұлы көсемнің ескерткіш ғимаратын тұрғызуға бүкіл ел құлшынды. Дүние жүзінің ешқандай жерінде кездеспейтін қызыл кварцит Карелиядағы Онега көлінің



жағалауынан жеткізілді. Мавзолейге пайдаланылған басқа да асыл тастар Отанымыздың әр шалғайынан тасылды. РСФСР мен Закавказьеден, Белоруссия мен Украинадан, Өзбекстан мен Түркменстаннан, Тәжікстаннан граниттің сан түрі әкелінді.

Қарт Кремльдің іргесінен бой көтерген Лениннің гранитті Мавзолейі бұрынғыдан да сәулетті, бұрынғыдан да салтанатты болып көз қуантты. Бүгінде ол бүкіл халықтық мерекелерде әскери парадтар мен еңбекшілер демонстрациясын қабылдайтын мемлекеттік трибунаға айналып отыр.

Ленин Мавзолейіне кіре берісте құрметті қарауыл — қолдарына карабин мылтығын ұстаған екі солдат тұр. Бұл — еліміздің негізгі № 1 күзеті! Әлемде бұдан асқан



Еліміздің № 1 күзеті

вахта жоқ. Кемеңгер көсеміміз мәңгі ұйқыға көз жұмған қаңтардың қақаған күндерінде-ақ еңбекші бұқара бірінен соң бірі құрметті қарауылға тұрған болатын. Содан бері алпыс жыл!.. Ғасырлар бойына тұратын № 1 күзеттің сақшылары да толқын-толқын буынға ұласа бермек.

Ленин Мавзолейінің тұңғыш сақшылары — Кремль курсанттары Г. П. Коблов пен А. В. Кашкин. Москва тұрғыны, отставкадағы генерал-майор Григорий Петрович пен Фрунзеде тұратын дербес пенсионер Арсентий Владимирович қырық жылдан кейін 1964 жылдың 17 сентабрінде құрметті вахтаға қайта тұрды. Жан тебіренерлік оқиға. 1941 жылдың күзінде Москва үшін шайқаста қаза болған қызыл армияшы Павел Ражев тұрған № 1 күзетте жиырма жылдан соң оның ұлы ефрейтор Юрий Ражев тұрды. Екі мәрте Совет Одағының Батырлары А. А. Головачев, А. И. Родимцев, С. Ф. Шутов өздерінің даңқты жауынгерлік жолын Ленин Мавзолейі жанындағы № 1 күзеттен бастады. Күзет ардагерлерінің арасында полковниктер мен генералдар да көп-ақ.

Осылайша даңқты жол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. 1935 жылдан бері көсем Мавзолейі жанындағы құрметті қарауылды Кремль солдаттары атқарып келеді.

Күн көсемнің дидарын көру — әркімнің асқақ арманы. Астанаға келген үлкен-кіші Қызыл алаңға, Ленин Мавзолейіне жеткенше асығады. Ал олар жалғыз емес-ау. Тіпті жүздеген де емес... мың-мыңдаған... Ленин Мавзолейінде әдеттегі күндері алты-сегіз мың, ал жексенбі күндері 15 мыңға жуық адам болады. Құшақ-құшақ гүл шоқтарын қояды. Міне, мұның бәрі пролетариат революциясының ұлы көсеміне деген шексіз сүйіспеншілікті айғақтаса керек.

БҰДАН бернеше жыл бұрын түсірілген осынау суреттер мәңгі естен шықпас сол бір командировканы күні кешегідей қаз-қалпында көз алдыма алып келген.

...Ұлы Жеңістің отыз жылдығы құрметіне орай ВЛКСМ Орталық Комитетінің шешімі бойынша еліміздің отыз мың комсомолеці Москвада Жеңіс туының жанында суретке түсті. Биік абыройға кенелген қазақстандық жастар бұл сапарда астана іргесіндегі алапат қан төгістер болған жерлерді де аралады.

Отанымыздың жүрегі — Москва түбіндегі кескілескен шайқастың жаңғырықтары мен іздері іспеттес — Волоколам тас жолы-бағытындағы түрлі ескерткіш-белгі, 41-шақырымда тұрған тұғырдағы танк, гитлершілдердің ең соңғы табаны тиген жердегі белгі... Бәрі-бәрі... тіпті қара жолдың қос қапталында ойға шомған қысқы орман да отты жылдар жайынан тіл қатқысы келеді-ау.

Енді міне, қарсы алдымызда — Волоколам, Нелидово, Дубосеково, Горюны, Гусенево,.. Тарих пен аңызға айналған географиялық атаулар. Нелидово деревнясындағы гвардияшы-панфиловшылардың қабіріне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойысымен көк өрім өрендер автобусқа отырмастан Дубосеково разъезіне жаяу тартты. Алыстан аңсап жеткен жастар өз жерлестері 28 панфиловшы батырдың өшпес ерлік жасаған жерінің иек астында екенін естігенде мүлдем тұра алмаған.

Айнала ақ көрпеге оранған. Шыршалы тоғай көз ұшынан бұлыңдайды. Ақпанның сақылдаған сары аязын елер ешкім жоқ. Қолымдағы «Киевтің» объективі мұздап сіресіп қалмасын деген оймен бөкебаймен орап, қойныма тығып алғам. Лек-легімен қаумалаған жастар Виктор Николаевич Уваровты жүргізсейші. Бір кездегі миномет ротасының командирі, запастағы майор сөйлеп келеді. Қарт жауынгер жанарын сонау көкжиекке қадаған қалпы, бір сәт үндемей тұрып та қалады. Тұс-тұстан қойылған сауалдар селі оның ойын отты жылдарға еріксіз шегіндірген еді. Ал зұлмат жаумен шайқасқан күндерді тебіренбей, толқымай еске түсіру қиын-ақ.

— Иә, фашистердің темір құрсаулы 50 танкісі тура осы тұстан лап қойды.— Ол артына бұрылып қолымен Нелидово деревнясының батыс жағын алып жатқан тоғайды көрсетті.

— Бірінен соң бірі шұбырған темір тажалдарға тосқауыл жасап, алпауыттардың ешқайсысын алға бастырмаған 28 панфиловшы қаһарманның ғаламат ерлігі де осы жерде жасалды. Ал саяси жетекші Василий Клочковтың: «Россия кең-байтақ, бірақ шегінер жер жоқ, артымызда — Москва!» деген сөзі, міне, мына окопта айтылған.

Осы мезет қазақстандық жастар бір минут тұрып, 28 панфиловшы-ерлерді еске түсірді. Олардың әрқайсысы алапат шайқас болған жердің суретін өздерінше көз




«Саяси жетекші В. Клочковтың Жер шарын шарлаған атақты сөзі тура осы окопта айтылған»

алдарына елестеткен. Ұлы Жеңістің алғашқы кілті болған мәңгі өлмейтін ерлік дүниеге келген Волоколам тас жолын жиектей созылған бөктердегі 28 гвардияшы-батырлардың бекініс окоптары, траншея, блиндаждары қазқалпында. Омбы қар астындағы № 1 және № 2 окоп жүлгеленіп жатыр. Қос окоптың арасына қойылған мәрмәр тақтадағы жазуды да бейжай оқи алмайтының анық: «Бұл жерде 1941 жылдың 16 ноябрінде 28 гвардия-

шы-панфиловшы батырлар Москва үшін шайқасты. Халқымыздың даңқты ұлдары фашистердің 50 танкісінің жолына тосқауыл болды. Шын жүрегімізден, мынау тіршілік атынан: Батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!»— дейміз.

Қасиетті жеріміздің сүйемдей пұшпағын жау табанына тастағысы келмеген жиырма сегіздің сом тұлғасы, кескін-келбеті шетінен елестеп өткендей... Айрықша қақаған қарашаның суық күндері, түтін тұманына бөккен ауа... Өрт пен оқ дәрінің аңқыған иісі... Тынымсыз гүрсіл мен жарылыс...



Қанды майдан болған жерден табылған оқтар

№ 251-биіктікте болған кездесулерді объективке іліктіріп алғанша асығамын. Талдықорған облысындағы Лепсі станциясының жұмысшысы Ескермес Ерденбаев пен осы облыстың Киров ауданынан келген сауыншы Бибікамал Әбдіқазымова қарт майдангер В. Н. Уваровтың

әңгімесін ынтыға тыңдауда. Ол әлгіндегі сөзін тағы да қайталаған: «Клочковтың әлемді шарлаған әйгілі сөзі тура осы жерде дүниеге келді». Бір ғажабы Бибікамал жиырма сегіз батырдың көзі тірісі, өзінің ауылдасы Киров поселкасында тұратын Иван Димидович Шадриннің қызықты да, тебіреніске толы әңгімелерін талай мәрте естіген. Енді міне, ол даңқты батырдың қаны төгілген, ғаламат оқиға өткен сол жерді өз көзімен көріп тұр.

...Дубосековоға кейіннен тағы да жол түскен. Бір кездегі қызыл гранит белгі тастың орнына 28 гвардияшы-панфиловшы батырлардың мәңгі өшпес ерлігіне арналған «Даңқ шебі» ескерткіш-тақта асқақтай бой көтеріпті. Әрқайсысының биіктігі он метрлік 6 жауынгердің алып тұлғасы Нелидово деревнясы жағынан келетін күре тамыр — Волоколам тас жолы бойынан да, Москва — Рига бағытындағы Дубосеково разъезі төңірегінен де көзге шалынады. Бірі винтовка, бірі граната ұстаған ұландардың барлығы Батысқа бет бұрған. Алыс көкжиектен жанар аудармаған қалпы қатып қалған олардың сұсты жүзінен ерліктің, өрліктің шынайы белгісін байқайсың.

Шайқас алаңы... Баяғы окоп... нақ өзі... Жаңбырмен еріген қар суы шайып, кеміре бергендіктен ордың қос қабырғасын бөренелермен өріп, табанына цемент құйыпты. Тас баспалдақтар еріксіз төмен жетелейді. Окоптың жыланша ирелеңдеген жықпыл-жықпыл сүрлеуі жабық блиндажға апарады. Іші қап-қараңғы, сыздың дымқыл иісі байқалады. Бәрі-бәрі... бұдан қырық жылғы қиян-кескі айқасты еріксіз көлбеңдетеді-ау. Күн құрғатпай легімен ағылып жататын адамдар үн-түнсіз батырлардың рухына тағзым етіп, бастарын иеді. Әр шалғайдан келген олардың қай-қайсысының жүзінен «Жиырма сегіз батырдың ерлік көрсеткен жері, осы!» дегенді жазбай аңғарасың.

СПУТНИК! Бұдан ширек ғасыр бұрын алғаш естіген осы бір сөздің мән-мағынасына үңіле бермейтін балықшы аулының балалары жеті қараңғы түнде жарты әлемді жап-жарық сәулесіне шомылдырып, жылжып бара жатқан домалақ денеге үрейлене қарайтынбыз. Бұрын-соңды көрмегендік болар, келе-келе көк жүзінде жарқырап жүзген алып шарды жиі-жиі тамашалап жүрдік. Балалық қиялымызға қанат бітіріп, ойымызды заңғарларға самғатқан «Спутник» деген жалғыз сөз аузымыздан түспейтін...

СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі «Космос» павильонының табалдырығын аттаған мезетте-ақ көз алдыма жоғарыдағы сурет елестеген еді.

Түрлі-түрлі спутниктер, жобалар мен нұсқалар... Космос корабльдері — «Восток», «Восход», «Союз». Автоматты станциялар — «Венера», «Луноход», «Салют», космоновтардың киімдері мен тағамдары... Бәрі-бәрі бірден баурап алған.


Космос дәуірі, космос ғасыры деген сөздер бүгінгі жасампаз өміріміздің ғажайып сипаттамасындай асқақ естіледі. Космос десе көңілге туған топырақ төсіндегі Байқоңыр келері де анық. Ал Байқоңыр космодромынан ғарышқа самғап жатқан советтік батырлар Ұлы Отанымыздың мақтанышы.

Адамзат баласының космосқа тұңғыш жол салғанына да ширек ғасыр. Осы уақыт ішінде совет космонавтикасы қол жеткізген жеңістер мен табыстар қиялмен парпар.

Павильонның үшкілдене бітер әйнекті зәулім күмбезінің нақ ортасына қойылған тұңғыш космос кемесі — «Востоктың» о жағына бір, бұ жағына бір шығып, кеткім келсейші! Жалғыз мен ғана емес-ау. Көрмеге келуші өзгелер де «Востокты» тамашалайды. Оның да сыры алабөтен. Бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген совет азаматы Юрий Гагариннің «Ал, самғадық!..» деген әйгілі сөзі осы корабльдің бортынан естілді ғой. № 1 космонавтың орбитада 108 минут болғаны баршаға мәлім. Бұл оқиға космос тарихында алтын әріппен жазылып қалды.


Ширек ғасырлық космос жолының өз баспалдақтары бар:

1957 жылдың 4 октябрінде ұшырылған Жердің тұңғыш жасанды спутнигінің диаметрі 58 сантиметр ғана



**«Космос» павильонының күмбезі**





Бүкіл одақтық Халық Шаруашылығы жетістіктері көрмесінде



Белгілі совет мүсіншісі Т. Мухинаның «Орақ пен Балға» ескерткіші

шар, салмағы — 83,6 килограмм. Жердің екінші жасанды спутнигі алғашқыдан алты есе ауыр, контейнерлер мен ғылыми аппаратура орналастырылған ракета ұшырғыштың соңғы сатысы еді. Саңылаусыз контейнерлердің бірінде сынау мақсатында Лайка атты ит болды. Ол — Жер бетіндегі орбитаға ұшырылған ең алғашқы тіршілік иесі...

Телеграф лентасындай тақ-тұқ мұндай деректерді үздіксіз соза беру еш мүмкін емес. Әр ғарыш сапарының өз жаңалығы, өз жетістігі бар. Леонид Попов пен Валерий Рюмин космоста 185 тәулік болса, Анатолий Березовой мен Владимир Лебедев космонавтика тарихындағы 211 тәуліктік ең ұзақ ұшу сапарын аяқтап, 1982 жылдың 10 декабрінде туған Жерге аман-есен оралды.

«Космос» көрмесі... Бейне бір жұлдызды әлем дерсің. Тебіреністі сәтте көкейге келгені:

— Иә, Байқоңыр космодромынан ғарышқа әлі талай-талай сұңқарлар самғай береді!

## ДОСТЫҚТА ЖОҚ ШЕКАРА

...АРУ АСТАНА түні шымылдығын түсіріп, көк күмбезіне жұлдыздарын жамыратқан шақта көтерілген әуе сұңқары бір орында тұрып қалғандай. Ұшқыр лайнердің аспан аясында қалқығанына да төрт сағат. Күбір-күбір басылып, салон ішін тыныштық билеген. Осындайда жүректі алып ұшырған ерекше сезім тұңғыық ой орманын шарлатады-ау.

Қиял құсы Революция бесігінің көгілдір Нева жағалауын аралап кеткелі қашан. Мыңдаған шақырым шалғайда жатқан Ленинградпен жүрегің бірге соғып, қатар тыныстағандай ғажайып күй кешесің. Міне, бұл жүректерді жалғаған ұлы достықтың құдіретті күші болса керек. Қазір де бұрын-соңды табаның тимеген жердің көзге оттай басылар суреттері тізбектеліп, жанарыңның алдында көлбеңдейді. Толқыннан маржан моншақтар шашқан Нева сылдыры, арындап көкке ұмтылған «Мыс салт аттының» сұлбасы, Смольный мен Қысқы Сарайдың асқақ бейнесі, зәулім мұнаралар... Ең ақырғы Ленинградтың символына айналған ашпалы алып көпірлер мен

көше шырақтарына дейін қаһарман қалаға жеткізгенше ынтықтырған. Сөйткенше қону алаңына құлдайған күміс қанат астынан жарқ-жарқ жымыңдаған Нева оттары қол бұлғап шыға келді.

Мың-сан аспан шырақтары жерге түсіп кеткендей, зеңгір көктен бірде-бір жұлдызды іздесең таппайсың. Мінеки, Ленинградтың ақ түні бізді осылайша қарсы алған.


Көсем қаласының әр көшесі, әр алаңы, әр бұрышы көңілге ыстық. Мұның да жөні бар. Қаланың революцияшыл жұмысшы табы мен қазақ халқының туысқандық достығының тамыры тым тереңде. «Аврораның» ғаламат дабылынан бастау алған достық арналары — сан тарау. Бүгінгі таңда ленинградтықтардың қолтаңбасын Советтік Қазақстанның кез келген тұсынан көресің. 1933 жылғы 5 майдағы «Ленинград пролетариатының Қазақстанға өндірістік-техникалық қамқорлығы туралы» шартында да Нева жағалауындағы қала еңбекшілеріне көрсетер көмегі мен қамқорлығының алуан бағытта жүргізілетіні айтылған.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары, социалистік құрылыстың соғыс алдындағы дәуірі, соғыс және одан кейінгі халық шаруашылығының қайта қалпына келтіру, коммунистік құрылыстың қазіргі жарқын дәуірі Ленинград жұмысшыларының Қазақстан еңбекшілерімен достығын бұрынғыдан бетер нығайтып, шыңдай түсті. 1934 жылдың өзінде ғана Қазақстан өнеркәсібін өркендетуге көмек ретінде ленинградтықтар 3,5 миллион сомның машиналарын, жабдықтары мен түрлі техникасын жіберді. Ал соғыстың алдындағы бесжылдықтарда республикада салынған барлық электр станциялары Ленинградтың «Киров» заводы, «Электросила», «Электроаппарат», В. И. Ленин атындағы Нева заводы секілді ірі-ірі өндіріс ошақтарында дайындалды. «Гидроэлектропроект» тресінің ғалымдары Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы, Шығыс Қазақстанның өзендеріне салынған су-электр станцияларының Алтай жүйесіне арнайы жобалар жасап берді. Сондай-ақ ленинградтық жұмысшылардың, инженерлердің қолтаңбаларын Қарағандының Орталық электр станциясынан, Ульба ГЭС-інен, «Прибалхашстрой», «Чимкентсвинцецстрой» трестері құрылыстарынан табасыз. Жезқазған мен Қарсақпайдың құрылысында Нева жағалауынан келген 60 инженер-техник ерен еңбектің үлгісін көрсетсе, Шымкент қорғасын заводының құрылысында



Сарай алаңында


Ленинград комсомолиясының өкілі — 115 монтажшы алау жастыққа тән істерімен көзге көрінді. Қарағандының, Риддердің, Балқаштың, Жезқазғанның, Ақтөбенің, Семейдің жұмысшы жастары Ленинградтың өнеркәсіп



### Мыс салт атты

орындарында болып, тәжірибелі маман жұмысшылардан индустриялық еңбек шеберлігін үйренді.

Соғыстың отты жылдары Ленинград пен қазақстандықтардың арасындағы ежелгі достықтың болаттай беріктігін бүкіл әлемге тағы да паш етті. Қазақстандықтар құрсауда қалған Ленинград қаласын азат етуге бірінен соң бірі ағылды. Жыр алыбы Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өрендерім!» деп бүкіл қазақстандықтардың атынан өз үнін жолдады. Рота парторгы, аға сержант Сұлтан Баймағамбетов Ленинград майданының шешуші секундында дзот амбуразурасын денесімен жапты. Сөйтіп, жүрек жұтқан қазақ жауынгері ленинградтықтарға деген мәңгі сүйіспеншілігін көрсетті. Шығыстың батыр қызы Әлия Молдағұлова ленинградтық жауынгерлермен тізе қосып соғысты. Осы тұста жазушы Илья Эренбургтың



Революция штабы — Смольный

Ленинград түбінде тұтқынға түскен неміс солдатымен әңгімесі еріксіз еске түседі. «Бізге қарсы қорқынышты солдаттар шайқасты,— деді ол.— Оларды ешқандай оқ тоқтата алған жоқ. Кейіннен маған бұлардың қазақтар екенін айтты. Мен бұрын мұндай халықтың бар екенін білмейтін едім...»

Міне, бүгінде сол отты жылдарда шыңдалған ұлы достықтың нұрлы шұғыласы қазіргі сәулетті өмірімізді бұрынғыдан да нұрландыра түскен. Ленинград — Киров заводы мен Павлодар трактор заводы арасындағы өзара достық байланыс осы бір жарқын істің жалғыз ғана жарқылындай болса керек.

## РЕВОЛЮЦИЯ БЕСІГІ

ҰЛЫ ОТАНЫМЫЗДЫҢ бас қалаларының бірі — Ленинград бүкіл әлемге әйгілі. Өзіне тән кескін-келбетімен, архитектуралық айшықты ансамблімен дараналар Революция бесігі дүние жүзінің кез келген ең үлкен, ең әсем шаһарларымен иық тіресе алады. Нева жағалауындағы осынау әсем қалада бүгінде бес миллионға жуық адам тұрады. Сәулет өнерінің ең үздік үлгісімен салынған сәнді ғимараттар — театрлар, музейлер, стадиондар қашан да өзіне шақырады. Мұнда 41 жоғары оқу орны, 16 театр, 47 музей, 801 кітапхана бар. Ал атақты Эрмитаждың көрме залдарымен жіті танысып, экспонаттарын егжей-тегжейлі тамашалауға екі-үш апта уақыт кететіні баршаға белгілі.

Ленинградтың көпірлер қаласы аталуы да тегін емес. Қаланы иір-иір шарлаған Нева өзені мен Фонтанка, Грибоедов каналдары бойындағы көпірлердің ұзын саны төрт жүзге жуық. Сол алуан көпірлердегі бір-біріне мүлде ұқсамайтын нәзік нақыштар, әсем ою-өрнектер, ғажайып бейнелер еріксіз назар аударады. Ал әр көпірдің өз тарихы, өз аты бар...

Революциялық өмірбаяны мол қаһарман қаланың әр тасы тарих шежіресіндей тіл қатады.

1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрь) таңертең «Аврораның» радиостанциясы Владимир Ильич Ленин жазған «Россия азаматтарына!» деген үндеуін тұңғыш хабарлады. Сол күні 21 сағат 45 минутта «Аврора» Петропавл қамалынан алдын ала келісілген шартты белгі бойынша зеңбіректен оқ атып, Қысқы сарайға шабуыл жасады. Сөйтіп, крейсер матростары Қысқы сарайды алуға қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының қасиетті ескерткіші саналатын «Аврора» музей-крейсерінің табалдырығын аттаған сәтте ең бірінші ойға оралғаны әуелден білетін осынау даңқты оқиға еді.

— Иә, Отанымыздың жүрегі — Москваны Кремльсіз, Қызыл алаңсыз, ал Октябрь бесігі — Ленинградты Смольныйсыз, «Аврорасыз» елестете алмаймыз. Смольный — ХХ ғасырдың ең басты оқиғасын дүниеге әкелген революция штабы. Кемеңгер көсеміміздің Петроградтағы өмірі мен қызметіне тікелей қатысты қастерлі орындардың шоқтығы саналатын Смольныйға тұңғыш рет 1917 жылдың 24 октябрь күні түнде келді. Содан В. И. Ленин келер




жылдың мартында Совет үкіметі Москваға көшірілгенге дейін осында ғаламат ойларын жүзеге асырды.


Аты аңызға айналған «Аврора» крейсері Азамат соғысынан кейін жауынгерлік-оқу кораблі міндетін атқарды. Оның бортында жоғары әскери-теңіз училищелерінің курсанттары тәжірибе-сынақ сабақтарын өткізді. Совет Әскери Теңіз-Флотының болашақ командирлері ұзақ теңіз жорықтарына шығып, өз мамандықтарын жан-жақты шыңдауға мүмкіндік алды. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында «Аврораның» Ораниенбаум қаласындағы қазіргі Ломоносов портында тұрғанын кейбіріміздің білмейтініміз анық. Осы жерден ол фашистерге қарсы зеңбіректен оқ жаудырды. 1948 жылы жөндеуден өткізілген даңқты крейсер Ұлы Октябрь ескерткіші ретінде көгілдір Неваның Петроград жағалауына мәңгіге қойылды.

1956 жылдан бері корабльде Орталық әскери-теңіз музейінің филиалы жұмыс істейді. Бес залдағы мыңдаған экспонатты тебіренбей көру, толқымай танысу мүмкін емес. Әйгілі крейсердің шежірелі тарихы — революциялық, жауынгерлік еңбек өмірбаяны болып сыр шертер түрлі деректер мен суреттер...

«Новое Адмиралтейство» кеме верфінде 1897 жылдың



Нева жағалауында



### Даңқты крейсер «Аврора»

23 майында I-рангалы крейсер жасау қолға алынды. Оның құрылысына тәжірибелі инженер К. М. Токаревский жетекшілік еткен. Жаңа ғасыр таңында 1900 жылдың 11 майы күні кеме салтанатты жағдайда суға түсірілді. Сол кездің өзінде асқан көрегендікпен корабльге «Аврора» атауы (ежелгі Рим мифологиясындағы Аврора адамдарға жарық әкелуші, таң шұғыласының құдайы) берілген.

Музей залдарын аралаған сайын көп естімеген соны деректерге жолығасың, Өмірбаянның беймәлім парақтарындай ерекше әсерге бөлейді. Мына бір үлкен карта-схемада «Аврораның» Солтүстік және Жерорта теңіздерінде, Атлант пен Үнді мұхиттарында, шетелдік порттарда Ява мен Суматра аралдарында болғандығы бейнеленген... Ал ғасырлар бойы торлаған қара түнек бұлтты ыдыратып, арайлы шұғыла нұрын сепкен 6-дюмді зеңбірек

пен радио станцияны әркім-ақ алақанымен сипап көргісі келеді. Жер шарының әр шалғайынан шыққан жол үнемі Нева үстіндегі музей табалдырығында тоқайласып жатады.

«Аврораның» Ленин каютасындағы 1924 жылдың 1 июлінде тұңғыш рет пайда болған «Лебіздер кітабы» өте қарапайым. Оқушы дәптерінің елу бетінен ғана түптелген бұл шағын кітапқа Совет Одағының елшісі А. М. Коллонтай ең алғашқылардың бірі болып өз қолтаңбасын түсірген екен. Міне, содан бері де талай жылдар тарих парағына айналды. «Лебіздер кітабы» бірнеше томдар басын құрап отыр. Оларды оқып шығуға да апталаған уақыттың кететіні сөзсіз. Алуан елдің тілінде толтырылған ғажайып кітаптан түрлі әріптер мен таңбаларды, иероглифтер мен белгілерді көресің. Әр жастағы, сан мамандық иелерінің жүрекжарды сөздері... Ақ пейілді ниеттері... Қай-қайсысы да жан толқытады, тебірентеді, ойға шомдырады... Рақатты күйге бөлеп рухтандырады. Халық комиссары А. В. Луначарский, неміс пролетариатының көсемі Эрнест Тельмен, Париж коммунасына қатысушы Густав Инар, әлемдегі тұңғыш космонавт Юрий Гагарин, үш мәрте Совет Одағының Батыры авиация маршалы А. Покрышкин, Карл Маркстің шөбересі Поль Лонге, Куба Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Фидель Кастро, Чили Коммунистік партиясының Бас секретары Луис Корваланның ұлы Альберт Корвалан, қазақстандық ақын Олжас Сүлейменов, алматылық архитектор Мәлік Оспанов... туған республикамыздан келген қарапайым еңбек адамдарының да қолтаңбаларын көресің. Олар — целиноградтық диқан, қарағандылық турист, талдықорғандық оқушы, екібастұздық шахтер, жамбылдық шопан... Мың-мыңдаған автографтардың арасында Вьетнамнан, Монғолиядан, Үндістаннан, Италиядан, Канададан келген туристердің де лебіздері бар.

Балғын бөбектің ірі-ірі әріптермен толтырған тілек-лебізін сол күйінде келтіргенді жөн көрдік: «Мұнда Лена мен Дима екеуіміз әке-шешемізбен бірге келдік. Біз «Аврораның», Бейбітшілік пен Күннің мәңгі тұратынына сенеміз!»

Қазіргі таңда Жер шары үстінде алаулаған Октябрь Туының тұңғыш рет «Аврора» төбесінде желбірегені қандай қуаныш, қандай бақыт!

## НЕВА — ЕРТИС АРАСЫ

КӨГІЛДІР Нева мен қара Ертістің арасы мыңдаған шақырым жерді алып жатыр. Шалғайлығына қарамастан осы қос өзеннің арасын жалғастырған жол жүректерге әрдайым қуаныштар, жақсылықтар сыйлаумен келеді. Достықтың терең тамырына айналған жақсы дәстүрдің қайнар бастауы — Нева мен Ертіс жағасында бой көтерген трактор алыптары екені баршаға аян...


«Кировец» тракторларын шығаратын заводтың табалдырығын аттаған сәтте көз алдымызға шексіз де, шетсіз көсіліп жатқан шалқар дала суреті көлбеңдеген. Қыр төсін еңбек дүбіріне бөлеген дала алыптары қаздай тізіліп, бір белден бір бел асып барады. Қара жердің қыртысын тіліп түскен қыз бұрымындай тартылған жал-жал бордалар... Алмас түрендерін күн нұрына шағылыстырған «Кировецтер» ертеңгі молшылықтың берік негізін қалауда. Ал темір тұлпар тізгіндеген механизаторлар тәулік бойына бір бел шешпейді-ау...

Алты орденді «Киров заводы» өндірістік бірлестігі бүкіл әлемге әйгілі. Халық шаруашылығының сан алуан саласы үшін өнім өндіретін бұл завод еліміздегі ең ірі машина жасау және металлургиялық орталық болып табылады. Ұлы Октябрь жеңісі сыйлаған ондаған жылдар жемісін бірер ғана деректермен бейнелесек те жеткілікті. Ол — не бары жиырма аттық күші бар өте қарапайым «Фордзон-путиловецтен» қазіргі үш жүз аттық алып «Кировецтер». Осынау тракторларды бүгінде күн шұғылалы Советтік Қазақстанның кез-келген түкпірінен кездестіресің. Сондай-ақ, ол — «Қырым» тәрізді танкерлер мен «Арктика» секілді атом мұз жарғыштарына арналған аса қуатты турбиналар.

Көсем атындағы қаланың трактор жасаушылары жасап шығарған алғашқы тракторлар туған республикамызға сонау жиырмасыншы жылдарда жеткізілді. Завод музейінде сақталған «Правда Востока» газетінің 1929 жылғы 2 август күнгі санында жарияланған материалда «Фордзон-путиловецтер» Орта Азия мен Қазақстанның ауыл шаруашылық еңбеккерлеріне көмекке келді» деп жазылған. Мақаланың әр жолы көңілге айрықша жылылық ұялатады.

Осы деректің өзі мыңдаған шақырымдағы Ленинград трактор жасаушыларымен қазақстандықтардың достық

байланысының тым тереңде екенін айғақтайды. Бұдан алпыс төрт жыл бұрын РКП(б) VIII съезінде В. И. Ленин қиялдай көрінген өз арманы — ауыл шаруашылығына бірінші класты жүз мың трактор беруді айтқаны бәріміздің есімізде. Қазір біз көсем арманының салтанат құрғанына шексіз қуанамыз. Бүгінгі трактор өндірісінің қуатын кешегі күнмен салыстыру әсте мүмкін емес. Тек өткен оныншы бесжылдықта кировтықтар алты жүз мың қыр алыбын шығарды. Ұлан-байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінен екі жүз мыңнан астам «Кировецті» көруге болады. Бұл тракторлардың алтын дәннен миллиард тауын



Павлодардың бүгінгі бейнесі

тұрғызып жүрген Қазақстан диқандарының сенімді қолғанатына айналғалы қашан?! Осы орайда есімі бүкіл елімізге белгілі қазақстандық даңқты механизатор. СССР Жоғарғы Советінің депутаты Кәмшат Дөненбаеваның мына сөздері еріксіз ойға оралады: «Қазақстаннан шалғай жатқан Нева жағалауынан тікелей өз атыма жіберілген «К — 701» тракторын алған кезде тағы да қуанышқа бөлендім. Ленинградтық бауырлар, Киров заводының жұмысшылары осындай тамаша сыйларыңыз үшін қазақша айтқанда, мың да бір рақмет!» Сондай-ақ, ленинградтық Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбектегі бақытын Қазақстан тыңында тапқан Социалистік Еңбек Ері

И. И. Ивановқа есімі жазылған «К—701» тракторының заводтың орталық алаңында салтанатпен тапсырылуы шынайы достықтың жарқын көрінісін бейнелейді.

Тамаша дәстүр өз аясын үздіксіз кеңейте бермек. Партия мен үкіметіміз трактор жасаушылардың алдына аса жауапты, өте маңызды міндет қойып отыр. Таяу жылдарда Павлодар трактор заводында «К-701» тәрізді тракторлар шығарылмақ. Ленинградтық конструкторлар мен инженерлер осы мақсаттағы алғашқы шараларды дер кезінде қолға алды. Павлодарлық трактор жасаушыларға үнемі көңіл бөліп отыратын олар өздерінде қуаты үш жүз отыз аттық «К-701» тракторының бесеуін арнайы жасаған еді. Бұл тракторлардың үшеуі Кубаньда, ал екеуі Солтүстік Қазақстанның машина сынау станцияларында мемлекеттік байқаудан өткізілуде.

Міне, мұның өзі кешегі тұлпар тұяғы дүбірлеткен қазақ жерінің аз уақыт ішінде «ағаш соқадан — алып тракторлар» өлкесіне айналғанын айғақтайды. Ертіс бойында бой көтерген Павлодар трактор заводының территориясының өзі-ақ көп жайды аңғартады. Әрқайсысының аумағы ат шаптырым жерді алып жатқан цехтар мен түрлі корпусстар біріне-бірі ұласып жатыр. Әр цехтың тіршіліктіңынысымен жан-жақты танысып шығуға әжептәуір уақытыңның кетері анық. Сондықтан да завод жүрегі саналатын бас конвейерге кірдік.

Цехтың іші қайнаған қызу еңбек. Үлкенді-кішілі транспортерлер мен аспалы көтергіштердің бірқалыпты әуезді зырылы. Шаң-шұң темір даусы. Әр бөлшекті, әр тетікті тиісті орнына бекіткен адамдардың қимылдарына көз ілеспейді. Алғашқы қос шомбал біліктен басталған трактордың нобайы бірте-бірте зорайып, тұлғалана түскен. Киноленталардан ғана таныс трактор жасаушылардың өмірі әуелден баураған еді.

— Ертістегі трактор алыбының тарихы сонау бір тың көтерген 1956 жылдан басталады,— деп В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы өндірістік бірлестігінің бас инженері В. Т. Чава әңгіме ербітті.

— Алғашқы жылдары біздің кәсіпорын комбайн мен тоңазытқыш шығаруға бейімделген-ді. Заводтың көз алдымызда қаз тұрып, қысқа мерзімде одақ көлеміне танылуы қай-қайсымыздың болсын мақтанышымыз. Бұдан ондаған жыл бұрын завод цехында болашақ қазақстандық тракторға арналған ең алғашқы жеті түрлі бөлшектің жасалғанын көргендегі көңіл-күйді айтып жеткізу

еш мүмкін емес. Сондағы қуанғанымыз-ай! Кәсіпорын өміріндегі елеулі әр оқиға ұмытылмастай жадымызда сақталған. Соның маңыздысы—1968 жылдың 12 авгусы. Заводтың бас конвейерінен «Қазақстан» атты төрт трактор шыққан бұл күн республика өнеркәсібінің тарихына алтын әріптермен жазылды ғой.

Павлодар трактор жасаушылары бүкіл елімізді елең еткізген осы оқиғадан кейін не бары екі жыл ішінде «Қазақстан» тракторын топтап шығарудың технологиясын толық игерді. Жас заводты бірер жыл төңірегінде отандық озық техникамен жарақтандырылған алып кәсіпорындар қатарына тұрғызуда барлық одақтас республикалар еңбекшілері өкілдері туысқандық көмектерін көрсетті. Ал алыстағы Нева трактор жасаушыларымен өзара достық байланыс сол бір сын сәттерден бастау алса керек. Иә, бауырлар құшағы, бауырлар қолтаңбасы қашанда ыстық-ау... Биіктен-биікке көтерген де сол берік достықтың тегеурінді серпіні...

Республика мақтанышына айналып отырған Ертіс бойындағы заводтан биылғы көктемде бес жүз мыңыншы трактор шықты. Павлодарлық трактор жасаушылардың алдағы алар асулары мен биік межелері де көп жайды аңғартады. Бұрынғы «ДТ-75» тракторы қайта жаңартылуда. Болашақта «К-701» қуатты тракторлары күн дидарлы республикамыздың өзінен шығарылмақ. Маңызды міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін павлодарлықтар қазірден қажырлылық көрсетуде. Бұл күнде олар қазақстандық «К-701» шығатын заводтың құрылысын қызу қарқынмен жүргізіп жатыр. Кең көлемдегі әлеуметтік іс-шаралар да жүйелі әрі сан-салалы бағытта жүргізілуде...

Қара Ертістің әсем иінінде асқақтай бой көтерген трактор жасаушылардың Мәдениет сарайы кешкілік бұрынғыдан бетер құлпырып, жайнап кетеді. Трактор жасаушылар өздерінің жұмыстан кейінгі бос уақыттарын көбінде осында өткізеді. Алуан ұлт жастарының күміс күлкісі, музыканың әсем әуені түннің бір уағына дейін ұласады. Мәдениет сарайынан шыққан жұмысшылар жасыл желек көмкерген гүлзардың арасымен қайтып барады. Гүлзар бойын қуалай әдемі орнатылған Ленинград көшелеріндегідей алты қырлы шырақтар көгілдір Неваның самаладай жарқыраған оттарын елестетеді. Сәулетшілердің үздік қиялынан туған тамаша ғимараттар осы бір тұстан тым асқақ, тым сұлу көрінеді.

РЕВОЛЮЦИЯ БЕСІГІНЕ жол түсе бермейді. Сондықтан Нева жағалауындағы қаламен егжей-тегжейлі танысқан жөн. Бәрінен бұрын мыңдаған шақырым шалғайдан арнайы келгенде Жамбыл ата көшесін көрмей кету...

Көлденең қиылысқан көше бойындағы сұрғылт тас үйдің іргесіне кідіргенім сол:

— Іздегенің қай көше еді?— деді дауыс.

Қарсы алдымдағы шашын күміс қырау шалған биязы үнді әжейді бірден шырамыттым. Ең бірінші тілдескен адамым. Әлгінде қала орталығымен танысудың жөн-жосығын осы кісіден сұрап білгенмін. Сонда көмейіме жетіп келген басты шаруамды ішке бүккен күйі қала бергем. «Қалада не көп, көше көп? Қайсыбірін біле бермек...»

— Жамбыл көшесін білесіз бе?

— Білемін. Түу баста неге сұрамадың, қарағым? Бос әуре болмас едің,— деп әжей де мені танығанын білдіріп жатыр.— Мына Фонтанканы жағала — бес-алты көше. Әйтпесе метроға түсе сал. Лып етіп жетіп барасың.

— Көп рақмет! Қаламен танысқаным дұрыс болар, қазір тауып аламын ғой.


Әжей сілтеген көшемен ілгері тартып келемін. «Фонтанка жағалауы» аталатын бұл көше қаланың негізгі күре тамыры іспетті. Жағалауын қызыл гранит тастармен биіктете өрген өзеннің қос қапталы бірдей жарысқан үлкен көше. Көше сайын, бұрылыс сайын — көпір. Ал көпірлерді көмкерген шойын өрнек-бедерлер бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Фонтанкада ақ көбік жолақ қалдырып ерсілі-қарсылы зуылдаған ұшқыр қайықтар мен «Метеорларда» тыным жоқ.

Көшенің шежірелі тарихы да жиі-жиі тіл қатып қояды.

«Кезінде бұл үйде декабристер бас қосып тұрған», «Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин өз өмірінің бірнеше жылдарын осы үйде өткізді», «Большевиктер баспаханасы», «В. И. Ленин болған үй», «Лениздат», Ленинградтың академиялық үлкен драма театрының ғимараты... Бұл тізбек үлкен көшенің екі жағына алма-кезек ауысып жүре береді, жүре береді. Бір ғажабы мұның бәрін ешкім арнайы айтып, түбегейлі түсіндірген емес. Жол-жөнекей кездескен ескерткіш-тақталар мен белгілердің өздері-ақ сөйлеп тұр...

Осындай алақандай ғана тас тақтадағы бедерлі жазу





### Жыр-плакаттар ілінген Ленинград көшелері

алып-ұшып келе жатқан жүректі ғаламат тебіреніске түсірген. Жазуды әлденеше рет оқыдым. «Неміс фашистерінің снаряды опырып кеткен». Белгі-тақтаның орнатылған жері де көңіл толқытады-ай! Қаланы мың ораған Фонтанка өзенінің үстімен өтетін орталық көше бойындағы көпірдің гранит жақтауының опырыла ойылған тұсына шегеленген. Көпір үстіндегі адамдар шоғыры сәл сәтке сейілсейші. Ерсілі-қарсылы өтіп бара жатқан адамдар еріксіз мойын бұрады. Жалғыз ауыз сөзді жарыса оқиды. Үлкен де, кіші де күбірлейді. Тағы да оқиды...

Алыста қалған сонау сұрапыл жылдар мен қаһарлы күндер Жамбыл атындағы көшеде қайта жаңғырған. «Жамбыл көшесі» деген сөз көзге оттай басылды. Әр үйдің маңдайшасына, әр үйдің бұрышына көрнекті етіп

ілінген екі ауыз сөзге көз жүгірте көшені бойлап келемін. Іркес-тіркес асқақтаған зәулім үйлердің көне тас кірпіштері ежелгі көшелердің бірі екендігін аңғартады. Соңғы архитектуралық үлгімен бой көтерген көп қабатты үйлердің көше бет ауласындағы кіші-гірім саябақта қатар-қатар орындықтар тізілген. Шуақтағы орындықта екі кемпір өзара әңгіме шертіп отыр.

Апыл-тапыл басқан екі-үш бүлдіршін топ-топ кептерлерді қуалап мәз. Пыр етіп көтерілген көгершіндер үйіріліп, сонадайға қайта қонады. Сырттай бәрін бақылап тұрмын.

Осы көшенің қай тұрғынымен сыр өрбітсем екен деп тұрғанымда, арғы бетте кеудесінде колодкасы жарқыраған жүрісі ширақ үлкен кісіні көріп қуанып кеттім. «Соғысқа қатысқан болар»,— деп ойладым іштей.

— Сәлематсыз ба? Сәл кідірмес пе екенсіз?..

— Жәйша ма?— деп күлді ол.

— Сіз осы көшеде тұрасыз ба? Аты-жөніңіз?


— Петр Александрович Говорин,— деп ол қолын ұсынды. Біздің Жамбыл көшесі шағын болғанымен «Фонтанка жағалауын «Заградный» проспектісіне қосып жатыр. Көшенің басталар тұсында көлденең тұрған үлкен ғимарат — академиялық драма театры. Ал ана бір қыз-жігіттер кіріп-шығып жатқан үй № 122-кешкі жастар мектебі. Бұл көшеде бұдан басқа да толып жатқан мекемелер бар. Москва полиграфиялық институтының Ленинград филиалы, Темір жол транспорты өнеркәсібі Ленинград территориялық бірлестігі, түрлі азық-түлік дүкендері, «Тройка» рестораны да осы көшенің бойына орналасқан.

— Жамбыл Жабаеты білетін боларсыз?..

— Неге білмейін, ол кісіні танимын да. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім!» атты әйгілі елеңін соғыстың отты жылдарында жатқа айтып жүрдік қой.

«Ленинградтық өренім!  
Мақтанышым сен едің!  
Нева өзенін сүйкімді,  
Бұлағымдай көремін»,—

деген елең жолдардың жүрегімізге өшпестей жазылғаны аян. Тоғыз жүз күн құрсауда қалған қаһарлы қаланың жау жүрек қорғаушыларына қажымас қайрат, жасымас жігер, ғаламат рух берген де осы бір жалынды шумақтар! Ал ол рух мәңгілік еді! Жамбыл жыры Ленинградтың бүкіл көшелерінде плакат болып, үлкен суретімен қоса ілінге-



Жамбыл көшесінде

ні бүгінде баршаға белгілі. Әлгінде оны танымын дегенім де осы болатын.

Петр Александрович екеуіміз ежелгі таныстарша лезде шүйіркелесіп кеттік. Он жетісінде өз еркімен Смоленск облысындағы Язма станциясынан майданға аттанған ол талай-талай қиындықтарды бастан кешірген екен. Оның омырауындағы «Отан соғысы», «Қызыл ту» ордендері мен ондаған медальдары от кешкен жылдардың белгісіндей жарқырайды. Қарт майдангер әлі де еңбек сапында. Куйбышев аудандық тұрғын үй басқармасына қарасты № 3 тресте жұмыс істейді. Оның ұлы әкенің ерлік ісін бейбіт өмірде жалғап жур. Александр Антарктиданы зерттеуге қатысқан «Полюс-24» ғылыми-зерттеу экспедициясында болыпты. Қарт майдангерді қоштасарда ескерткішке суретке түсіріп алдым.

Көшенің келесі басында тұрмын. Топ-топ кептерлерді қуалаған кішкентай бүлдіршіндердің ойын қызығына әбден түскені анық байқалады. Пыр-пыр ұшып қонған кептерлер көше аспанында тынымсыз қалқиды.

**КӨГІЛДІР ТАУЛАРДЫҢ** қолтық-қойнауын қуалаған асфальт жол мың бұралып, заңғарға өрмелейді. Жол асқақтаған сайын қарт Памирдің ұшар басын күн сүйген мұзарт шыңдары тым жақыннан қол бұлғайды. Тасты тіліп түскен таспа жолдың кей тұстары тіп-тік құз шыңырауды жағалап өтеді.


Көкпеңбек реңкі көк жүзімен астасқан беткей-беткейді қоныстанған ақ шаңқан ауылдар біріне-бірі ұласады. Ұзындығы 524 километрге созылған Вахш өзені алыстан көз тартады. Ағыны аса қуатты тау өзеніне мыңдаған жылдар бойына ешқандай күштің билік жүргізе алмағаны анық. Жол-жөнекей кесе-көлденеңдеп шыға келген тау-тастың өзін алмастай тіліп, тек ілгері ұмтылатын өзеннің асау аңғарын табиғаттың тылсым күші де бөгей алмады. Жер сілкінісінен пайда болған тас тосқауылды бұрқ-сарқ қайнаған күйі жуып-шайып, я болмаса ұрымтал тұсынан оп-оңай тесіп шыға келеді. Міне, су мамандарын мазалаған да Вахштың осынау мінезі. Олар сан ғасырлардан бері тізгін ұстатпаған тентек өзеннің халық мүддесіне қызмет етуін ойластырды. Ақ парақ бетіндегі қым-қиғаш сызықтар, түрлі түсті таңбалар, мыңдаған гектарға толқыған астық теңізі, қалалар мен қыстақтардың аспанында жарқыраған нұр теңізі боп елестеді.

Адам ойынан құдіретті ештеңе жоқ-ау! Кешегі бұлдыр қиял кешікпей шындыққа айналды. Ағысының күштілігі жағынан Вахш ұлы өзендердің бірі — Волгадан әлденеше есе асып түседі. Міне, басын мұзарт шыңдардан алған осы долы өзенге бұғалық түскелі қашан...

— Вахшта бой көтерген су-электр станциясының атақ-даңқы бүкіл елімізге лезде тарап кетті. Бүкіл одақтық екпінді құрылыс деп жарияланған алғашқы күннен бастап, Нүрекке Отанымыздың түкпір-түкпірінен сан алуан мамандық иелері ағылып келіп жатты. Әрине, жүрек қалауын білдірушілердің дені — жастар. Алып құрылыс алаңында айрықша қарқынмен еңбек көрігін қыздырған алуан ұлттың өкілдері сапында қазақстандықтар да тер төкті. Құрылысшылар, электриктер, гидрологтар, монтажшылар өздеріне жүктелген қай жұмысты болмасын асқан жауапкершілікпен атқара білді. Электр станциясының бірінші кезегі 1972 жылы іске қосылып, өнім бере бастады. Советтік энергомашинаның ең таң-

даулысы қатарына жататын тоғыз агрегаттың соңғысы мерзімінен бұрын КПСС XXVI съезі қарсаңында іске қосылды,— дейді инженер Валерий Мигуренко қарсы алдымызда көсіліп жатқан Тәжікстанның энергетика жүрегі — Нүрекке көз тастап.

Жігіт ағасы жасына жеткен инженердің әр сөзі, жайма-шуақ мінезі бірте-бірте баурап алған. Су станциясының жалпы қуатын, ондағы агрегаттар мен түрлі жаб-



Л. И. Брежнев атындағы Нүрек ГЭС-І

дықтардың сипаттамасына дейін егжей-тегжейлі тоқталып, түсіндіріп бәйек.

Нүректің барлық тоғыз агрегатын монтаждаған ол Сібірде салынған бірнеше гидро-энергетикалық құрылыстарға, Асуан плотинасын тұрғызуға қатысқан екен. Әріптестері де оны «өз мамандығының хас шебері» деп орынды құрметтейді.

Биіктігі Эйфель мұнарасымен пара-пар, аумағы елу

алты миллион куб, бейнелеп айтсақ қырық Хеопс пирамидасына тең келетін көлемді алып жатқан Л. И. Брежнев атындағы Нүрек ГЭС-нің плотинасын бұл күнде космонавтарымыз Тәжікстан территориясынан ұшып бара жатқанда ғарыштан ап-анық ажыратып жүр емес пе. Шындығында мұндай ғаламат плотина күні бүгінге дейін ешқандай жерде, ешқандай елде салынған жоқ.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманында адам баласын елең еткізу оңай емес. Сөйтседағы Орта Азиядағы ең ірі — қуаты 2,7 миллион киловаттық Нүрек комплексімен танысқан әркімнің-ақ таңдай қағары даусыз. Бәрінен бұрын, ГЭС-тің жер асты құрылыстары ерекше назар аудартар еді. Электр станциясы құрылысы барысында салынған туннельдердің жалпы ұзындығы 40 километрге жуық! Сондықтан да болса керек нүректіктер әзіл-шыны аралас:

— Біздің жер асты шаруашылығымыз Одақта Москва метросынан кейінгі екінші орынды иеленеді,— дейді.

Айтса айтқандай, адамдардың ерен еңбегінің арқасында ондаған жылдың ішінде жас қала — Нүрек өмірге келді. Күні кешегі төрт үй ғана тұратын биік тау қойнауында советтік архитектураның соңғы үлгісімен таласа бой көтерген небір ғимараттар сап түзеді. Білім ошақтары мен кітапханалар, кинотеатрлар мен универмагтар, сауда алаңдары мен тұрмыстық қызмет көрсету орталығы, энергетиктердің мәдениет және демалыс паркі... бәрі-бәрі бар. Елуге жуық ұлттың өкілі тұратын жас қаланың болашағы бүгінгісінен де жарқын.


Гидролог-ғалымдардың есептеуінше тау өзенінің жыл сайынғы жалпы энергетикалық потенциалы — 118 миллиард киловатт-сағат. Нысаналы мақсат — осынау қыруар байлықты бірте-бірте ел игілігіне асыру. Таяу уақытта Нүректің қатарына Вахш бойында салынып жатқан Байлазин және Рогун ГЭС-тері қосылады.

Молшылық мұхиты болып жарқырап нұр теңізінің шұғыла шашқан оттары осылайша біріне-бірі ұласа бермек...

Өскен

өлке

өркендері



- Қазақстан — Ғажапстан . . . . . 53
- Алатаудың алқасы . . . . . 57
- Миллиардтар мекені немесе нан туралы  
толғау . . . . . 65
- Түлеген түбек . . . . . 72
- Лүпілдейді Екібастұз жүрегі . . . . . 77



## ҚАЗАҚСТАН — ҒАЖАПСТАН!


ҚАЗАҚСТАН... Осы бір жалғыз ауыз сөзді айтқанда көз алдыңа ұлан-байтақ өлкеміз елестейтіні хақ. «Бір көкжиектен екінші көкжиекке жеткенше күн де шалдығып қалатын шығар»,— деген бейнелі сөздің тектен-тек айтылмағаны белгілі. Шын мәнінде шалқар даламызды — шығысынан батысына дейін Күннің жүріп өтуіне үш сағат уақыт кетеді екен, ал мұның өзі көп жайды аңғартса керек.

Ат тұяғының дүбіріне қанық қазақ топырағына да революция екпіні іркілмей жетті. XX ғасырдың ұлы оқиғасы ғажайып өзгерістер ала келді.

Қазақстан жыл озған сайын құлпырып, гүлдене түсті. Аз мерзімнің ішінде-ақ аймағы абат, жері жәннат, жиделі байсын өлкеге айналды. Күн дидарлы республикамыз-



Тың төсіндегі дүбір



Құрылыс графикасы



### Қазақстан тракторлары

дың келбетін осылайша танымастай өзгерткен жылдар жемісін қазіргі таңда кез келген жерден ұшыратасың:

ол — құла түзде бой көтерген ақ шаңқан қалалар мен ауылдар;

ол — сайын дала төрінде асқақтаған алып заводтар мен фабрикалар;

ол — тұлдырсыз шөлде толқыған жасанды теңіздер мен алыптардың жүрегіндегі лүпілдеген қуатты электр станциялары;

ол — төскейінде отар-отар, үйір-үйір, табын-табын төрт түлік өнген береке өлкесі;

ол — сәулет өнерінің ең үздік үлгісімен салынған бірегей ғимараттар;

ол — оқу-ағарту мекемелері мен ғылыми лабораториялар, мәдениет Сарайлары мен театрлар, тұрмыстық қызмет комбинаттары мен спорт комплекстері.

Бүгінде «жүз тілдің планетасы» атанып отырған Советтік Қазақстан көркіне көз тоймас сұлу табиғатымен де айрықша дараланады. Әсем табиғат саяларына орналасқан жүздеген демалыс орындары өз тынығушыларын жыл бойына құшақ жая қарсы алады. Әрқайсымыздың мерейімізді шарықтатып, шалқытатын да туған республикамыздың осынау қарышты қадамы болса керек. Оның ал қызыл туында бес орден; үш Ленин ордені, Октябрь революциясы және Халықтар Достығы ордені жарқырайды. Еліміздің ең жоғарғы наградаларының әрқайсысы қазақстандық жұмысшылар мен колхозшылардың, ғалымдар мен мамандардың, партия және совет қызметкерлерінің орасан зор күш-жігерін, ерен еңбегін айғақтайды. Мерейіңізді тасытып, көңіліңізді өсіреді. «Менің Қазақстаным!» деген сөзді әркез мақтанышпен айтамыз да! Сондай-ақ, бүкіл Совет халқының тыңдағы және космостағы ерлік өлкесіне айналған Қазақстан даңқы әлемге әйгілі. Қазақ жеріне табаны тиген шетелдіктердің таңдай қағып, ақтарыла айтқан сырларын өз құлағымызбен естіп, тебірене жазған лебіздерін өз көзімізбен оқып та жүрміз.

Жүрекжарды тілектің тобықтай түйіні — Қазақстан-Ғажапстан!

«АЛМАТЫНЫҢ миллионыншы тұрғыны дүниеге келді...»


Совет Одағындағы «миллионер» қалалардың саны санаулы. Біздің еліміздегі алғашқы «миллионер» қалалар өткен ғасырдың аяғында іріктелгені аян. Мәселен, 1890 жылғы дерек бойынша Петербургта — 1 миллион 33,6 мың, 1897 жылы Москвада 1 миллион 38,6 мың адам тұрған. Олардың қатарына соңғы ондаған жылдың өзінде бірнеше қалалар қосылды. Енді міне, бүгінде атын төрткүл әлемнің кез келген түкпірі білетін арайлы Алматы сол ең ірі, ең үлкен шаһардың сапында. Ол еліміздегі миллион тұрғыны бар жиырма екінші қала.

Осындайда Л. И. Брежневтың «Тың» кітабындағы мына жолдар еріксіз көкейге оралады. «...Бүгінгі бүкіл Алматының өзі бұрынғысына мүлде ұқсамайды. Осы заманның орасан зор шаһары өзіндік көркі бар әсем қала. Жақсылап ойластырылған жоспар бойынша кең құлашпен, мен айтар едім, сүйіспеншілік сезіммен салынып жатыр. Ол жерден сұрықсыз, бірөңкей кварталдарды көре алмайсың. Жаңа құрылыстардың архитектурасында қолтума сипат бар, ірі ғимараттардың бірде-бірі өзгесін қайталамайды».

Қазақстан астанасы Іле Алатауының солтүстік баурайына орналасқан.

Жаз айларында жайнаған бау мен бақтар, алуан түрлі құлпырған гүлзарлар астананы айрықша нұрға бөлейді. Алматының гүл-қала деп аталуы да сондықтан болса керек. Статистикаға жүгінсек, қаланың миллион тұрғынының әрқайсысына 76 текше метр жасыл желектен келеді екен.

Астаналықтар мен қонақтардың сүйікті демалыс саяларының біріне айналған «Көктөбеге» аспалы жолмен көтерілгенде жап-жасыл теңіз үстінде ұшып келе жатқандай күй кешесің. Қос қапталын зәулім ағаштар зерлеген оқтай түзу проспектілер мен кең көшелер құс биігінен толқынданып шалынады. Алатауға шыға келгенде бүкіл қаланың алып панорамасын тамашалайсың. Құдды алақандағыдай. Әр тұстан «мен мұндалап» көк тіреген заңғар ғимараттар, тым жақыннан қол бұлғаған сәулетті архитектуралық ансамбльдер жасыл теңіздегі аралдар тобындай көрінеді... Қаланың қысқы ақ шаңқан




«Қазақстан» қонақ үйі

келбеті де сондай көркем. Ақ шәлі жамылған сұлу шыршалар, бойын сылаған зәулім теректер мен ақ балтырлы қайыңдар астана ажарын одан бетер айшықтата түседі. Теңіз деңгейінен 709 метр биіктікте орналасқан қаланың ішінен Үлкен және Кіші Алматы өзендері өтеді. Ал күнгейінде ақ бас шыңдарын күнге сүйдірген Алатау асқақтайды. Сондықтан да ғажайып тамаша қала Алматыны — «Алатаудың алқасы» деу де өте орынды.

...Әр қаланың өз жылнамасы бар. 1984 жылы іргетасы қаланғанына 130 жыл толатын астанамыз әуелде Верный аталған. Кіші Алматы өзенінің бойынан майор Перемышльский 1854 жылдың көктемінде болашақ әскери бекіністің алғашқы қазығын қаққызған. Тау аңғарынан сегіз шақырым жерде бой көтерген бекініс үлкен керуен жолының тура үстінде. О кездегі Верныйдың сыртқы келбеті өте жұпыны, сүреңсіз болғаны белгілі. Жер сілкінісіне орай өңкей ағаш үйлер сап түзеген. Солардың арасынан Петербургтың инженерлік академиясын бітірген Андрей Павлович Зенковтың жобасы бойынша бой көтерген құрылыстарды ерекше айтамыз. Инженер-сәулетшінің басшылығымен ағаштан түйін түйген хас шеберлер 1907 жылы биіктігі 56 метрлік собор тұрғызды. Еденінен бастап сонау ұшар төбесіне дейін бірде-бір темір шегесіз қиюластырылған бұл еңселі ғимарат — бүгінде тарихи архитектуралық ескерткіш. 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінің нақ ортасында тұрған мұнда Қазақ ССР-ының Орталық өлке тану музейі орналасқан. Іргетасының қаланғанына тура бір ғасыр болатын бұрынғы округтік офицерлер үйі мен қазіргі «Қызылтаң» маталар үйі де Зенковтың дара қолтаңбасы. Астанамыздың сәулетші-рестовраторлары жоғарыдағы құрылыстардың бәрін толықтай қайта өңдеуден өткізді. Ағаштан өрілген сол ғимараттар жиырмасыншы ғасырдың монументальды ансамбльдерімен өзінше үйлесім тауып тұр.

1921 жылдың февралінде Жетісу әскери-революциялық комитеті қаланың бұрынғы атын өзгертіп Алматы деп атады. «Джетысуйская искра» газетінің 1927 жылғы 14 апрель күнгі санында жазылған мына бір дерек елең еткізіп қана қоймай сол кездегі қаланың кескін-келбетін де анық танытса керек. «Алматы — саяжай, бақтарымен, станцияларымен көп орын алып отыр. Қаланың жекелеген бөліктерімен және қаланың шет аймақтарымен трамвайлар мен автобустардың жоқтығынан байланыс



**Қонақ үйдің ішкі көрінісі**

өте қиын болып тұр... Жақын күндерде қалада «Форд» фирмасының алғашқы автобусы жүретін болады. Егер бұл іс шығын әкелмесе автобустар саны екеуге, үшеуге көбейтілмек...»

Алматы — 1929 жылдан Советтік Қазақстанның астанасы. Ол — миллион тұрғыны бар одақтас республикалар астаналарының ішіндегі ең жасы. «Арман қала — ай қала» көз алдымызда жайнап, бұрынғыдан бетер құлпыруда. Құлашын кеңге сермеген оның аумағы қырқыншы жылмен салыстырғанда үш есеге ескен. В. И. Ленин, Абай, С. Сейфуллин, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы



«Красногвардейский тракт» секілді проспектілер мен көшелер жеті километрден он бес километрге дейін созылып жатыр.

Ұлы Октябрь шұғыласынан нұр алған Алматы жыл санап емес-ау, күн санап сәулеттен түсуде. Өзіндік келбеті дара айшықталған астана бейнесін танымастай өзгерткен соңғы он-он бес жылдың жемісін кез келген көшенің өн бойынан көресің. В. И. Ленин атындағы Сарай, «Қазақстан» қонақ үйі, Пушкин атындағы кітапхана, республикалық өнер музейі, Л. И. Брежнев атындағы алаң, М. Әуезов атындағы қазақ драма театры, Неке сарайы, Цирк үйі, аэровокзал, темір жол вокзалы, Даңқ мемориалы, КазГуград... тұрғын үйлер кварталдары... күні кеше ғана есігін айқара ашқан «Отырар» туристер мейманханасы мен «Арасан» денсаулық комплексінің қай-қайсысы да архитектуралық тамаша дидарымен сүйсіндіреді. Ал құрылысшылардың құрыш қолымен бұлттардың арғы жағына қол созған «Көктөбедегі» 372 метрлік телемұнара қаланың барлық бұрышынан «мен мұндалайды». Еліміздің сейсмикалық аймағында салынған ең биік құрылыс саналатын осы телемұнараның бақылау нүктесінен жасыл желекке оранған қаладан біршама жерде көк мұнарланып жатқан Қапшағай теңізін де көруге болады.

БЕС орденді Советтік Қазақстан астанасының қарышты қадамы мен самғау биіктерін бейнелейтін жарқын деректерді қала өнеркәсібінің даму баспалдақтарынан да айқын аңғарамыз. Революцияға дейін мұнда ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін бірен-саран ұсақ өнеркәсіп орындары ғана болса, қазіргі таңда үш жүзден астам кәсіпорын жұмыс істейді.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі бұйымдарын шығару жөнінде еліміздегі ең алдыңғы қатарлы орында. Машина жасау, электромеханика, мебель, темекі, шарап, консерві және басқа да одақтық маңызы бар өнеркәсіп ошақтарының өнімдері үлкен сұранымға ие. Республикадағы аса үлкен кәсіпорындардың бірі — Алматы ауыр машина жасау заводының маркасы 31 елге, оның ішінде АҚШ, Англия, ФРГ, Жапония, Үндістан, Болгария, Венгрия, Польша, Югославия секілді елдерге жақсы таныс.

Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы мақта-мата комбинаты еліміздің шығысындағы ең ірі алыптардың бірегейі. Еселі еңбегімен құрмет даңқына бөленген елу ұлттың өкілінің басын қосқан коллектив жыл сайын 100 миллион метр мата өндіріп жүр. Комби-



Бүлтәрға қол созған Көктөбедегі телемұнара

нат өнімінің тең жартысы — Сапа белгісімен шығарылды. Жалпы алғанда, республика астанасы өнеркәсібінің 540 өнімі құрметті бесбұрыш таңбасына ие. Революцияға дейінгі Верныйдың орталық бөлігінде бар-жоғы 124 керосин шырағы сығырайып көрінсе, бүгінгі Қазақстан астанасы күні-түні электр нұрына шомылып тұрады. Сайын далаға теңіз жасап, Қапшағай ГЭС-ін орнатқан алматылықтар қаланың ішімен Жетісудың сегізінші өзені — Үлкен Алматы каналын тартуда.

1928 жылы Алматыда ашылған қазақ жеріндегі тұңғыш жоғары оқу орны — педагогика институтында небәрі 75 студент оқыса, бұл күнде астананың елуден астам жоғарғы және орта оқу орнында 200 мыңға жуық студент жастар білім алуда. Қазақстан ғылымының ордасы болып отырған республиканың Ғылым академиясы жиырмадан астам ғылыми-зерттеу институттарының басын біріктірген. Қазіргі таңда Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында елудей академик, сексеннен астам корреспондент мүшесі, жүздеген ғылым докторы мен ғылым кандидаты бар.

Алматы — аса ірі мәдениет орталығы. Қалада жеті миллион дана кітап қоры бар 130 кітапхана, 20 кинотеатр және 111 киноқондырғы, 7 театр, 8 музей, 52 клуб жұмыс істейді. Ұлттық музыка мәдениетінің мақтаныштары — Ленин орденді Абай атындағы академиялық опера және балет театры, М. Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры, Құрманғазы атындағы халық ұлт-аспаптар оркестрі, Мемлекеттік хор капелласы, Қазақ ССР-інің классикалық би ансамблі, «Гүлдер» және «Досмұқасан» эстрадалық ансамбльдері бүкіл елімізге әбден белгілі. Атақ-даңқтары жер жарған бұл өнер коллективтері болмаған мемлекеттер де некен-саяқ. Қазақстандық шеберлердің өнеріне қол соқпаған құрылық жоқ. Әліппеден көп томдық Энциклопедияға дейін шығаратын сегіз баспа жылма-жыл оқырманға сан миллиондаған тиражбен екі мыңға жуық кітап ұсынады.

Сонымен қатар республикамыздың бас қаласында бірден-бір тынығу әрі денсаулық ұясы саналатын көптеген спорт ошақтары бар. Ондаған стадион мен спорт алаңы, жүзу бассейндері мен туристік базалар, спорт сарайы үлкен-кішіге бірдей қызмет етеді. Ал биік таудағы «рекордтар фабрикасы» Медеу спорт комплексі бүкіл әлемге әйгілі. Медеудің ұшқыр мұз айдынында дүние жүзінің, Европаның, СССР-дің, Қазақстанның жүз-

ден астам рекорды дүниеге келді. Мұның бәрін Алатаудың мөлдір бұлағынан қатырылған хрустальдай мұзы сыйлап отыр. Планетамызда астана іргесіндегі Медеуге жетер көк айдын жоқ. Бір ғажабы таулардың алақанында жатқан көгілдір айдында тоғыз ай бойына коньки тебуге болады. Он мың шаршы метр жасанды мұз 25 градустық ыстыққа дес бермейді-ау. Сондықтан да ол астана тұрғындары мен меймандарының бос мезгілдерін көңілді де, қызықты өткізер сүйікті демалыс саясы. Медеу комплексін салған Алматы сәулетшілері мен құрылысшыларының бір тобына СССР мемлекеттік сыйлығы берілді. Алматының болашағы бүгінгіден де жарқын, бүгінгіден де зор. Партия жоспарын жүзеге асыруға жұмылған алматылықтар да бір семьяның адамындай еселі еңбек көрігін қыздыруда. Таяу уақытта арайлы астананы айшықтай түсетін жаңа микроаудандар, В. И. Лениннің Орталық музейінің филиалы, теледидар комплексі, қысқы стадион тағы басқа да түрлі ғимараттар сап түземек.

Қонақжай Алматы құшағы тәулік бойына жүздеген мың меймандарды қарсы алып, шығарып салып жатады. Қала қақпалары — аэровокзал, автовокзал, теміржол вокзалы сан тарау жолдардың торабы. Әрине, әлемнің түкпір-түкпірінен ат ізін салған шетелдіктер де көп. Олардың қай-қайсысы да Алатаудың алқасы — әсем Алматыдан үлкен әсермен аттанары сөзсіз. Ал миллиондаған қазақстандықтардың қатар соққан жүрек лүпілдері қашанда асқақ естіледі:

— АРАЙЛЫ АСТАНАМ — АЛМАТЫ!

## МИЛЛИАРДТАР МЕКЕНІ НЕМЕСЕ НАН ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

АКАДЕМИК В. АФАНАСЬЕВ: «Қазақстан астығының бейнесі — тың, ал энергиясының бейнесі — Екібастұз», — деп жазды. Өте дөп айтылған.

Республикамыздың даңқы да, мақтанышы да тың эпопеясы. Тусыраған сахара төсіне тұңғыш түрөннің түскеніне де отыз жылдан асып барады. Совет халқының барша өкілінің аялы алақанын көрген салқар даланың дидарын бір сәт көз алдымызға елестетелік.

Шексіз де шетсіз алтын алқап. Бадана дәнді жез масақтар бастарын көтере алмастан қырдан лекіген майда самал лебімен кербез шайқалады. Көз ұшында тізбек құрған дала кемелері қалқып жүр. Мың бүктетілген дән-толқындар шалқар дарияның құдды өзіндей. Толқын жалында тербетілген шағаладай әлгі қыр кемелері жал-жал із тастап барады. Комбайндардан қызыл дән толтырып алған машиналар қабылдау пункттеріне толассыз ағылуда. Ал осынау машиналар керуенін күре жолдың өн бойынан ұшыратасың. Кетіп барады. Келе жатады. Биік-биік, буылтық-буылтық бітеу мұнаралары аспанмен таласқан элеваторларда да тыным жоқ. Күнітүні бір ырғақ — еңбек әуені. Комбайншы дән-дариясына сүйсіне көз тастаса, автокеруен жүргізуші құт қамбасына асығады. Жаңа орақтың қорғасындай салмақты да, жоғары сортты бидайын көрген элеватор мамандарының қуанышын да аңғару қиын емес. Бәрін... бәрін олардың күнге тотыққан жүздері, күлім қаққан жанарлары-ақ айтып тұр.

Ерлік эпопеясы басталғаннан бері Отан қоймасына 20 миллиард пұттан астам астық құйылды. Миллиардтар мекеніне айналған республикамыз оныншы бесжылдықта мемлекетке жыл сайын бір миллиард пұттай жоғары сапалы алтын дән тапсырған.

Бұрын-соңды болмаған рекордты көрсеткіш. Мұндай үлкен табысқа тек мыңдаған адамдардың қажыр-қайратының, ерен еңбегінің арқасында қол жететіні аян. Еңбек зейнетінің рақатына бөленіп отырған тың қаһармандарының есімдерін де мақтанышпен айтамыз. Олар — Жансұлтан Демеев, Михаил Довжик, Владимир Дитюк, Нұрғабил Мәлғаждаров, Аманкелді Исақов, Төлеубай Мұс-

тафин, Кәмшат Дөненбаева, Есілбай Қадыралин, Наталья Геллерт, Елтай Бектеміров... Жұлдызды шоғырлардың арасынан алғашқы тың игерушілердің ұлдарын, кейінгі толқын — жас ұрпақ өкілдерін де ұшыратуың заңды құбылыс. Өйткені тың өлкесінде алғашқы қадасы қағылып, шаңырақ көтерген үш жүз елуге жуық шаруашылықтың әрқайсысының өз жұлдызы, өз шам-шырағы бар. Бір ғажабы олардың қатары ондап емес, жүздеп, мыңдап саналады. Сол дала ерлерінің еңбегін миллиардпен өлшеуге, миллиардпен бағалауға үйреніп те алдық. Бұл да қазақ топырағында қалыптасқан тамаша дәстүр.


Миллиард! Оп-оңай айта салатын осынау цифрдың мәніне зер салсақ: миллиардты санап шығу үшін



Диқанның мазасыз шағы

тапжылмастан күні-түні ондаған тәуліктер бойы отыру керек. Бүгін таңда адамдарға космос дәуірінің ақылды есептегіш машиналары — электроника мен автоматика көмектесуде. Олар секундына 180 мың операция орындайды. Қас-қағым сәт және 180 мың! Міне, бұл да атамекенімізде болып жатар жаңалықтар мен өзгерістерді сипаттаса керек.

...Көз алдындағы алтын алқап дән тауына айналып,




Алтын масақтар

биіктеп барады. Сағат санап биіктей түскен астық тауы көз алдыңа нанды әкеледі. Нан! Ол — тіршілік, ол — Отан! Нанды ойлаған сайын мұрныңа шоқтан шыққан, қабарып піскен нанның өзіне тән хош иісі келеді. Нан туралы небір әңгімелер, аңыздар айтылған. Нан құдіреті хақында кітаптарда, газет-журналдарда жүйелі әрі үздіксіз жазылып жүр. Қасиетті нан жайында тебіренбеген, толғанбаған жан жоқ шығар бұл жиһанда. Олай дейтініміз: бидай — дүние жүзіндегі негізгі дәнді дақыл. Скифтер елінің атағын айдай әлемге мәшһүр еткен де оның ақ маржаны. Ежелгі грек шешені Демосфеннің сақталған сөздерінде біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда Афиныға жыл сайын 16,7 тонна бидай жеткізіліп тұрған. Планетамызда қазір жылма-жыл 250 миллион гектар жерге бидай себіліп, одан 400 миллион тоннаға жуық алтын дән жиналады. Ал біздің еліміздегі бидай алқабының көлемі 60 миллион гектардан астам...

Ұлылы-кішілі адамдардың, алуан мамандық иелерінің қайсысы болсын нанның қадір-қасиетін өте жоғары бағалаған. Осы орайда Қазақстанның тұңғыш миллиард жаңғырығы ойға оралады. Алғашқы миллиардтан шетел-

дік жастардың да қолтаңбасын көреміз. Тың шежіресін парақтайықшы. Мінеки, жиырма сегіз жыл бұрын жазылған, Москва мемлекеттік университеті тарих факультетінің студенті вьетнамдық Чи Ванның туыстарына жолдаған сәлем-хаты былай басталған:

**«Құрметті туыстарым! Мен бүгін үлкен қуанышта отырмын. Ол — аты аңызға айналған ұлан-ғайыр байтақ қазақ жерінің топырағын басуым. ВЛКСМ Орталық Комитеті бүкіл Совет Одағының комсомолецтері мен жастарын тың астығын ысырапсыз әрі тез жинап алуға шақырған болатын. Бұл шақыруға біз де — МГУ-дің шетелден келген студенттері де үн қосуды ұйғардық. Сөйтіп, Совет Одағының ең ірі республикасының бірі — Қазақстанға келдік. Бізді бұл жерде ыстық ықыласпен, шын жүрекпен қарсы алды. Сіздер көрсеніздер, шіркін, бұл өлкені! Шегі жоқ дерсің-ау, тіпті. Ал сол шексіз далада теңіздей толқып бидай өсіп тұр. Иә, ол аппақ нан ғой!**



Бар байлықтың басы



Бізде өте көңілді. Таң саз бере тұрып жұмысқа шығамыз, содан қас қарая ораламыз. Кейде тіпті, түн жарымында қайтамыз. Сонда да болса шаршауды білмейді-ау жігіттер. Өйткені біздер алтын дән — ертеңгі нанды жинап жүрміз ғой. Алау жағып, даланы әнге бөлейтін де — жастар. Украин халқының «Черемшина» әнін, сондай-ақ поляк, румын, қазақ халықтарының бірнеше әндерін үйрендім. Әсіресе, қазақтың ұлттық музыкалық аспабы — домбыра мен қобыз әуендері маған қатты ұнады. Халықтың басынан өткен тарихи шежіре де музыка тілімен кейінгі ұрпаққа жеткен. Қазақ халқы меймандос келеді екен. Бізді жиі-жиі қонаққа шақырып тұрады. Ал қош, көріскенше күн жақсы. Біз жұмысқа асығып жатырмыз.

Сәлеммен, туыстарың Чи Ванн.  
Қазақстан, 1956 жыл, сентябрь».

Нан!.. Атыңнан айналайын, қасиетті дән... Сен туралы сөз тиегін ағытып, ой толғаса жұмыр жердің бетіндегі кеудесінде жаны бар адамдардың тіршілік-тынысы, қам-қарекеті өмірге деген құштарлықпен еңбек етіп, ұрпақ есірген адамзат ғұмырының алтын өзегі болған өзіңді тебірене ауызға аламыз. Жүзі басқа, тілегі бір жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да ықылым заманнан бері алақанына салып аялап, қастерлеп келеді. Осынау ғажап ғадет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Қанға сіңген қасиет. Аталарымыз ұзақ сапарға шықса өзге дәннен айрықша пір тұтып ең бірінші нан алатын. Бейтаныс жолаушы есік ашып, табалдырық аттаса қонақжай халық: «Қуыс үйден құр ауыз шықпасын»,— деп ұсынатыны нан.

Нан!.. Атыңнан айналайын қасиетті дәм. Құмырсқадай тіршілік кешкен адам баласы әуел баста қоймаға қару емес, қамбаға дән жинағаны аян. Иә, дән жинаған. Бүкіл халық келіп дәм татсын, талассыз-ұрыссыз тату болсын деген. Достықтың берік алтын арқауы, береке мен бейбіт өмірдің береке бесігі де — өзіңсің қасиетті нан. Сүттей ұйыған береке шырқын бұзып, достықтың алтын жібін аттаған адамды «Дәм атсын» дейтіні де содан қалған-ау.

Құрыш қол жұмысшы мен алтын орақ ұстаған диқанның қазіргі түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік ілмей, бел шешпей қоян-қолтық еңбек етуінің өзі де сен үшін, қасиетті нан. Береке басы, ел ырыздығы, молшылық көзі — астық үшін айқас еш толастамайды. Ырыс селін тасқын-


датқандар жарыс отын алаулата бермек. Орақ ерлерінің қай-қайсысымен сыр шертіссеңіз, ауызға алары — «Астық, алтың дән, қасиетті нан!» Қыр төсіндегі қыз еңбектің дабылы да тым айрықша естілер еді. Жалғыз мақсатқа жұмылған барша диқанның жауапты маусымдағы нысанасы да ортақ. Ол — аңызда бір тал масақ, бір грамм дән қалмасын! Бұл да сенің құдіретің, қасиетті нан!..

Нан!.. Сен туралы әңгіме арқауын одан әрі өрбітіп, ой толғасақ көбімізге ортақ, сонау бір жылдардың мәңгі өшпес мына штрихтары қаз-қалпында елестеп өтер еді. Ол сурет — ақ әжемнің ақ бидайды уыстаған алақаны. Қызыл қырман думаны дабыл қағысымен ақ әжем де өзінің тойын бастайтын. Бұл дүрбелеңде қос қолын қалтасына салып, теңселіп жүретін еш пендені көрмейсің. Әркім өз ісінің соңында. Ағалар орақ ортасында, жеңгелер бауға түсіп, бүлдіршіндер жарыса масақ теретін. Жаңа егіннің торсия піскен қызыл дәні де ең алғаш бірінші әже алақанынан өтетіні белгілі. Шоқтан суырылған ыстық күлшені ұсынатын артынша. Сол сәттегі ақ әжемнің тұңғыық жанарындағы қуаныш нұры күні бүгінге дейін жүрек түкпірінде жарқырап тұр десем артық болмас.

Нан — еліміздің күш-қуаты мен беделі. Қазір Совет Одағында тәулік сайын тоқсан миллион килограмм нан пісіріледі екен. Дастарқанның мәні мен сәні де, күнбе-күнгі өміріміз ол. Ғарышта да нансыз күн көру мүмкін емес. Біздің космонавтарымыз өздерімен бірге нан алады. Әрине, олардың пісірілуі де, көлемі де мүлдем бөлекше. Сіріңке қорапшасының жартысындай ғана болатын тоқаштың салмағы — не бары 4,5 грамм.

Ойды ой қозғап, әр жайдың басын бір шаламыз-ау. Редакциядағы қызметтес әріптесімнің кабинетінде ешкім байқай бермейтін «базарлық» — бір буда масақ тұр. Москва олимпиадасына арнап жасалған полиэтилен құтыдағы бадана дәнді масақтың бұл бөлмеде тұрғанына да шамамен алты-жеті жыл. Оны журналист әріптесім қазақстандық кезекті болған 1978 жылғы миллиардта тың өлкесіне барған сапарынан әкелген еді. Диқанның маңдай терімен өніп-өскен құтыдағы масақты мен суретке түсіріп алғанмын...

Тас төбеден күлімдеген күн бар қызуын төгіп тұр. Әлсін-әлсін ғана жылы леп еседі. Бадана дәнді масақтар бастарын көтере алмастан баяу тербеледі. Дала кемелерінен секіріп-секіріп түскен механизаторлар құдды бір



Бір буда масақ

жыл бойына жүздеспей, кездеспей жүрген жандарша шүйіркелесуде. Олардың әңгімелерінің арқауы да көп жайды аңғартады.

- Қанша гектар бастырдың?
- Бүгін екі норма орындайтын шығармын.
- Онда жарадың.
- Күн де жақсы боп тұр-ау...

Іле-шала түскі асты егіс басында апыл-құпыл ішкен азаматтар асығыс өзді-өзінің комбайнына қайта отырды. Әр минут санаулы. Мазасыз шақта уақыттан ұтылмау — басты мақсат. Олардың қиялын шарықтатқан, қажырын қайрақтай жаныған да — жаңа орақтың наны. Үзік-үзік суреттер бірін-бірі құрап, тыңның алып полотносына айналып жатқандай. Сол бір дән дәриясында тербелген дала кемелері көгілдір көкжиекті беттеп барады, ұзап барады.

Дән жыры — нан жыры толассыз шертіліп тұр...


## ТҮЛЕГЕН ТҮБЕК

**МАҢҚЫСТАУ!..** Туған республикамыздың атақ-даңқын дүние жүзіне паш еткен қазыналы түбек, газ бен мұнайдың өлкесі. Еліміздің физикалық картасында бір өңкей солғын да сүреңсіз сарғыш бояумен бейнеленген бұл аймақ сегіз миллион гектар жерді алып жатыр. Алақандай көрінер осынау мекенге Австрия, Швейцария, Нидерланды және Люксембург тәрізді бірнеше мемлекет тұтасымен сыйып кетеді. Бар құпиясын қабат-қабат жер қыртысына жасырып, жүздеген жылдар бойына ұйқтаған бұл өңірді ғарыш ғасырының тегеурінді серпіні оятқаны мәлім. Құла түзде заңғар заводтар мен көрікті комбинаттар сап түзеді. Бақтар жайқалып, ақ шаңқан шаһарлар пайда болды. Төскейінде түйе керуендерінің сүрлеу-іздерінің сұлбасы сайраған, тастарында маржандай тізілген әріп-таңбалары мен қошқар мүйізді ою-өрнектері өшпеген шежірелі өлкенің бүгінгі дидары да бөлекше. Ол — айқұш-ұйқыш тартылған болат магистральдар, көкке бой созған мұнай мұнаралары мен ілгері ұмтылған газ құбырлары...

Иә, ұйқыдағы аруды оятқан Маңқыстау мұнайы еді. 1950 жылы алғаш рет геологиялық-геофизикалық мұнай іздестіру партиясы құрылды. Сонымен барлау басталды! Аңыз бен ақиқаттың арасы уақыт өткен сайын жақындай, саралана түскен. Араға он жыл салғанда барып сарыла күткен күн өз қуанышын сыйлады. 1960 жылы 5 январьда Өзен алқабында бұрғышы-мастер Ғазиз Әбдіразақовтың жетекшілігімен бұрғылап жатқан «К-184» скважинасынан тұңғыш рет газ фонтаны атқылады. Сөйтіп, талай ғасырлық сырды тылсым тұңғиығына тығып жатқан Маңқыстаудың қарт жүрегі жалын жандардың алдына жұмбағын жайып салды-ау. Одан кейін көп ұзамай-ақ келер жылдың 6 июлінде Жетібай алаңынан тұңғыш мұнай фонтаны атты.

Іле-шала Каспийдің көгілдір айдыны көмкерген түбектің теңізге құлар жағалауына автокеруендер ағылып келе бастады. Күні-түні буырқанып, асау толқындары аспанға атып жататын Атыраудың тұлдырсыз тасты жағалауына алғашқы тұрғындар шатырларын тікті жарыса. Ал жеті қабат жердің жұмбағын ашқан алып мұнаралар сайын даланы ерекше еңбек дүбіріне бөледі. Алпыс үшінші жылы қара алтынды аймақтың орталығы — мұнайшылар

қаласының тұңғыш қадамы қағылды. Жаңа қаланың жобасын жасаған ленинградтық сәулетшілер оның болашақ келбетін күн ілгеріден көз алдыларына елестеткен. Зәулім ғимараттарға пайдаланылмақ негізгі құрылыс материалдары да жергілікті жерден табылды. Солардың ең асылы, ең қастерлісі Маңғыстау мәрмәрі — ұлутас. Жетібайдың қазынасы саналар ұлутастар екінші рет өмірге келіп, теңіз жағасынан бой көтерген ақ шаңқан қаланың әсем кірпіштеріне айналды. Осы өңірдегі ұлутастың қыр-



Су тұщытатын атом қондырғысының сыртқы көрінісі

мызы қызыл, қоңыр қызыл, сарғыш қызыл, ақ түрлерінің барланған қоры алпыс екі миллион текше метрден асады. Бұл — қыруар байлық! Маңғыстау мәрмәрін осы күнде Москва, Ленинград, Алматы, Гурьев, Ростов, Злотоуст, Новосибирск, Кисловодск, Куйбышев, Чебоксары қалаларының, Балтық бойындағы республикаларының көптеген құрылыстарынан көресіз. Сондай-ақ «Мангышлакракушечник» өндірістік бірлестігінің өнімдері социалистік және бірқатар шетелдерге экспортқа жөнелтіледі.

Құт мекенге айналған республикамыздағы ең жас

қалалардың бірі — Шевченко жыл санап емес-ау, күн санап өсуде. Ақ шағала шаһардың архитектуралық ажары еш қалаға ұқсамайды. Теңіз лебіне бет бұрған зәулім ғимараттар комплексі бейне бір ашық жатқан кітаптың қос парағындай шалынады. «Ақтау» қонақ үйі, Советтер үйі, Абай атындағы Мәдениет сарайы, «Юбилейный» кинотеатры, сауда орталығы, Химиктер сарайы, байланыс орталығы секілді шоқтықты ғимараттар комплексі — сәулетшілердің ұшқыр қиялының үздік жемісі. Қала қақпалары — аэропорт, автовокзал үйлерінің құрылыстары да көз тартарлық. Теңіз жағалап шеңберлей өтетін сақина жол микроаудандарды бір-бірімен байланыстырады.

Іргедегі шалқар теңізден шаңқылдап көтерілген топ-топ шағалаларды қала аспанынан да көресің. Автобус ішінде отырған әркімді-ақ осы сәт мәрмәр үйлері бой таластырған ғажайып қала көк толқында тербеліп тұрғандай әсерге бөлейтіні анық.

Әсем қаланың жобасын жасауда тамаша архитектуралық шешімдер тапқаны үшін 1977 жылы Шевченко сәулетшілерінің бір тобы СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Лауреат қала әлемнің 53 қаласы бәсекеге түскен Барселонадағы халықаралық байқауда да суырылып дара шықты. Архитекторлардың халықаралық ассоциациясының үш жылда бір берілетін Патрик Амберкромби атындағы Алтын медальді Қазақстанға алып келуі үлкен қуаныш.

Маңқыстау түбегінде болып жатар ғаламат оқиғалар дүркін-дүркін планетамызды елеңдетумен келеді. Барлық байлығын жер қойнауына қаттаған табиғат бұл өңірге жалғыз тамшы суын қимаған. Шарқ ұрып іздесең де не ойдан, не қырдан бірде-бір өзенді таппайсың-ау. Оқатекте ұшырасар шыңырау құдықтар аңызға айналған көмескі іздерге үңілдіреді. Амал жоқ тұщы суды Каспий толқындарын кесіп, сонау шалғайдағы Баку мен Махачкаладан тасуға тура келді. Бұл жай мамандарды қатты толғандырды. Адам баласының ақылынан асқан ешқандай құдірет болған емес. Міне, ол тағы бір толғақты проблеманы — теңіз суын тұщытып, халық мұқтажына асыруды ойдағыдай шешті.

Өзенсіз өлкенің өміріне ядролық энергетика мен атом келді. 1971жылы төрткүл әлем Маңқыстау түбегінде дүние жүзіндегі тұңғыш өнеркәсіптік атом-электр станциясы құрылысының аяқталып, оның шапшаң нейтрондармен жұмыс істейтін электр қуаты 350 мегаваттық

БН — 350 реакторының іске қосылғанын есітті. Ядролық реактор су тұщытқыш қондырғының агрегаттарын шыр айналдырып, зыр қақтырды. Атомның алып қуатымен аса жоғары температурада қайнап, қас қағымдық сәтте буға айналған кәрі Каспийдің тұзды суы түрлі генераторлар мен аппараттардан, толып жатқан цехтар мен құбырлардан өтіп, тұндырылып, сүзіліп, тұзынан арылып, кәусардай мөлдір суға айналады. Тәулігіне сексен мың тоннадан астам тұщы су өндіретін «Атом самаурыны» бүгінде бүкіл қала мен заводтардың, бау-бақшалар мен гүлзарлардың жүрегі болып күні-түні тынымсыз қайнап тұр.

Ерлік пен достықтың аялы бесігіне айналған Маңғыстау төсіндегі Форт-Шевченко, Жаңа Өзен секілді сәулетті қалалар мен көрікті поселкелердің болашағы бүгінгіден де жарқын.

Жаңа Өзенге апаратын таспадай тілінген асфальт жол алға жетелеген сайын артта қол бұлғаған ақ шаңқан қала көгілдір теңіз құшағына орана түседі. Ал жол апшысын қуырған жеңіл машина дүние жүзіндегі ең еңіс жер, мұхит деңгейінен 132 метр төмен жатқан Қарақия ойпатына түсіп, қарсы беттегі белеске қайқаң етіп шыға келгенде кешегі тұлдырсыз Маңғыстаудың таңғажайып суретіне тап боласың. Маң далада сап түзеген мұнаралар... Ұшар басында қып-қызыл жалын алаулаған тұрбалар... Міне, бүгінгі қайта түлеген түбектің, қойны толы қазына-құт түбектің бейнесі осындай!

Мұнайлы аймақтың түнгі келбетін көрсең, шіркін! Көктегі жұлдыз біткен жерге шашылып қалғандай. Айнала төңірегің үздіксіз жымыңдасқан, жарқ-жұрқ ойнаған оттар. Ғажап-ақ!

Осы сәтте менің ойымды мазалап, көкейіме орала бергені маңғыстаулық ақын замандасым сыр етіп шерткен мынадай жай. Шевченко қаласындағы екінші микро аудандағы № 1 орта мектептің маңында ерекше белгі-монумент бар. Сол қарапайым ескерткіштің мәрмәр бетіне қашап жазылған әр сөзді тебіренбей оқи алмайсың: «1967 жыл, 7 ноябрь. 2017 жылы 7 ноябрьде ашылсын. Келешек ұрпаққа — Совет үкіметінің елу жылдығы құрметіне — Маңғыстауды бағындырушылардан!»

Қазыналы түбекті танымастай өзгерткен үш ұрпақ өкілдерінің жаңа ғасыр жастарына арнаған аманат-сәлеміне үңіліп көрейікші. Онда мынадай сөздер жазылған еді:

**«Советтік Ұлы Отанның пионерлері! Сендерді біздің еліміздің 100 жылдық мерекесімен құттықтаймыз!**

Сендер біздің өмірімізді картиналар, кітаптар, кинофильмдер арқылы білесіңдер. Біз Совет адамдарының тұңғыш рет космосқа ұшқанына, «Венера — 4» автоматты станциясының Шолпан планетасына қонғанына куәміз. Бұрын «Мың қыстау» аталған, қазір Шевченко қаласы тұрған жерде 1957 жылы шөл даланы бағындырушылардың алғашқы шатырлары тізілген еді. Сендердің уақыттарыңда үлкен қалаға айналған Өзен, Жетібай, Ералиев поселкелері біздің көз алдымызда салынды. 1961 жылы 6 июльде Маңғыстауда тұңғыш мұнай фонтаны атты. Біз шөл даланы осындай өндірістік орталыққа айналдыруда өлшеусіз үлес қосқан Төреғали Қадыровтың, Салық Рысқалиевтың, Сүйеген Салмановтың, Николай Петровтың, Виктор Борщтың, Геннадий Шевченконың, Рафаэль Мұртазиннің, Мария Трифонованың есімдерін зор құрметпен атаймыз, оларды мақтан тұтамыз.

Қымбатты балалар, бүгін біз Совет үкіметінің құрылғанына елу жыл толған мерекесін тойлап отырмыз. Енді елу жылда сендер, аға ұрпақтың өкілі боласыңдар. Сол кездегі пионерлерге осы хатты ашып, біздің әкелеріміз бен бабаларымыздың 1917 жылдан басталған ерлік дәстүрлерін эстафета ретінде тапсырыңдар...»

Иә, түлеген түбек — Маңғыстаудың бүгінгі самғауы қиял жеткізер емес.




ЕКІБАСТҰЗ — бүкіл елімізге әйгілі кенді өңір. Қазіргі таңда Одақтағы ең ірі көмір ошағының бірінен саналатын осы аймақта қоңыр көмірдің бар екенін тұңғыш рет 1876 жылы баянауылдық жергілікті зергер Қосым Пішенбаев ашқан. Ол қысы — қаһарлы, жазы — аңызға жапан даладан отқа салса гүжілдеп жанатын тастар табылған маңға белгі ретінде екі бас қалқаман тұзын қояды. Содан бастап екі бас тұз қойылған жер — Екібастұз аталып кетеді. Бұл — ел арасындағы аңыз емес, деректі тарихи шындық. Екібастұздың бүгінгі бойтұмары — гүл қауызындағы көмір. Жыл санап емес-ау күн санап өсіп келе жатқан кеншілер мен құрылысшылардың, инженерлер мен энергетиктердің сәулетті жас шаһарына жолы түскен әркімнің-ақ қалаға тақаған тұстағы тас тұғырда бейнеленген эмблемаға көзі түседі. Бір тал гүл және бір кесек көмір... Қарапайым шешім, тамаша үйлесім... Кешегі қаңбақ кезген құла түздің қазіргі гүл жайнаған шағын жазбай аңғарарың анық. Адамдардың әлеуетті қолымен түлеген құт мекеннің жарқын дидарын да айтқызбай сезесің. Осының бәрін сағағынан иілген нәзік гүлдің шешек атқан қауызына бедерленген бір кесек көмір айғақтап тұр. Ал қаламен таныстық оның бас көшелерінің бірі — Қосым Пішенбаев атындағы проспекіден басталады.

Бір кездегі «Ақ шахта» деп аталатын кіл жатаған барақтардан құралған жұпыны ғана жұмысшы поселкесінің келбетін зымыран уақыт аз мерзімнің ішінде-ақ танымас-тай өзгертіп, жайнатып жіберді. Мұның бәрі Екібастұз көмірі әкелген өзгерістер.

Соғыстан соң қираған қалаларды қалпына келтіру, заводтар мен фабрикаларды бар қуатымен қайтадан іске қосу секілді ең маңызды, ең үлкен кезең өз міндетін алға тартты. Міне, Екібастұз сағаты сонда барып соққан. Заводтардың, фабрикалардың, комбинаттардың жүрегіне жылу мен жалын беру үшін тек өндіру құны арзанға түсетін қуатты отын қажет. Ал бұл отын — Екібастұз көмірі еді. Жер қабатына жақын жатқан табиғи отынды қопарып, аршып алу экскаваторлардың еншісіне тиді. Бұған терең шахтаның қажеті жоқ, көмір ашық разрездерде өндірілмек. Екібастұз көмірін вагондар мен платформалар, тарау-тарау болат жолмен еліміздің түкпір-түкпіріне жеткізеді. Сөйтіп, жылу болып, от болып,

алып өндіріс ошақтарына күш-қуат берді. Кешікпей-ақ кенді мекен зәулім ғимараттары өзара бой таластырған көмірлі қалаға айналды.

КПСС XXVI съезінің тарихи шешімдеріне орай осы өңірде әрқайсысының қуаты төрт миллион киловатт болатын төрт ГРЭС құру көзделген. Бұл еліміздің бір аймағында бұрын-соңды болып көрмеген алып энергетикалық жүйе. ГРЭС-тер арқылы көмір миллиондаған киловатт энергияға айналады. Ал оны қуатты станциялар электр жүйелері арқылы еліміздің Орталық аудандарына, Сібір мен Оралға, Орта Азия мен Қазақстанның түкпір-түкпірі-




### Нұр желілері

не таратады. Екібастұз отын энергетика комплексі — болашақтағы төрт ГРЭС және Балқаш көлі жағасында бой көтеретін бесінші ГРЭС.

Демек, Ертіс өңіріндегі алып Американың 31 электростанциядан тұратын жалпы қуаты 13 миллион киловаттық «Теннисси» энергетикалық комплексінен әлдеқайда асып түседі.

Негізінен ашық әдіспен өндірілетін Екібастұз көмірі қуатты ГРЭС-терді қыруар отынмен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік жасап отыр. Дүние жүзіндегі ең үлкен, ең алып көмір разрезі де — Екібастұзда. Ол — «Богатырь». Аты айғақтап тұрғандай тереңдігі жүз метрге жуықтайтын ашық көмір шұңғылының ұзындығы жеті-сегіз шақырымға көсіліп жатыр. Ғажайып көрініс — бейне бір қара мұхит. Жоғарыдан қарағанда ондаған вагондар сүйреген электровоздар составтары мен экскаваторлар кішкентай ойыншық сияқты болып көрінеді. Экскаватор-



**XX ғасырдың алыбы — роторлы экскаватор**

лардың арасында биіктігі жиырма қатарлы үйдей болатын ғаламаттары да бар. Бұл — ЭРШРД-5000 маркалы роторлы экскаватор, оны болашақтың машинасы деп атаған да жөн. Сағатына бес мың тонна көмір өндіретін осы алыптар, жапонның сағатына үш мың тонна көмір беретін роторлы комплекстерін шаң қапқызғалы қашан.

«Богатырь» жыл сайын миллиондаған тонна көмір бере алады. Қазір Екібастұз көмірі еліміздің үш жүзден астам қаласын электр энергиясымен, жылумен қамтамасыз ететін 17 ірі энергетикалық станцияға қуат

беруде. Ал көп ұзамай бұл өлкенің бағалы мол отыны Екібастұздың өзінде іске қосылатын, бұрын-соңды тарихта болмаған үлкен энергетика алыбына да жылуын бере бастайды.

Күні кеше ғана қолға алынған Екібастұз отын-энергетика комплексінің келбеті аз уақыттың ішінде адам танымастай құлпырып, өзгеруде. Қазірдің өзінде №1 ГРЭС толық қуатына көшті. Электр станциясының энергоблоктарын өте ақылды машиналардың көмегімен екі оператор және смена бастығы басқарады. Не бары үш-ақ адам!

Бұл күнде №2 ГРЭС-тің алғашқы кезегінің құрылысы ерекше қарқынмен жүргізілуде. Он бірінші бесжылдықтың соңына қарай Екібастұз-Орталық тұрақты желісінің алғашқы кезегі және кернеуі 1150 киловольт Екібастұз-Урал ауыспалы ток желісі іске қосылуы керек. Орайлы тұста мына бір деректерді айта кеткен жөн секілді. СССР құрылғанға дейін Қазақстан ешқандай да электр энергиясын өндірмеген. Қазіргі таңда республикамызда жұмыс істейтін 37 жылу және 28 су станциясы жыл сайын жетпіс миллиард киловатт-сағат электр энергиясын береді. Ал республика энергетикасының болашағы бұдан да зор.


Бүкіл одақтық комсомолдық екпінді құрылысқа ұланбайтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінен келген алау жастар бір сапта еңбек етіп, өз қолтаңбаларын қалдыруда. Әкелеріміз бен ағаларымыздың ерлік пен еңбек даңқына толы мәңгі өшпес ізі мен өнегелі жолын жалғастыру бүгінгі ұрпақтың үлесіне тиіп отыр. Кешегі Днепрогэс, бүгінгі КамАЗ бен ғасыр күре тамыры — Байкал — Амур құрылыстары секілді Үлкен Екібастұзды да қаз тұрғызу — аса жауапты, аса маңызды міндет. Бейнелеп айтсақ, ол — адамдардың тағдыры мен өмірбаяны.

Даңқы ғасырлардан ғасырға ұласар Екібастұздың жүрегі бүгін де үздіксіз соғып тұр.

Жердегі

жарқын

жұлдыздар



● Ауыл академиктері . . . . .	83
● Бір мысқал мыс . . . . .	87
● Әне, сұлу Сыр . . . . .	95
● Елу миллионға үлес . . . . .	100
● Толқында туғандар . . . . .	107
● Туған топырақ бояулары . . . . .	113

ЖОЛАУШЫЛАР поезы зуылдап келеді. Зыр қаққан доңғалақтар да өз әуенінен жаңылар емес. Тақ-тұқ... тақ-тұқ... Ежелгі әдетімен таң бозарғаннан-ақ оянып кеткен ол жуынып келіп, терезеден дөңгеленіп қалып жатқан кең далаға көз тіккен. Көгілдір көкжиекпен астасқан салқар сахара көсіліп жатыр. Ол іштей күбірледі.

«Қазағымның көңіліндей кеңсің-ау...»

Қарт-көңіл жол бедерлерін де жазбай аңғарады. Бай-қаса, ғасырға тақау ғұмырында осынау болат жолдың үстімен талай-талай сапар шегіпті. Шалғайдағы сонау Мәскеудің өзіне неше мәрте жол түскен. Сөйтседағы кәрі жүрегі бұлайша туламаған шығар. Жаңақорғаннан жылжысымен-ақ қасындағыларға:

— Қазір жетіп барамыз, дайындалайық. Мен білсем ендігі жер бір сағаттан аса қоймас,— деді.

— Жазеке, Шиеліге дейін әлі екі сағат бар. Өзіңіз тым жақындатып жібердіңіз ғой.

— Иә, асықпаңыз... Құрдасыңызды да құшарсыз.

Костюмін киіп жатқан Жазылбек ақсақал үндемеді. Өлден кейін барып тұңғыық жанарлары жымыңдап, шоқша сақалын алақанымен сипаған күйі әлгіндегі әңгімесін қайта сабақтады. Езуіне де күлкі үйіріліп шыға келген.

— Осы жолға жиналып жатқанымда қос кенжем аяғыма оралып шықсайшы. «Әке, қайда барасың?»— дейді жарыса...

Ол сөйлеп отыр. Шөгіңкіреген мол денесі кезінде зор тұлғалы болғанын анық байқатады. Бүкіл болмыс-пішімін тыңдаушыларына аударған қарт қыранның омырауындағы қос Алтын Жұлдыз қозғалған сайын жарқ-жүрқ етеді. Маңдайындағы қатпар-қатпар әжім іздері өмірдің бел-белестерін көз алдыға әкелгендей.

— Ағама барамын,— деймін қуақылана.

— Қайдағы аға?— деген балаларым аң-таң.

— Сыр бойында тұрады. Бүкіл елімізге әйгілі Ыбырай Жақаев аталарыңды іздеп барып, сәлем бермекпін. Ол кісі менен бес жас үлкен, сондықтан аталарың маған аға болады емес пе?!

Жазекең өз сөзіне өзі балаша кеңкілдеп күлді. Жан қалтасынан көлдей бет орамалын алып жасаураған жанарын сүрткен ол терезеге қайта үңілді.

Ерекше күй кешкен қарт жүрегі алға асығып келеді...

Иә, қос жұлдызды қос алыптың кездесуі жайындағы хабар Қызылорда облысының түкпір-түкпіріне лезде тарап кетті. Үлкеннің де, кішінің де аузындағы сөз:

— Ақ күріштің атасы тоқсандағы Ыбырай Жақаевты республикадағы қой өсірудің айтулы саңлағы сексен бес жастағы Жазылбек Қуанышбаев арнайы іздеп келіп, сәлем беріпті...

Сәулетті өмірімізде мерейімізді марқайтып, қиялымызды шарықтатар тамаша сәттер көп-ау. Соның жарқын көрінісі — қарсы алдыңдағы сурет. Онда Ыбекеңнің шаңырағындағы ұмытылмас кездесудің бір ғана сәті бейнеленген. Сыр шертіскен ауыл академиктері өзара шүйір-келесіп отыр. Бұл кездесу 1980 жылдың 19 ноябрь күні болған еді.

Жан толқытарлық өнегелі де, ғибратты жүздесу. Қауышқан ыстық құшақтар... ақ дастарқан басындағы, күріштік алқабындағы, жастар ортасындағы сырласу-әңгімелер... Әрқайсысы қас қағым сәттік оқиғалар емес пе?!

Ыбырай мен Жазылбек! Есімдері бүкіл елімізге әйгілі ардагерлерді кез келген қазақстандық біледі. Республикамыздың мақтанышы мен даңқына айналған олардың дидарын ешқашан бетпе-бет жүздеспеген жандардың өздері жақсы таниды. Өйткені қос бәйтерек — екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақ күріштен тұңғыш рекордты өнім өндірген Ыбырай Жақаев пен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, есімі республиканың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылған атақты шопан Жазылбек Қуанышбаев астана төрінде өтетін небір алқалы бас қосулар мен салтанаттардың көркі болып қатар отыратын.

Ал күрішті ауылдағы кездесудің жөні тым бөлек-ау...

Тоқсан бір жасқа тақаған шағында өмірден өткен Ыбекеңнің өшпес ізі әр жүректе сайраулы. Социалистік егін шаруашылығының даңқты шебері атанған ол өзінің маңдай тері төгілген «Қызылту» колхозын ұйымдастырды. Егін даласының ерен зергері атанған қарт күрішші соңынан ерген кейінгі лекке үнемі ақыл-кеңесін үйретуден жалыққан емес. Колхоздың күріш өсірушілер звеносын басқара жүріп, Сыр маржанының жаңа тұқымын шығаруға бүкіл ғұмырын арнады. Жастардың ақылшы-ұстазы, озат агротехниканы творчестволықпен игеріп отыруды негізгі нысана етті. 1949 жылы осындай жаңа агротехникалық тәсілдерді тиімді қолданған даңқты күрішші ре-





Екі мәрте Социалистік Еңбек Ерлері Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаев

кордты мол өнім — гектарынан 171 центнер күріш алды. Ыбырай ақсақал егін шаруашылығында аса үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп қана қоймай, өзінің бай тәжірибесін дарқандықпен бөлісті. Күріш өсірушілердің жас буынын тәрбиелеп шығарудағы еңбегі де өлшеусіз. 1964 жылы февраль айында ол Қазақстанның жас диқандарына арнап «Жастар, сендерді ақ күрішті алқаптар күтеді!» атты

үндеу тастады. Кейінгі толқын үлкен бастаманы іліп әкетті. Жер-жерде жақаевшылар қозғалысына үн қосқан жас күрішшілер егін танаптарына аттанды.

«Шәкіртсіз ұстаз — тұл» деген емес пе дана халқымыз. Бұл күнде рекордтың туын тіккен Сыр бойында қыр төсінде жайқалған қырмызы қызғалдақтай жақаевшылар еңбек көрігін еселей түсуде. Жас жақаевшылардың бесжылдықтардағы жарқын қолтаңбалары тамаша дәстүрге айнымас адалдықты бейнелесе керек. Күріштік алқабында жүзген көгілдір кемелер жақаевшылардың сенімді қолында. Ал рекордты дүниеге әкелген Ыбекеңнің ағаш сапты кетпені облыстық комсомол комитеті жанындағы «Еңбек Даңқы» музейінде тұр. Қастерлі мұра көзге сондай ыстық...

Шопан ата Жазылбек Қуанышбаевтың да өнегелі өмір жолы жас ұрпаққа үлгі. Жаңашыл шопанның қой тұқымын асылдандырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Мойынқұм ауданындағы «Айдарлы» совхозында аға шопан болып еңбек еткен ол ондаған жылдар бойына әр жүз саулықтың соңынан 130-дан төл өргізіп, мемлекетке бірінші сортты сапалы қаракөл елтірісін өткізуде ең жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бейнелеп айтар болсақ Шопан-ата өргізген отар-отар қозы ондаған шаруашылықтың малын құрайтыны анық. Әйгілі шопанның еңбегі әр кез жарқырап көрінеді. Қаракөл елтірісіне арналып дүние жүзінде ұйымдастырылған үш музейдің бірі — Шымкент қаласында. Музей серелеріне қойылған қаракөл елтірісінің жүздеген түрінің арасынан Жазылбек ақсақал өсірген қаракөлді де көруге болады.

Бүгін таңда жазылбекшілер қатары да үздіксіз жаңа леппен толығуда. Құрметті еңбек демалысындағы Жазекеңді әрдайым жас қой өсірушілер ортасынан көреміз. Еңбекті серік еткен жастар жаңа белестерге беттеп барады. Думанға бөленген олардың айтатын әні — «Жазылбекшілер маршы...»

Адал еңбек пен маңдай терді қашаннан қастерлеп, қадір тұтатын халқымыз дарқан ойын бір-ақ ауыз сөзбен «Еңбек — ер атандырады» деп түйіндеген ғой. Сол еңбек құдіретінің шынайы көрінісі — қос жұлдызды қос алыптың жүздесуі.

ЛЫП ЕТІП көтерілген әуе сұңқары лезде қаз бауыр бұлттардың үстіне шыға келді. Асқар төменге көк күмбезінен көз жүгіртіп отыр. Күміс қанат астында бетінде санымың сәуле ойнаған шалқар теңіз мұнартады. Күндіз-түні тасты жағалауды соққылаудан әсте тынбайтындай көрінетін жалы күжірейген асау толқындарға да бұғалық түскелі қашан. Мұз құрсаңған жағалаудың көбесі көгілдір көктемде сөгіліп, сең жүрген алғашқы күннен бастап толқындар да ұйқысынан оянады.

Осы сәт Асқардың көз алдына жөңкіліп көшкен теңбіл-теңбіл сеңдер көлбеңдеді. Бүкіл қаланы құшағына ораған көгілдір жағалау қаз-қалпында жігіт жанарына ұялағандай. Самғау биіктен қарағандағы Балқаштың қысқы суреті тым бөлекше. Көл де, қала да — аппақ. Мұнартып шалынады. Қадау-қадау бұлттардың арасынан маңғаздана мен мұндалаған мұнаралар көзге оттай басылған. Комбинаттың іркес-тіркес құрылыс алаңдары... Заводтың біріне-бірі ұласқан заңғарадай ғимараттары. Қайсысында қай цех орналасқанына дейін шетінен ажыратып отыр.

...Жүрегі алып-ұшып барады. Лүп-лүп... Күн ұзаққа осы. Кеуде керген қуанышын төңірегіндегілерге сездіргісі келместен сабыр құндағында ноқталап-ақ бақты. Бірақ... бәрінен бұрын ол өз жүрегінің дүрсілін өзі естіп, қатты қысылған. Уақытының соншалықты қысылтаңына қарамастан цехқа да бас сұғып үлгерді.

Еңбектес жігіттерінің сөздері құлағының түбінде жаңғырып тұр. Кеше кешкілік смена соңында қоштасып шыққан құрдастары көптен жүздеспеген жандарша, шетінен құшақтарың ашқан.

«Асқар-ау, біздер сені ендігі астана көшесінде алшаңдап жүрген болар десек... әлі осындасың ба...»

Әке-шешесінің шегелеген сан алуан ескертпелерін аэропорт басында тағы да естіді. Үндемей құтылды-ау, әйтеуір. Бәрінен бұрын шығарып салушылардан қатты ыңғайсызданған.

Атам қызық кісі. Зіңгіттей жігітті көзіне ілсейші, осы! Қашанғы бала санай бермек. Сөз біткен таусылып қалғандай айтатындары баяғы әуен: «Бірдеңеге ұрынып қалма, күнім! Ешкімге соқтықпай жүр, ботам!»

Ол әлгінде ғана естігісі келмеген осынау сөздердің және бір қайталануын күткен еді.

Шырқау нүктесіне ілінген әуе лайнері бір орында қалқып тұрғандай. Бұлттар ғана самолеттің зуылдап келе жатқанын ап-анық байқатады. Ал заңғарларға самғаған жігіт қиялы бұлттарды қақ жарған көк сұңқарынан да ұшқыр болатын...

«Отанымыздың жүрегі — Москвада өтетін еліміз комсомолиясының ең үлкен форумына қатысу, съезд залында өз құрдастарыңмен қатар отыру; коллективі туралы, әріптестерінің қарапайым да өнегелі істерін мақтанышпен сөз ету; мінеки, осындай мүмкіндіктерге жол ашып, үлкен құрмет көрсеткен жерлестеріңнің зор сенімінен табылу — нысаналы мақсат. Үміт биігіне көтерілгеннен артық парыз жоқ. Сондықтан да бойыңдағы жастық жігерің мен қажыр-қайратыңның ұшқын атып, бұрынғыдан бетер алаулауы хақ. Ал жүректен ұшқан ұшқындар тек жүректерге қонақтап жататыны белгілі!... Мынау әлемде адамдардың жүрегіне ұялаудан артық бақыт та, қуаныш та болмас, сірә!..»

Ленин комсомолының XVIII съезіне делегат болып қатысқан Балқаш кен-металлургия комбинатының озаг металлургі Асқар Байдағұлов ВЛКСМ Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланды. Осы бір жауапкершілігі мол үлкен құрметтің тұңғыық көзі мыңдаған шақырым шалғайдағы өзі еңбек ететін ортадан бастау алып жатқанын Асқар бұл жолы астана төрінде тұрып-ақ анық сезінген болатын...

\* \* \*

КЕЗЕКТІ смена сәті. Балқыту цехының ауласы. Ерсілі-қарсылы ағылғандардың көбісі асығыс бас шұлғысып өте шығады. Сәл іркіліп жөн сұрасқандар жүздері балбұл жанған күйі жұмыс орындарына қарай асығады.

Бір-бірінің есімдерін білмесе де жүздерін жақсы таниды. Үндемей өте шығу мүмкін емес. Асқарды да бөгей берген осындай таныс және бейтаныстары еді.

— Қал қалай, лауреат?...

Көрші цехта істейтін Айтқали екен. Екпіндетіп оны-мұны сұрай жөнелген ол Асқардың қолын ұзақ қысып тұрып алды.


— Өзің көрінбейсің, демалыста болдың ба?— деді Асқар оның сөзін бөліп.

— Жұмыстамын... Демалысқа кейінірек шығамын. Арнайы құттықтап, қолыңды қысып шықсам дегенмін естігенде-ақ. Адал еңбегің әр кез жана берсін.

— Көп рақмет, Айтқали. Үздік еңбегімен көрініп жүрген жалғыз мен емеспін.

— Бәрі дұрыс. Дегенмен де сенің орның бір бөлек. Ең бастысы — жақсы ісімізге қуана білейік те.

Асқардың үндемей қалғанын сезді ме, әлде уақытының тығыз екенін ойлады ма, Айтқали әлсін-әлсін сағатына қарағыштай берген.



Балқаш жағасында

— Кейін тағы да кездесерміз, жұмыстан кешіккенім болмас.

...Конвертор учаскесіндегі еңбек ырғағы өз күйін шертуде. Комбинезонды жігіттердің қимылдарына көз ілеспейді, қызыға да таңдана қарайсың. Алау оттың ортасында жүрген олардың баршасына тән қасиет — жүктелген жұмыстарды тиянақты да жауапкершілікпен атқарып шығу. Жылу цехынан басталатын күрделі жұмыс процесі үш учаскеден өтіп барып аяқталады. Түрлі пештер... түрлі температуралар...

Мыс балқымасы — штейн алынғанға дейін қыруар жұмыстарды игеретін жалынды жастардың бір минут бос уақыты жоқ. Балқыма тек жіті қадағалауды қажет етеді. Мүлт кетуге болмайды. Бір мысқал мыс жолындағы толассыз еңбек майданын өз көзіңмен көрсең, шіркін?! Жалын өтінде сағаттар бойына бетпе-бет тұрып, қып-қызыл от көсеу!

Балқыма селімен жарыса төгілген маңдай тер тамшылары тебірендірмей қоймайды. Мінеки, қазір де жас металлурттар жауапты вахтада тұр. Олардың арасында өндіріс озаты, бесжылдықтың жас гвардияшысы, коммунист Асқар Байдағұлов та жүр. Балқаш кен-металлургия комбинатына 1974 жылы келген ол аз уақыттың ішінде-ақ жұмбағы мол мамандық сырын еркін меңгеріп кетті. Балқыту цехындағы комсомол жастар сменасында құюшы болып істейтін Асқар өзіне жүктелген тапсырманы мерзімінде орындауды дәстүрге айналдырған. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Алғашқы күннен қаталдығымен, іскерлігімен көріне білген Асқарға цехтық комсомол ұйымы ең жауапты тапсырмаларды сеніммен міндеттеп отырды.

Әлгінде кездескен өз замандасы — Айтқали Жұрғынов металлургия цехынан. Бейтаныс жігітпен оп-оңай тіл табысып кетті. Онымен үнемі комсомол комитетінде кездесіп қалатын. Комитет мүшесі ретінде екеуі де өз ойларын ортаға салып, өздері еңбек ететін цех өмірінің әр түрлі жайларын баяндайды.

Сондықтан болар осынау ұқсас қасиеттер оларды лезде достастырып та жіберді.

«Балқаш кен-металлургия комбинаты сыйлығының лауреаты» деген құрметті атақ тұңғыш рет ең үздік еңбегімен әрі үлгілі қоғамдық жұмыстарымен дараланған жиырма жас жұмысшыға берілді. Жүздеген комсомолецтің арасынан оқшау көрініп, лауреат атанған Асқардың қуанышына бүкіл цех ортақтасқан.

Алдыңғы буын ағалар мен еңбектес достарының жүрекжарды жылы лебіздері, мөлдір тілектері айрықша қанаттандырып, әдемі бір әсерге бөлеген еді сонда. Жігіт жүрегі лүп-лүп соғып тұр. Қуанышын жасыра алар емес.

Аузына орала берген жалғыз сөз:

— Рақмет! Адамдар!..

\* \* \*

АСҚАРДЫҢ аты-жөнін Қазақстан комсомолының XV съезіне сайланған делегаттар қатарында естігеннен-ақ онымен жүздесуге асықтым.

Қаңтардың шыңылтыр аязы бет шымшиды. Ақша қар бетінде ойнаған қисапсыз сәуле күн шұғыласына шағылысып, бұрынғыдан бетер жарқ-жүрқ етеді. Көз ұялтады.



Жас металлург Асқар Байдағұлов

Асқар екеуміз Космонавтар бульварымен жоғары өрлеп келеміз...

Облыстық комсомол комитетінде өзге делегаттар секілді анкета толтырып шыққан Асқардан оңаша әңгімелесуді өтіндім. Жанарына жылылық ұялаған оның жымығаны да айрықша әсем көрінді.

— Отырғаннан гөрі, уақытыңыз болса, қонақ үйге дейін жаяу қайталық,— деді ол.

«Шешіліп сөйлесетін болдық қой. Әңгіме тиегін де еркін ағытқанға бұдан артық жағдай болмас».

— Жарайды...

Орталық көше арқылы гүлзарға түстік.. Ондағы ой — транспорттың у-шуынан құтылу. Қарсы жолыққан топ-топ жастардың кейбірі бас изеген бойы сықырлатып өте шығады. Асқардың таныстары екенін біліп келемін.

— Жезқазғанға жиі келіп тұратын шығарсыз?

Бұл сауалды күтпегендей Асқар тура бетіме қарады.

— Бірінші рет келуім. Жаңағы жолыққан жігіттер — балқаштықтар. Конференция делегаттары. Қайсыбіреулерімен осында таныстым. Балқаштағы сауда орталығында сатушы болып істейтін Баян Қожинаны сырттай жақсы білетінмін. Ол Қазақстан комсомолының XIV съезіне делегат болып сайланды ғой. Конференция залында өз жерлестеріңмен қатар отыру қуаныш екен.

Асқар өзі жайлы сараң баяндайды. Әңгіме арнасын басқа бағытқа бұра береді. Достарымен бірге еңбек ететін коллективі төңірегінде әңгіме өрбігенде еркін шешіліп кететінін әуелде аңғарғанмын.

Сөйтседағы шым-шымдап сыр суыртпақтаймын.

Ол сөйлеп келеді.

— Қатар құрдастарымнан бөліп-жарар өмірбаяным жоқ. Орта мектепті бітіргеннен кейін әскери міндетімді атқарып қайттым. Әкем мен шешем жоғары оқу орындарының біріне түсіп оқы дегенді айтты. Бірақ... адам еркінен тыс күш болмас. Кен-металлургия комбинатының табалдырығын жүрегісіне аттаған күнімді еш ұмытпаспын. Болашаққа, ертеңгі күнге бастар нық сенімді темір-қазық еткен айрықша құштарлықты жастар ортасы асқартатып жіберді. Комсомол-жастар коллективіне мүше болып тіркелгеннен өзіндік қыры мен сыры мол металлургия өмірін терең біліп, үйренуге тырыстым.

Сонымен кино кадрлардан көріп жүрген даңғарадай киіз қалпақ киіп, қолымен от көсеп, балқыма бұлағын селдеткен металлургиялардың бірі болып шыға келдік.

— Өзім еңбек ететін комсомол-жастар сменасы жыл-ма-жыл тамаша еңбек жемістеріне қол жеткізіп жүр. Он бірінші бесжылдықтың алғашқы үш жылын да толағай табыстармен шығарып салдық. Қашанғы әдетімізше өзекті жылдың да екпінді вахтасында биік межеге жетуді көздеп отырмыз. Смена жастары арасында социалистік жарыс өріс алған. Біз еңбек ететін анод учаскесі бойынша ай сайын тоғыз жүз тонна мыс беру керек болса, бұл көр-



сеткішті үнемі артығымен орындауды дәстүрге айналдырды. Бір мысқал мыс үшін күреске смена мастері Володя Мирочниченко, цех парторгы Шәбден Мұқашев, цехтық комсомол ұйымының секретары Сергей Кузнецовтардың жастарға көрсетіп отырған ілтипаты мен қамқорлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені олар жастардың бірден-бір ақылшы ұстазы, үлгі тұтар шам-шырақтары...

АСҚАР мен кейіннен де кездесудің сәті түсті. Еңбек көрігінде ысылған балаң жігіттің бір кездегі мінезі жоқ. Үлкен өмірдің тезінде шыңдалған ол салиқалы да салмақты сөздің иесі атанған. Байыппен өрбіткен байсалды әңгімесінің өзінен-ақ көп жайды аңғарасың. Қарақан басының жағдайын ойлаудан бұрын коллектив тынысына, еңбектес құрдастарының күнбе-күнгі тіршілігіне үңілуді парыз санайтын жас металлургтың жүрек сырын тыңдай бергің келеді. Тіпті, сонау жылдары алғашқы жүздесуде ішке бүгіп қалған кей жайлардың әңгіме үстінде қылаң беріп бой көрсетуі де заңды. Көңілге ерекше қуаныш үйілгені Асқардың өзіндік ой түйіп, пайымды пікір айтуы. Әуелгідей емес, оның алқалы топ алдында өзекті әңгіме өрбітуге әбден машықтанып алғаны сүйсінткен...

...Есею жылдары, өсу баспалдақтары қашанда көңілге қуаныш ұялатады емес пе. Ленин орденді Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Балқаш кен-металлургия комбинаты көтерілген биік белестер, ерен еңбекпен тұлғаланған толымды табыстар мақтанарлық-ақ. 1976 жылы Лондон биржасына қойылып, тазалығы жөнінен эталонға алынған Балқаш мысы содан бері төрт рет аттестациядан өткен. Бірақ Балқаш мысындай таза мыс, онымен таласарлықтай бір мысқал мыстың дүние жүзінен табылмағанын айту зор ғанибет.

Кәсіпорынның бүгінгі мүмкіндіктері оның жобалық қуатынан 5,5 есе асып отыр. Қазір мың жарымдай жұмысшы өндірістен қол үзбей білімін көтеруде. Олардың үштен бірі институт, техникумдардың кешкі бөлімінде және сырттай оқиды. Жылына жүздеген адам өз мамандықтарының дәрежесін арттырады. Алып комбинаттың сегіз мыңнан астам жұмысшысы коммунистік еңбектің екпіндісі, екі жүздей кәсіпорын, цех, смена, бригада, учаске коммунистік еңбек коллективі атағын жеңіп алған.

Есімдері комбинат тарихына алтын әріптермен жазылған жүздеген шам-шырақтар арасынан ең алғаш ауызға ілінетіні де — «тұңғыштар». Атақты тұңғыш флотатор Әубәкір Әлімжанов, Ю. К. Победоносцев, У. И. Кошик,

М. П. Русаков, А. Тырнаков секілді тарландардың есімін бүгінгі жас ұрпақ өкілдері құрметпен ауызға алады. Мұндай майталман металлургтар атындағы сыйлықтарды жеңіп алу үшін өткізіліп жүрген еңбек бәсекесі де қызу.

Міне, мұның бәрін маған рет-ретімен жеткізген де Асқар. Ол өзі еңбек ететін жалғыз цехтың төңірегінде ғана әңгіме қозғамай, бүкіл комбинаттың — Одақтағы ең ірі мыс алыбының кең тынысына, оған қатысты шоқтықты-шоқтықты оқиғаларды әдемі қабыстырып, шабыттана сыр ербіткен.



КӨККЕ асқақтай, таласа бой созған алып мұржалар қаланың қай тұсынан болсын көзге бірден шалынады. Ақжал толқындар тасты жағалауды тынымсыз сабалап жатыр. Қала жаңа ғана ұйқысынан оянған. Жаңа еңбек таңының басталғанын паш еткендей шығысты шашақты арайға бояп күн көтеріліп келеді.

Ал комбинат ауласынан таң келбетін тамашалай шыққан Асқар мен оның еңбектес достары түнгі кезекті аяқтап, үйлеріне қайта бастады...

«...Бесжылдықтың жас гвардияшысы», ВЛКСМ Орталық Комитетінің мүшесі, бір мысқал мыс үшін маңдай терін тамшылатқан металлург Асқар Байдағұловтың да үлкен өмір жолының шаңқай түсі әлі алдында.

СҰР БҰЛТ ҚАПТАҒАН қарашаның бір күні-тін. Суық жел құм суырып тұр. Шағын станция басы ығы-жығы. Жолыққандардың бәрі Райгүлге таныс, басын изеген болады. Жөн сұрасқандарға берер жауабы біреу-ақ:

— Сұлутөбеге бара жатырмыз.

Қасындағы құрбылары да жарыса:

— Иә, Сұлутөбеге,— дейді.

Олар төртеу — Райгүл Жалғасбаева, Күләш Әсімова, Айшагүл Ералиева және Жәмила Сағынтаева. Парталас төрт құрбы мектепті бітірісімен бала жастан көздері қанық күріш орағында тұңғыш еңбек баспалдағын бастаған.

Жастыққа тән жалын жігер байқата білген жастарға еңбек көрігінде шыңдалған алдыңғы ағалар дән риза. Көп жылғы тәжірибелерінің жемісін айтып, ақыл қосқандар да табылды. Совхоз басшылары да қыздардың механизатор мамандығын меңгеріп, техника тілін үйренулерін қалаған. Сөйтіп, армандастар қол ұстасып, үлкен жолға шықты. Сенім серігі — жүрек қалауы Сұлутөбе кәсіптік-техникалық училищесіне тартты.

Ауылдан ұзап ешқайда қадам аттамаған құрбылар терезе алдынан кетпей, сонау көкжиекке көз жүгіртумен отыр. Әр жанарда мұнартып қалып бара жатқан ауылдың нобайы. Ауыр доңғалақтар өз әуенінен жалығар емес. Тарс-тарс... доңғалақтар дамылсыз зырылдайды.

— Қыздар, Сыр... қараңдаршы!

Айшагүл мен Күләш екеуі бірдей Райгүлдің көзіне қадалып қалған екен. Жәмила күліп жатыр.

— Сендердікі қызық! Дарияны Райгүлдің көзінеін іздегендерің қалай,— деп терезеге жақындаған.

— Ә-не, сұлу Сыр! Толқып жатыр...

Мың бұралып, ерке өзен бірте-бірте поезд жолынан қашықтай берді. Қос жағалауын оқалы тондай көмкерген жыныс тоғай арасынан аракідік жалт-жұлт етеді. Ал құрбылар жанарында туған жерге деген сағыныш оты алғаш рет ұшқындағандай еді.



Сырдың күміс маржаны

— ӘРИНЕ, АЛҒАШҚЫДА қиындау соқты. Темір-терсек дегеннен бейхабар біздер — қыздар үшін машина тетіктерінің аттарын ажыратып, әрқайсысының нендей қызмет атқаратынын білу, меңгеру оңай болған жоқ-ау.

Райгүл езуінде күлкі үйірілгендей болды. Іле-шала сөзін жалғаған.

— Кейбір механизмдердің «ішек-қарнын» ақтарып, бақайшағына дейін шаға білмесек тағы да болмайды. Өйткені біздер болашақ бір-бір техника иесіміз ғой. Оның жүріп-тұруы өзімізге жауапкершілікпен жүктелмей ме! «Демек, механизатор болғың келеді, техника тілін жан дүниеңмен беріле, ықыласпен үйрен».

Онан да бұрын керегі — намыс. Алты ай оқыған төртеуіміз туған ауылға келер көктемде шофер-тракторшы боп оралдық...

Райгүл екеуіміз көп әңгімелестік. Өзі жайлы сөзге сараң. Айтылмай қалған сырларды мен оның жарқын жүзінен, күлім көзінен іздедім.

...Жер тершіп жатыр. Жылға-жылғамен сылдырап су ақты. Кешелі-бері күн өз шуағын мол төгіп тұр. Терістіктен көктем лебі білінеді. Шалқар дала дүбірлі шақтың жаңа шымылдығын ашты да, кең сахнасына тұс-тұстан алып тракторларды шығарған.

Көк жүзінде қайтқан құстар тізбегі. Дала төсінде айқыш-ұйқыш із тастаған тракторлар тағы бір еңбек жырын бастап та кетті. Райгүл думанды ортаға училищені бітіріп келген бойда араласқан-ды. Механизатор қыз бензовоздың руліне отырды. Аудан орталығынан бөлімше-бөлімшелердегі жер жыртып жүрген тракторларға жанармай жеткізіп, әрбір механизатордың ойынан табылып тұру оңай жұмыс емес.

Сын сағаттары. Райгүлдің ерте тұрып, кеш қайтып жүргені Айша шешейге қатты батты.

— Құлыным, далада жүргенде мәшинесі құрғыр тұрып қалмаса жарар еді.

— Әлгінде қыздыра алмай оны-мұнысын шұқылап, біраз әуреге түсті емес пе?!

— Ай, Өрікбай-ай, тамның төбесіне шықсаңшы. Жарық көріне ме екен. Кешікті ғой өзі.

Ана жүрегі бір сәтке тыншымайтын осылайша. Райгүлсіз ішкен асы да бойына сіңбейтіндей. Қазір де қызын

тағатсыздана күтіп отыр. Кенжесін тамның үстіне әлденеше шығарған.

...Түн қараңғылығын қақ айырған машина жарығы біре-се аспанға атып, енді бірде мүлдем жоқ болып көрінбей кетеді. Жарық жақындаған сайын Айша апайдың да қабағы жадырап қоя берді. Райгүлінің сөзін іштей қайталаған.

«Жол енді басталды, апа...»

**ЖҰМЫСТЫҢ СОҢҒЫ** сағаты соққалы қашан. Алайда қалың қағаздың ортасында отырған кісі есіктен кіргеннен жылы мінез байқатты. Совхоз партия ұйымының секретары Баба-Омар Шілманов:

— Күріш орағы кезінде стол басына тиянақты отыра алмай, кей жұмыстарды енді реттеп жатқаным ғой. Мына бір мақаланы жаңа ғана оқып шығып, рақаттанып отыр едім.

Ол қолындағы «Партийная жизнь» журналының соңғы санын көрсетті. Ойға шомған хатшы сөзін қайта сабақтады.

— Жас маманның өсу жолы, оның өз коллективі арасындағы беделі, іс-әрекеті, тіпті мінез-құлығының өзгергенін қалай нанымды суреттейді десеңізші.

Сөз арасында парторг Райгүлге — үйіне телефон соғып, оны күтіп отырғанымызды жеткізді. Сөйтті де, ол туралы әңгімеледі.

«...Қызымыз ерлеп тұр, 35 гектар күріштің әр гектарынан 80 центнерден күміс дән алып, аудан бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Бірер күннен соң сүдігер көтеруді бастамақ. Еңбек даңқы қашаннан үлкен мен кішіге бірдей. ВЛКСМ-ның ХХХ жылдығы атындағы орта мектепті бітірісімен еңбекке араласқан Райгүл — мақтанышымыз. Кезінде Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат боп сайланды. Республика комсомолының XII съезіне қатысты. КПСС мүшесі. Ол алғашқыда екі жыл шофер болып жүрді, кейіннен күріш өсіретін комсомол-жастар бригадасын тұңғыш рет ұйымдастырып, тың бастама иесі атанды. Жастар бригадасы Сыр маржанын көптеп өсіруде ерекше еңбек үлгісін көрсетуде. Бейнетті еңбек зейнетті де. Күрішшілер бригадасының жетекшісі Райгүл Африкаға барып, Кения, Танзания секілді мемлекеттерді аралап қайтты. Достық поезының құрамында болып Польшаны көрді. Оның омырауында ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Алтын масақ» құрметті белгісі жарқырайды. Еңбектен қол үзбей жүріп ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетін бітірді...

ҚОС САЛТ АТТЫ төбеге шыға келгенде, етекте күріш теңізі толқып жатты. Самал желмен найқалған күріштікте мың-миллион толқын бірін-бірі қуалап жүргендей. Сағағынан иілген күміс дәнді масақтар ауыр ырғалады.

— Жайқалуын!.. Кімнің күріштігі болды екен, шіркін?!

— «Далакелдің» табанын әлгі депутат қыз иемденді деген еді ғой.

— Райгүлді айтасың ба?

— Иә, есімі аузыма түспей келе жатқан депутат қызым — Райгүлдің күріштігі болуы керек.

— Түсімі де жаман болмас, сірә?

— Көрінісі бітік-ау!..

Салт атты қос қария асығыс желдіртіп барады. Бағыттары — беткейдегі жалғыз қараша үй. Әлсін-әлсін бас шұлғысып келе жатқан жолаушылар жапанда отырған күрішшіге жолығып кетуді жөн көрген секілді. Белуардан күріш теңізін кешіп жүрген Райгүл бейтаныс «жолаушыларды» танымаған. Бәрінен бұрын ол өз есімін бейтаныс шалдардың аузынан естігеніне қатты ұялды.

— Өткен жылы олай-пұлай шапқылап жүріп, күріштің бабынан айрылып қалғаным. Ауыл жақын болса да биыл күріштік басына қара үй тігіп отырмыз. Күріш дегенің басы-қасында болуды тілейді ғой қашанда.

Жас күрішші, ауылдастары «депутат қыз» атап кеткен Райгүл Жалғасбаева өзі айтқан биігінен көрінді де. Әр жыл сайын Отан қоймасына Сыр маржанын мол тапсыруды тамаша дәстүріне айналдырған.

## ЕЛУ МИЛЛИОНҒА ҮЛЕС

ЕСІК сықырлап ашылған тәрізді. Ұйқылы-ояу басын көтерген ол төрдегі Тұрсынақшаның төсегіне қарады да: «Жатқан бойы екен ғой»,— деген іштей. Екінші жағына аунаса болғаны енді ғана қара көлеңке аралай бастаған бөлмедегі таң тыныштығының бейберекетін шығаратындай сезінді. Үн-түнсіз шалқасынан ұзақ жатты. Тәтті ұйқы құшағындағы құрбыларының оянып кетпеуін ойлаған. «Оның үстіне Тұрсынақша мен Гүлжанның түнгі күзеттен келіп жығылғаны да әлгінде. Үйреніп-ақ кетті, дегенмен ұйқының аты — ұйқы. Бірер сағат болсын, көз шырымын алған жөн. Әйтпесе күнұзаққа мең-зең жүргенің...»

Көзінің қайта ілініп кеткенін білмей қалған Гүлбике орнынан ұшып тұрды. Түн түңлігі түріліп, бөлме ішін боз ала таңның жарығы билей бастапты. Көлеңке біткенді бұрыш-бұрышқа қуып тыққан. Таң хабаршысы — бозторғайлар да үйреншікті әуендеріне салады. Үздіксіз шырылдайды.

Бұтақтан-бұтаққа бұлт-бұлт секірген торғайлар. Ашық есіктің саңылауынан бөлмеге де кіріп кететіні бар. Қазір де жалғыз торғай үй ішінде сайрандап жүр.

Майра да тұрып кетіпті. Бүгінгі аспаз ғой. Ертеңгілік тамақтың қамын жарым-жартылай реттеп қойған. Сөйтседағы ерте ояныпты өзі.

— Майра-ау, тым құс ұйқы болып кеткенсің бе?

Гүлбике ас үйдің есігінен сығалады.

— Кезегім келген күні жата алмаймын,— деп Майра шынын айтып жатыр.— Түсте шөлдегенде салқын тұрсын деп қақсөлін қайнатып қойдым.

— Дұрыс болған екен бұның.


Гүлбике жүре сөйлеген беті комплексті, қора-жайларды барлап келетінін ескертті. Алғашқыда ол өзінің қылығы өзіне оғаш көрінетіндей қатты ыңғайсызданып жүрді. Қатар құрбылары алдында «білгіш те, пысық та» аталғысы келуден бойын аулақ ұстаған.

— Қоғам малы баршамызға ортақ. Ендеше, бәріміз бірдей тең жүріп тұралық. Мені бригадир деп дараламаңдар.

Оның мына пікіріне ұстаз жетекшісінен бастап, бригада мүшелері шетінен қосылмайтындарын айтқан еді сонда.



— Гүлбике, сенің мына қылығың мүлдем дұрыс емес. Бригада деген атымыз бар. Ал сол коллективтің жетекшісі өзіңсің. Әуел баста бригадирлікке қолқалағанда сені ақылшы, кеңесші, сосын мына біздерге бас-көз болады деген едік. Несіне қысыласың, тізгінді қолыңа ал. Бригаданың ыстығы мен суығы, қиыншылығы мен қуанышы да саған. Көш бастағанның еш әбестігі жоқ.



Республика байлығының бірі — ақтылы қой

Құрбы қыздар ойлары еріксіз толғантқан.

— Қарағым, достар сөздерінің қайсысы болмасын жаны бар-ау. Ендігі жерде біріңе-бірің ақыл айтып, бағдар сілтеп отыратын осы өздерің емес пе, бригадиріміз деудің өзі үлкен сенімнен туған. Байқаймын, ұялғандықтан болар, ыңғайсыздана беретін сияқтысың. Бұл жараспайды. Өйткені сен қоғамның қыруар малы жауапкершілікпен тапсырылып отырған жастар бригадасының жетекшісісің.

Комсомол-жастар бригадасының ұстаз-жетекшісі Сәду Тұрабаевтың бұл сөзі де оны ойға шомдырған.

Содан бері де жылжып күндер біріне-бірі ұласып жатты. Жас шопандар бригадасының өміріне осынау күндер жаңалықтар мен қуаныштарды молынан сыйлады. Жаз бойына «Мойынқұм» жайлауында отырған өрім өрендер арық-тұрақ тоқтылардың тез арада домаланып шыға келгеніне қуануда. Жетекші ұстаздарынан әлсін-әлсін сұрайтыны қойдың жайы. Қабылдаған меже биігінен көріне аламыз ба, жоқ па? Бар көңілдерін дегбірсіз күйге түсіріп көлденеңдей берген де осынау сауал. Өмірден терген тәжірибесі мол Сәду ежелгі әдетінше үндемеді. Лапылдап тұрған жастарды лепірмеліктен сақтандыруды күнілгеріден зерделеген. Болмашыға масаттанып, кеудені ұрғыштайтын мінездің өзі көбінде жастардан көрініп қалады. Сондықтан да болар соңынан ерген кейінгі толқынға бар айтқаны:

— Еңбек жемісі қашанда биіктерге құлаш ұрғызады. Ал заңғарларға самғау оңай емес. Бұралаңы көп өмір жолының қиын-қыстау сәттерін еңбекке араласқан күннен бастап білер еді кімде-кім. Еңбек тезінен сомдалып шыңдалмайынша дала сахнасында еркін қанат қағып кету қиын. Адам баласын шыңдайтын да, сомдайтын да — еңбек. «Еңбек» атты жалғыз ауыз сөздің аясы кең. Қолына кетпен алып, я болмаса трактор руліне отырғанның бәрін бірдей әлгі сөздің шеңберіне енгізе бермеу керек. Не істеп, не тындырғаныңа көз жүгіртіп отырғаның абзал. Қоғамға, коллективіңе қосар еңбегің қаншалықты? Ең бастысы — өзіндік еңбек үлесіңді сезе білуің тиіс. Сендердің бойларыңнан жарқырап байқалатыны да осы қасиет. Көрмейді емеспіз, бәрін де біліп жүрміз. Қадамдарың қуантады. Сынның үлкені әлі алда. Олай дейтінім: мынау алдыларыңдағы қабылдап алған тоқтыны мемлекетке аман-есен жоғары көрсеткішпен өткізгенде барып сын қорытындысына үңілесіңдер. Әзірше қойдың қоңы

жаман көрінбейді. Не болсын, аялауды, күтімді қалайды ғой. Күтіп-баптауды төмендетпеңдер, әйтеуір. Сосынғы үлкен ретінде ескертетінім: «Бірдеңе бітіріп тастадық, жоғары нәтижеге ие болдық»,— деп даурығудан алшақ жүріңдер. Сендердің де еңбек өмірбаяндарың енді ғана парақталды емес пе?

...Гүлбикені де ширатқан осы тақылеттес ақыл-кеңестер. Бұрын, трактор рулінде жүрген кезінде ол бұл сөздерді неғып естімеген. Қайда жұмсаса да жүре беретін. Жүктелген тапсырмаларының қай-қайсысын болсын тыңғылықты орындайтын. Оза шауып, оқшау көрінбесе де, оның есімі мақтаулылар сапында аталатын әр кез.

Аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің мақтау грамоталарымен де әлденеше наградалған. Үздік еңбегінің нәтижесінде құрбылармен қол ұстасып Отанымыздың астанасы Москваға да барды. Сол мезеттердің өзінде де көп көңіл аудара бермеген жайларды енді бастан өткізді. Жеке ғана өз жағдайының ығымен жүретін кездегіден қазіргі өмірі мүлдем өзгеше. Ендігі жерде ойлайтының — бүкіл бригада қамы, мазасыз күйге бөлейтіні — коллективтің бүгіні мен болашағы.

Сондықтан да Гүлбике жас шопандар бригадасына жетекшілікке бекітілген күннен бастап колхоз басшылары мен тәжірибелі еңбек ардагерлерінің сөздерін көп еститін болды. Бәрінікі жас талапқа жол сілтеу бағытындағы жылы лебіздер еді. Әкесі Нұрбай мен шешесі Зәмиханның да құлағына құяр әңгімелері де жеткілікті.

Ардақты ана қарапайым әңгімесін тартымды жеткізуге тырысады. Салмақты да салиқалы сөз жүйе-жүйесін тауып жатыр.

— Мен он бір бала тәрбиелеп өсіріп отырмын. Өмірім де, қызығым да осы боталарым. Балалы үй — базар. Шындығында өз думанымыз, өз шаттығымыз мол. Гүлбике — төл басы. Осындағы орта мектепті бітірісімен механизатор мамандығын меңгерушілер қатарына қосылды. Біздің Калинин колхозындағы елуден астам механизатор қыздардың бірі болғаны қуаныш. Кейіннен трактор руліне отырды. Әкесі Нұрбай болып үй ішімізбен мақтандық. Келе-келе сол қыздар бастамасы өрісті қадамдарымен мерей тасытты. Қыз-келіншектер бастамасының көш басшысы болған Бағдат Қожабаева Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Ал қыздардың арасынан депутат болып, орден қадағандары қаншама. Гүлби-

кенің омырауында да «Құрмет Белгісі» ордені жарқырайды. Коммунистік партияның мүшесі атанды. Механизатор қыздар колхозымыздағы тұңғыш ұйымдастырылған жас шопандар бригадасының қаз тұрып кетуіне өзіндік үлестерін қосуды көздеді. Ақ-адал еңбек ет деуден басқа оларға айтар ақылымыз, қосар тілегіміз жоқ. Гүлжаным да осы бригаданың мүшесі. Бүгінгі заманда шопан болғанның ешқандай да әбестігі болмаса керек. Мал шаруашылығын жастардың қолдарына алуы қуанарлық. Балаларымның әкесі кейінгі жылдарға дейін қой соңында жүрді. Абыройсыз емес. Ауыл болып құрметтейді, сыйлайды. Жеткіншектерімнің алды еңбек етіп жүрсе, кейінгілері мектепте. Баяхметім Талдықорған қаласындағы кәсіптік-техникалық училищені бітірді. Бұл күнде туған аулының игілігі үшін еңбек етуде. Отан алдындағы абыройлы міндетін өтеп қайтқан егіздерім — Қасен мен Құсайын да ауылда еңбек етеді. Міне, балаларымның өз ауылдарының келбетін өзгертіп, экономикасын тасытуға қосып жүрген үлестерін әр кез мақтана айтар едік...

Аспанның алыс төрінде ақ шарбы бұлттар қалқиды. Ақша бұлттар аналардың ақ жаулығындай елестейді, аналардың ақ көңіліндей ерекше әсерге бөлейді. Бауыр еті балаларына ақ тілек тілейтін де, ақ жол қалайтын да Зәмихан секілді аналар ғой.

Күн қайнап тұр. Ана мейіріміндей шуақты күн елжірейді. Асығыс жолға жиналған біздерді Гүлбикенің шешесі қол бұлғап шығарып салды. Көз алдымда он бір бала тәрбиелеп өсіріп, солардың болашаққа басқан әр қадамын қадағалаумен тәулікті тәулікке жалғаған ана бейнесі. Сол Ардақты ана тұлғасы бірде жапырағын кеңге жайған алып бәйтеректі көз алдыңа көлбеңдетер еді.

...Зіркілдеген мотор үні құлақ тұндырады. Әлгінде шабындықтан әкелінген көк балауса арнаулы ұнтақтағыш қондырғы лентасымен сырғыған бойы екінші шүмектен трактор тіркемесіне үздіксіз құйылып жатыр.

— Нағыз шөп ұны осы,— деді Гүлбике таңырқап тұрған біздерге.

— Қой сүйсініп жейтін шығар?

— Жегенде қандай, мына бір тіркемені келесісі келгенше ойсыратып-ақ тастайды.

Бағанадан қондырғының тетіктерін бірінен соң бірін шұқылап жүрген Тұрсынақша сөзге араласқан. Ол қолындағы айырман тау болып үйілген ұнтақталған шөпті жаймалады да, тракторын от алдырды.

Арнаулы науаларды шөп ұнымен толтырғаннан кейін Тұрсынақша тракторын жолдың шетіне шығарып сөндірді.

— Қанша рейс жасадың?

Маңдайына түскен орамалын түзеп қойған ол тіс жармастан біраз отырды. Ойына әлде не түскендей сәлден соң барып:

— Төрт рет,— деді.— Шөп жеткізушілер үлгермей жүр. Әлде шабындық қашықтап кеткен бе, сөйтсе-дағы көк балаусаға не жеткен. Бастарын көтермейді-ау қойлар да.

— Қыздардың ақ таңнан қара кешке дейінгі тіршіліктері осы. Қойға шөп береді, жем береді. Қора тазалайды. Бәрі-бәрі механизм күшімен, техниканың көмегімен тындырылып жатады. Түнгі күзеттен де қалар емес. «Шаршап жүрсің ғой»,— дегенімізге ренжіп қалатыны да бар. Кешкі тамақтан соң жиналып, комплекске беттеп бара жатқан қай-қайсысын болсын тоқтатпайтын болдық бүгінде.

Жастар жетекшісі әңгіме тиегін ағытып отыр. Тұрсын-ақшада үн жоқ. Мен оған қараймын. Езуіне күлкі үйірілген қарындас назды үнмен құрбысының сөзін бөлген.

— Мен туралы Гүлбикеден әбден хабардар болған шығарсыз. Бәріміздің өмірбаянымыз ұқсас. Парталастар жұп жазбастан қайнаған еңбекке араласып кеттік. Жеке-жеке өмірбаяндық анкетамызды толтырған болсақ, біздердің мектеп бітірген, еңбекке келген уақыттарымызға дейін айна-қатесіз бір ғана сөзбен жазылар еді. Алғашында трактор бригадасында еңбек етсек, енді міне қазақстандық елу миллион үшін бүкіл халықтық қозғалысқа қосылып кеттік. Елу миллион! Партиямыз міндеттеп отырған зор міндетке өз үлесімізді қосуды абыройлы бoryшымыз санаймыз.

Екінші тың — жауапты сын. Қанша дегенмен де мына — Гүлбике, Зорам, Рахила секілді құрбыларымының өмір соқпақтарынан алған тәжірибелерін жеткілікті деуге де болады. Ал мектеп табалдырығынан тіке еңбек сынына түскен Бұлбұл, Бақтықыз, Гүлден, Майраларға қол ұшын созуымыз қажет. Жұмыс процесі де өте күрделі. Ал осындай игілікті бастамалар төрінде жастардың жүруі заңды.

Сырт көзге томаға-тұйық көрінетін кей жандардың шешіліп сөйлегенін көрсең, шіркін. Қалың ортада өз ойын ақтарып салып, ағынан жарыла сыр толғағанына таң қаласың. Тұрсынақшаның да көптен шешілгені болар. Гүл-

бике де қасындағы құрбы бойынан байқаған, күтпеген қылығына аң-таң. Әр сөзі тәнті еткен.

— Сөйлеуді қайдан үйренгенсің, ә!

Гүлбике оның мойнына асылып, күміс күлкіні сыңғырлатқан.

— Үндемегенге екі сөздің басын біріктіре алмас деп қорқып жүр ме едің?

— Көңіліңе алып қалдың ба?

— Жоғ-а-а..

Әзілдері жарасқан наз құрбылар пәк көңілдерге кірбің түсіріп алмауды да ойлайтын секілді. Біріне-бірі күлкі сыйлауда.

«Еңбек» атты комсомол-жастар шопандар бригадасының бригадирі Гүлбике Оңғарбаева мен осы коллективтің Еңбек Қызыл Ту орденді облыстық Советтің депутаты Тұрсынақша Құсайынова еңбек көрігінен өткен жастар. Сонау жылдары трактор руліне қатар отырған қос құрбы қазір де нық сапта жұп жазбай келеді. Еңбектері өнімді, тұрмыстары көңілді. Олардан кейінгілер үйренер тамаша да өнегелі қасиеттер мол. Еңбек әліппесін кейінде ашқан Гүлжан Оңғарбаева, Бақтықыз Қожабаева, Майра Қиялова, Бақжамал Ибрагимовалар үлкен жолға апарар соқпаққа түскен.

Панфиловтық шопан құрбылар биік белеске беттеп барады.

— ДАУЫЛ КЕЛЕ ЖАТЫР...

От жанар лездің арасында шексіз де, шетсіз көгілдір көкжиекті шарлап үлгерген. Әлгінде ғана әріп түспеген парақтай көк күмбезіне әлдеқайдан бір шөкім бұлт ойнақтап шыға келді. Күнұзаққа момақан жыбырлап жатқан майда толқындар да ақ жалдарын күжірейтіп, оқыс мінез байқатады. Ашу шақырған ақ жал толқындар шағала біткенді үркітіп, үрейлендіріп жібергендей.


Толқындарды мамық бауырымен сипап жүрген шағалалар мазасыз-ақ. Дамыл таппай шаңқылдайды. Жөңкіліп көшіп бара жатсадағы бауыр басқан ерке толқындарын қия алмай сүйіп жатыр, сүйіп жатыр...

Өйткені олар тулаған теңізін, оның тентек толқынын тектен-тек тәрк етіп кетпейтіндеріне әбден сенеді. Сонау бір көкпеңбек тұңғықтың тірелер тұсынан тұлымшағы желбірей көтерілер түсі суық сұр бұлттарды қақпайлап жететін қарашаның қара желі қашаннан жайсыз екенін де сезеді. Сондықтан да шағалалар тынымсыз шаңқылдайды. Толқын жалында тербетілген балықшы кемесінің бірде артын орап, бірде алдын кес-кестеген күйі аунап түсіп қалар емес. «Дауыл төсіне тастап кетпексіңдер ме!» деген сыңаймен жамырай шулайды-ау. Жоқ... шағалалардың мына шаңқылынан қайғыдан гөрі әлдеқандай қуаныш ырғағын естисің. Тек олар сендер мен біздерді табиғаттың ешқандай дүлей күштері үрейлендіре алмайды... «Біз — толқында туғандармыз» дегенді айта алмай қиналатын сияқты осы.

Бүкіл өмірін — балалығын, жігіттігін, қарттығын теңіз толқынында өткізіп келе жатқан Момыштан артық теңіз сырын, шағала мінезін білетіндер кемде-кем. Көз ұшында мұнартқан алыс жағалаулардан жазбаған жанары осы сәт тіптен тұңғық көрінген. Желді бет алған балықшы кемесі толқындарды белінен турап келеді. Соңында қалып бара жатқан ақ көбік жолақ жол бал-дәурен шақта көп қиялдайтын көк сұңқарының аспан төріне сызып тастаған кемпірқосақ ізінен аусайшы. Тура өзі. Ой орманын шарлап кеткен ол балалық жастық бағына саяхатты қасындағы «құлындары» — Ілияс, Киікбай, Исағалиын ертіп жүріп жасады.

Әке ойынан бейхабар ұлдар өзді-өзі шаруаларының соңында. Үшеулеп жүріп тарашталған ауды жинастырып,

тіркеме қайықты мықтап бекітті. Зіл зәкірді суыртпақтап көтеріп, шынжыр бауымен ноқталаған жабыла. Көк шалқар бетіндегі шағалалар шаңқылына «дүр» еткен мотор үні қосылды. Көгілдір айдын еркесінің сиқырлы сұңқылын, солқылдаған двигательдің даусын, толқындардың күміс сыңғырын теріскейден тұрған жел қас қағым сәтте іліп алып жөнелді-ай.



#### Тулаған толқын төсінде

Бағанадан «Дауыл келе жатырға» түсінбеген Киікбай әкесінің «көріпкеліне» таңданды.

Киікбай ойлаған: аспан ашық, күн тынық. Кеше де, одан арғы күні де... осындай емес пе еді? Енді сол іңір қараңғылығында тұр-тұрға салмаса жарар. «Дауыл келе жатыры» несі аяқ астынан. Тұп-тура бүгін дауыл болса



көрерміз-ау осы. Бірақ... бұйрықтың аты бұйрық. Тыңда-масқа шара жоқ...

Ол өзінің соңғы түйін сөзіне іштей күлді. Артынша әкесінің қатқыл жүзінен әлденені оқып, түсінгендей. Киікбай алдындағы құбылнаманың толқыған тілінен көз жазбай қатып қалған. Қос қолы — штурвалда. Бағыт — көз ұшында бұлдыраған алыс жағалаулар...

Қалың қорғасын бұлттардың саңылауынан соңғы рет сығалап көрінген қызыл күн кемедегілермен келер таңға дейін хош айтысқан еді. Толқындар астан-кестеңі шығып, дауыл тұрды. Гүрс... гүрс... Шағалалар көрінбейді, шаңқылдамайды да. Тек құлақ түбінде таныс үн тынбайды. Сол ызың-ызың... «Шарықтап қайда қанат қақтыңдар?..» Қарсы ұрған алып толқындар кемеңі жүргізбестен шайқап келеді. Толқын соққан сайын құбылнама тілі де дір-дір етіп безек қағады.

Ілияс ойлаған: Сөз жоқ дауыл тұрады. Мына, Киікбайлар не білсін, он шақты жылдан астам уақыт балықшылықты кәсіп еткен біздің топшылауымыздың өзі үнемі деп шығып жатпайды. Теңіз сырын бірер жылда ұға қояр пенде санаулы-ақ. Әйтпесе әкем де жаз — тулаған толқында, жел қайықтың үстінде, қыс қақаған аязда, көкше мұзда қолына сүймен алып ойық ояды екен. Әрине; «Ою ою бір басқа, ойық ою бір басқа, бәйбіше», — дейтіні де бекер емес. Былтыр да, биыл да, алдағы... баяғы кәсіп. Сонда беті қайтып, я болмаса жалығып кәсібіне налығанын көрсек шіркін! Бір маусымдық қиыншылыққа шыдамай түрлі жұмыстарды тізгіндеп кетушілерді де көріп жүрміз ғой. Әр маусымның ерекшелігіне қарай күні бұрыннан өзін-өзі тас түйін өзірлеп отыратын да, әкемнің кәсібіне деген құштарлығы мен сүйіспеншілігі болса керек. Елу бес жыл. Осыншама қыс, осыншама көктем, жаз, күз... Шыңдалар да, шыңға шығар уақыт. Бір кезде біздерге «Ньютон заңдарын», «Менделеев кестесіндегі элементтерді» тәптіштеп құлағымызға құятын сүйікті ұстаздарымыз сол сабақтарын күні бүгінге дейін өткізуде. Айырмашылығы — уақыттың алға жылжуы мен талап деңгейінің өсуі. Қазір де басын ақ күміс қырау шалған алғашқы мұғаліміміздің есімін сағыныш сезімімен атайтынымыз да сондықтан. Енді міне, әлгі «заңдар мен элементтерді» әрқайсымыздың балаларымызға үйретуде. Ендеше, әкемдердің де шалқыған қай нүктесінен су ырыздығын мол алуға болатынын алдын ала білсе, я болмаса табиғат құбылысының қай мінезін болсын

жазбай аңғаратыны таңдандырмаса керек. Еңбек жолы — қызық сабақ. «Аспан мейлі шайдай ашық болсын, толқындар кілт тына қалып, іле-шала шағалалар дамылсыз жөңкіліп көше бастаса — дауылдың белгісі дей бер!» Бұл сөзді әкемнің аузынан әлденеше рет естігенмін де. Осы жолы да қателесуі мүмкін емес, бауырым...

Сырт көз тұрмақ ол турасында әкесі Момыштың да кесіп-пішіп жөпелдемеде бірдеңе дей салмайтыны бар. Томаға-тұйық, бір беткей Ілиясының барынша ішіне үңіліп, көңіл сандығының тұңғиығындағы сыр пернелерін дөп басып барып, шым-шымдап болсын бар ойын тізгіндегенді қалайды қашан да. Кішкентайынанғы мінезі. Бала болып, жас болып, лақылдап ақтарылғанын, шешіліп әңгімелескенін де ешкім байқай бермес. Көп ретте не ойласын, не істемесін айқайламай тындырып жататын қасиеті жеңіп жүреді. Қай жұмысты да жан-тәнімен беріле орындайтынын шамасы жеткенше дйттеген нүктеден көрінгенді мақсат ететін қылығы әке жүрегін алаңдатпайтын, әйтеуір.

— Көш бастаушымыз ғой. Қуанатыны — Ілиясымың сабырлылығы. Көрші-қолаң арасындағы қайсыбір әңгіме төркіні балаларына ауысқанда Момыш ақсақалдың бар айтар бағасы бұл.

Мектепті бітіргеннен соң Ілияс жұрт секілді елпілдемеді де, елеңдеген жоқ. Көше кезіп тектен-текке жүріп те алмады. Соңғы қоңырау соғылған күннің ертеңінде әкесімен бірге теңізге шыққан. Ұлының бұл қылығына әкесі тіс жарып ештеңе айтпады. Ілиясына қатысты мыңсан толғанып, іштей шешіп қойған жайды ескерткісі келіп, әлденеше оқталды да. «Балықшылықты кәсіп етпей-ақ қойсаң қайтеді. Оқысаңшы, шырағым». Көмейіне тығылып келген осы бір сөздерін көңіл түкпірінде құндақтап қалды-ау.

Ондағысы тағы бір ой мазалай берген. «Жылма-жылғы жазғы демалысын үнемі қасымда өткізіп келеді екен. Егер қызықтырмаса, қораштанса ендігі жетектеп әкеле аламыз ба? Еңбектен-ақ көзімізді ашып, құрметке бөленіп отырған жай мынау. Теңіз толқынында шыңдалсын. Өзіме серік бола білсе ғой бастысы...»

— Біздерді күн сайын шағалалы шалқар, тулаған толқындар шақырады. Әкеңнің көзін ашқаннан мекені — осы көк теңіз. Сендердің әлгі жағрапияларыңда Балқашты көл деп атайды ғой.

— Теңіз бен көлдің өзіндік аталу ерекшелігі бар, әке.

— Жарайды, бәрібір мен үшін Балқашым теңіз қалпында қала береді. Одан да ана қайықты қайырдан шығар.

Момыш қамыс арасында жасырған қос ескекті әрең көтеріп шықты. Өзі әлі сөйлеп жүр.

— Ана шеті мен мына шетіне екі-үш түнеп зорға құлайтын осыншама көлемде шалқып жатқан Балқашымды «теңіз» деуге де аузы бармай тұрғанын қарашы.

Әкесінің мына жүзі болмашы нәрсеге ежіктесіп, кеңірдектесетін кеше ғана көшеде қалған балалығын көз алдына еріксіз көлбеңдеткен. Ілияс қарқылдап тұрып күлді. Мөлдір күлкі тағы да көл бетін біразға дейін жаңғырықтырып бара жатты. Құрық тастам жерден қамыс қолтығынан шүрегей үйректің барылдаған даусы естілді. Бірін-бірі қуып балапан қасқалдақтар жүр. Жағалауда шортандардың шоршығаны ап-анық естіледі. Мүлгіген тыныштықты дүр сілкіндіріп тұс-тұстан балықшы кемелерінің гүрілі жарыса шықты. Шығыс жақ қызыл арайға шомылып ояңғандай. Әр қолтықтан қалқып шыққан кемелер керуені шексіз де, шетсіз көк айдынды беттеп барады. Ілияс штурвалда тұрған әкесінің жанына барып көз сүрінгісіз көкжиекке көңіл құсын шарықтатып ұшырған. Ұлының не ойлап тұрғанын әке жүрегі сезеді. Сонда барып бағанағы күлкі сырын сұраған еді.

— Жәй, әншейін де. Кішкентай кезімізде бала біткен отырып алып: «Трактор күшті ме, самолет күшті ме?»— деп күнді ұясына батырғанша табан тіресетініміз есіме түсіп рақаттана күлгенім.

— Балалықтың базары ендігі жерде орала бермес, құлыным.

Әкесінің «құлынымына» шамданып қалды ол. Ілешала:

— Өзіңіз айтасыз да, «құлынымды» неге қосасыз осы.

— Момақан жатқан мына теңіз, тулаған толқындар, сені есейтіп өзі-ақ шыңдайды, ұлым.

Баласын қиянға ұшырған бүркіттей әке тұлғасы сол бір мезет тым ғажайып көрінген.

Кемелер керуені жағалаудан ұзап барады...

Содан бері де талай жылдар бедер-ізін сызып та үлгерді. Оңдаған жылдардан бері жұп жазбаған әкелі-балалы Жұмашевтар әулеті тулаған толқын үстінде келеді. Кешегі бала Ілияс бүгінде ысылған, тәжірибелі балықшы. Жігіт ағасы атанса да баяғы мінезі — сабырлылығы мен салмақтылығы. Одан кейін де соңдарынан

ілескен Киікбайы мен Исағалиының да айдын төрінде қанат қаққанына бірнеше жыл болыпты. Олар да әкесінің «Дауыл келедісін» бірінші болып құптаған.

Талдықорған облысындағы Киров атындағы балық колхозының майталман балықшысы Момыш Жұмашевтың омырауындағы Ленин ордені оның жарты ғасырдан астам уақыт тулаған толқын төсінде тер төккен еңбегінің айқын көрінісіндей жарқырайды. Әке ізіне түскен ұлдардың да атақ-даңқы әрдайым озаттар шоғырын жарқыратып көрсетсе керек. Теңіз тұңғиығынан су ырыздығын сүзген толқында туғандар бұл күнде он бірінші бесжылдықтың төртінші жылының тапсырмасын орындап, алдағы жылдар биігіне көтерілген.

...Ымырт үйіріле басталған қара дауыл түн бойына теңіз толқындарын бір-бірімен соғыстырып шығар шақ. Күш сынасқан балуан толқындар таң қылаң бергенше тіреседі. Ең ақыры құшақтасып, кеуде түйістірген қалпы тасты жағалауға жетіп жығылады. Асау ақжал толқындар түні бойына балықшы кемесін де әлдилеп шығады. Біқтиярына көндірсе әлдеқайда қажет бағытына айдап жүре берер де еді ғой. Бірақ дәрмен жоқ. Дүлей күш адамдардан қаймығатын секілді. Қамыс қолтығындағы жалғыз балықшы кемесін тентек толқындар бүгін де ұзақ таңға тербеп шыққан еді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ тұңғыш суретші қызы Айша Ғалымбаеваның есімі республикамызға ғана емес, бүкіл елімізге мәлім. Суретшінің қыл қаламынан туған небір туындыларды көптеген шетелдердің де сурет өнеріне ынтық жандары тамашалағаны аян. Қазақ халқының алғашқы суретші қызы атанған Айша апай жазған ғажайып полотнолар, әр жылдары дүниеге келген алуан тақырыптағы сырлы суреттер де әрқайсымыздың жадымызда, қай-қайсымызға да жақсы таныс. Оның жарқын шығармалары жүрегімізге тым жақын.

Шеберхана төрінде қатар-қатар үлкенді-кішілі үш-төрт рама тұр. Ала-құла бояулар әлі аяқталмаған тың туындылардың нобайларынан хабар береді. Тіпті мынау көкшіл түстер әлгінде ғана жағылған болуы керек. Әлі кеуіп үлгермеген.

— Мына бітпеген дүниенің өзінен-ақ біраз жайды топшылаған шығарсыз. Иә, менің төрт-бес жұмысты қатар жүргізетін үйреншікті әдетім, сурет салудағы ерекшеліктерімнің негізгісі де осы қасиет. Нелер тәулік қиял қазанында қайнаған ойларым қолыма қыл қалам ұстатқан мезетте шаршау дегенді ұмытамын. Үзіліссіз үш-төрт сағат ішінде ең қажетті бояуларымды орын-орнына түсіремін. Сосын... бірнеше күнге дейін әлгі басталған картинаға жақындамаймын да, екінші бір жаңа тақырыбыма айрықша құлшыныспен кірісемін. Не болмаса, нобайланған бұрынғы бояуларды сөйлете беремін. Мәселен, мынау әлі аяқталмаған «Көктем» атты полотно, қасындағы «Қуанышты күн» картинасы. Ал СССР халық артистері Күләш Байсейітова мен Сабира Майқанованың портреттері жазылу үстінде. Бұл шығармалардың қатар бітуі ғажап қуаныш емес пе?!

Суретшінің осы сәттегі тап-таза мөлдір қуанышқа толы реңін көрсең, шіркін! Оның жүзінен бояуы әлі кеуіп үлгермеген көз алдындағы соны суреттердің-туындылардың күні ертең-ақ талайлардың жүрегіне шұғылалы шуақ болып құйылары ап-анық.

Суретші әдемі жымыып қойды. Ойлы жанар қабырғаны тұтас алған әйнекті терезеге қадалған. Асқақ Ала-таудың заңғар шыңдары еңкейген күннің қызыл шапағына шомылып тұр екен. Қарлы шың басына үйірілген ақша бұлттар да жалқын тартыпты. Сонау биіктерге



**А. Ғалымбаеваның «Жер ырыздығы» картинасы**

көңіл құсын самғатқан үлкен ой иесі ағынан жарылады:  
— Бүгінге дейін үш жүзден астам үлкенді-кішілі картина жазған екенмін. Әрине, бұлардың ішінен бөліп-жарып атаудың өзі қиын. Бәрі де жақсы, бәрі де бірдей жүрегіме жақын-ау. Сөйтседағы өзінің дүниеге келу кезеңдерімен, орындалу ерекшеліктерімен дараланар шығармаларым бар. «Бірінші орыс әйелі» атты портретімде сурет әлеміне келуіме үлкен бағыт-бағдар сілтеп, бірден-бір ақылшы болған оқытушымды жырлауды мақсат еттім. Ал Ұлы Отан соғысының сұрапыл отты жылдары тудырған «Майданға шығарып салу», «Қазақстан әні», «Бір кесе қымыз» деген туындылардың аттары көп сырды шертіп тұрған жоқ па?

Шынында, суретші үшін жаман туынды болуы мүмкін емес. Тақырыпты еркін игере алмау, композициялық шешімнің жетпей жатуы, орындалу техникасының олқы соғуы... Биіктерге бастар баспалдақтар бойында белең алар бұл кемшіліктерді балғын бояулардан ұшыратуымыз заңды. Айша апай, міне осындай олқылықтардан дер кезінде арылу сырларын кейінгі жас толқындарға үздіксіз үйретумен болды. Оның айқын айғағы — жиырма жылға жуық астанамыздағы көркем сурет училищесінде балауса суретшілерге дәріс беруі.

«Қостанай пирамидалары» — қырмандағы жал-жал астық таулары, ырыс пен молшылықтың алтын таулары. Өзара үйлесіммен астасқан туған топырақ бояулары — осынау мол игілікті жасап жүрген қарапайым егіншінің сом тұлғасы; қызыл дөңге толы қызыл қырманның тәулік-тәулікке жалғар қарбаласы; астық керуендерінің толассыз тізбегі; бірден назар аударар қос келіншектің жүздері айрықша шат. Диқанның көгілдір көктемнен бел шешпей аялап өсірген алтын дәні — сары күзде тау-тау болып биіктеп барады. Астық тауларын жасап жатқандардың қуанышында шек жоқ. Ендеше, молшылық иелерін жырлау — бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбы. Республикамыздың басты астықты аймағына творчестволық сапармен барған суретші қыл қаламы «Қостанай пирамидаларын» тудырған. Баршамызға ортақ — қызыл қырман суретін тамашалай бергің келеді.

Ендігі бір сәтте «Ұстаз-жетекші» шығармасына үңілген едік. Суретші Айша Ғалымбаеваның бүгінгі өміріміздегі көкейкесті мәселелерге дер кезінде үн қосып, қаламын қолынан түсірмейтінін дәлелдейтін тың туынды бұл. Ұстаздық қозғалысы халық шаруашылығының барлық салаларында кең өріс алғаны белгілі. Картинадан жас кеншілердің бейнесін бірден байқайсыз. Одан әрі үңіле түссеңіз шахтаға келген сол жас кеншілерге қарт жұмысшы ақыл-кеңесін айтып, тәжірибесін үйретіп тұрғанын аңғару қиын емес. Жұмыс басталар алдында түйіндеп жеткізер жауапкершілікті еңбек ардагерінің кейпінен айқын сезесіз. Өз мамандығының қыры мен сырын жетік меңгерген қарт кенші бейнесі алдыңғы жоспарда, дараланып тұр. Оның жүзінен үлкенге тән байсалдылықтың, нұрлы көзінен мейірбандықтың ұшқынын жазбай аңғарасың. Төңірегіндегі жас шәкірттері де ұстаздың әр сөзіне, әр қимылына байыпты назар тігеді. Әркім-ақ

олардың еңбекке деген айрықша құлшынысы мен ынта-сын суреттен жазбай таныр еді.

Әр жылдары салынған «Халық таланттары», «Батыр Ана», «Жол», «Көктем» секілді картиналар да есіңде ұзақ сақталар әсерлі дүниелер қатарына жатады.

Суретші ұлы мереке — Октябрьдің 60 жылдығын үлкен творчестволық шабытпен қарсы алды. Даңқты оқиғаға орай «Октябрьмен туған» атты картина жазды. Мұнда Октябрьдің құрдасы Айша апай өз өмірін негізгі тақырып еткен. Бүкіл творчествосының алтын арқауы — аналар мен әйелдердің жарқын өмірін әр қырынан талмай жырлап жүрген суретші мұнда да кең құлаш байқатады. Шебер қолдан шыққан сырлы бояулар сөйлеп тұр. Ал «Бейбітшілік» атты кесек туындысында бүгінгі сәулетті өмірімізді асқақ бейнелеуді нысана еткен. Оның «Достық туралы жыр» деп аталатын алғашқы бөлімінде белгілі қазақ совет ақыны Мәриям Хакімжанованың жиырма бес елден келген дүние жүзі әйелдерінің бір тобы алдында өз жырын оқып тұрған сәті сенімді де, әсерлі бейнеленген. Триптихтың соңғы тақырыбы — «Дастарқан». Қыл қалам шебері қазақ халқының қонақжайлығы мен кеңпейілін көрсетуді ойлаған. Қазақ дастарқанының басында бүкіл планетаға белгілі Испанияның көрнекті қоғам қайраткері Ибаррури отыр. Ортаңғы бөліктегі суретшінің өз бейнесі — Октябрь шұғыласына оранған бүгінгі қазақ әйелдерінің шынайы образы іспетті.

Ал көрнекті қазақ ғалымы Патшайым Тәжібаеваның портреті Октябрьдің 60 жылдығына арналған Бүкілодақтық көрмеде жоғары баға алды.

Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР халық суретшісі Айша Ғалымбаеваның республика кино өнеріне сіңірген орасан еңбегі — өз алдына арнайы сөз етер тақырып. «Қазақфильм» жасап шығарған көптеген көркем картиналардың қоюшы-суретшісі ретінде атқарған жұмыстары алуан-алуан әрі сан-салалы.


...Астана кеші бірте-бірте қоюланып, Алматы аспанында жұлдыз-шамдар жамырай бастады. Суретші әңгіме арнасын болашақ тақырыптары мен кейіпкерлеріне бұрған. «Картина дегеніміз — тұрған опера ғой. Оны орындай да, шырқай да білу керек. Алдағы уақытта республика диқандары жайында, өркендеген, өскен қазақ әйелдерінің — ғылым жұлдыздарының портреттерін жасамақшымын. Бұл — менің суретшілік асыл парызым...»



Сұлулық

әлеміне

САЯХАТ



● Кербез Көкше келбеті . . . . .	119
● Табиғат музейі . . . . .	124
● Байлықтың қайнар көзі . . . . .	128
● Маң далада жайқалған жасыл желек . . . . .	132
● Аялы алақан . . . . .	137
● Мезгіл суреттері . . . . .	140
● Қаңтарда жауған жаңбыр . . . . .	—
● Қысқы кеш . . . . .	143
● Ақша қар айшықтары . . . . .	145
● Күншуақ . . . . .	147
● Сәуір саздары . . . . .	149
● Мамыр моншақтары . . . . .	151
● Көлдің сәні — көгілдір құс . . . . .	153
● Алтын бояулар . . . . .	156
● Күз дидары . . . . .	158
● Естен кетпес жаз . . . . .	161
● Біздің Жер немесе Атамекен туралы тобықтай түйін . . . . .	165

АҚ ЕДІЛДІҢ төменгі жағалауларынан асқаралы Алтайдың бауырына дейін үш мың шақырым жерді алып жатқан ұлан-ғайыр Қазақстанның солтүстігіндегі Батыс Сібір жазығы мен оңтүстіктегі Тянь-Шань сілемдері аралығының өзі екі мың шақырымға жуық. Сондықтан да республиканың физикалық картасынан алуан бояуларды ұшыратамыз. Бұл бояулар — мәңгі мұз құрсаңған ақ сеңгір таулар мен ақ жал толқындары аспанға атқан телегей-теңіздер; егіні жайқалған, дән дариялары; нелер аңдар мен құстардың құтты мекеніне айналған миуалы орман-тоғайлар; сондай-ақ құм суырған далалар мен аптапты шөл-шөлейттер... Бәрі-бәрін кездестіресің. Көздің аясындай жарқыраған айна көлдер мен бүкіл жер бетін шимайлаған тіршілік артериясы — ұлылы-кішілі өзендер қаншама! Қай-қайсысы да өзіндік ерекшеліктерімен дараланады, назар аударады. Қол бұлғап шақыратын да, табиғаттың осынау көрікті жерлері ғой.

Кәусар бұлақ, саф ауа, көгілдір көл, алуан арналы сарқырама-өзендер жағасындағы жасыл желекті орман-тоғайға жанар тоқтатқан сайын жомарт жаратылыстың ғаламат сыры, ғажайып бояуы бұрынғыдан бетер ынтықтырар еді. Кең-байтақ Қазақстан өңірі жасыл жапырақты ну орман көлемін арттыруда, одақтағы алдыңғы қатарлы республикалардың бірі. Сонымен қатар 7 мыңның үстінде шалқар көлі мен су қоймасы, 11 мың өзені, 150-ге жуық балық, 475 құсы мен 150 жануарлар түрлері тұрақты қоныс тепкен қазақ топырағы ешбір байлықтан кенде емес.

Қайталанбас сұлу табиғатымен тек республикаға ғана емес, бүкіл елімізге даңқты көрікті жерлер көп-ақ. Осындай ең көркем де әсем табиғат аяларының ілкісі — көгілдір Көкше өңірі. Талай-талай ән мен жырдың алтын тиегі болған жер шоқтығы тамсандырар сұлу суретін есте жоғалтпақ емес.

Кешегі көрікті Көкшенің бүгінгі келбеті де тым ажарлы, тым әсем. Бұл маңға тұс-тұстан арнайы ат ізін салушылар легі жыл сайын көбеюде. Әсіресе суы бал, ауасы ем саялы Бурабай төңірегі еңбекшілердің бірден-бір тынығу аймағына айналып отыр.

...Әлгінде ғана тап-таза Көкше биігіне бұлт үйірілді. Сол-ақ екен күн күркіреп, оқтын-оқтын найзағай ойнады.



Кербез Көкше келбеті

Іле-шала үзіліп түскен жаңбыр моншақтары үдей бастаған. Жан-жақтан жолаушылап келген бұлттар Оқжетпестің басын шалған бойы төмен сырғыды. Осы сәттегі ұшар басына жауын бұлтты қонақтаған Көкше бейнесі оқ атқылап жатқан жанартауды елестетеді. Мінеки, тағы да шатыр-күтір аспанды қақ айыра күн күркіреді. Жаңбыр шелектеп құйды-ай! Табиғат біткен жауынға шомылып шыға келді. Лездің арасында аспан аясы шайдай ашылып, жаңбыр сап тыйылды. Бір-бірімен бой таластыра заңғарға қол созған қылқан жапырақты қарағайлардың бұтақтарынан сорғалаған мөлдір тамшылар тырс-тырс әуенін жуыр маңда тоқтатпайтыны белгілі. Сәкен аға жырлаған «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» бүгін де сұлу жүзін осылайша әлсін-әлсін жаңбырмен жуып алады-ау!

Қалың қарағай орманын иір-иір шарлаған соқпақтар мен қия жартастардың жалаңаш төсіне өрмелеген кемер



Биші қайындар

жолдардың өн бойынан жолықтырар адамдар ағысында қисап жоқ. Олар — сейіл құрушылар мен тынығушылар, туристер мен пионерлер. Думаны мол жаз қызығы ертеңгі алақобеден түннің бір уағына дейін ұласып, тәулікті жалғап жатады.

Бүгінгі таңда әйгілі Бурабай аймағында бірнеше санаторий мен демалыс үйі, туристік базалар, пансионаттар мен пионер лагерьлері жұмыс істейді.

Шортанды көлінің жағасындағы «Шучье» санаторийінің сыртқы көрінісіне ішкі безендірулері сай. Мұнда тынығушыларға жан-жақты жағдай жасалған. 500 орынды клуб пен асхана бар. Оқжетпестің бауырына орналасқан «Оқжетпес» санаторийі де әсемдігімен Одақ көлеміндегі демалыс орындарының қай-қайсысымен таласа алады. Мұндағы медициналық қызмет көрсететін емдеу корпусының үйі көз тартарлық-ақ. Республикамыздың әр түкпірінен келушілер тек екі адамдық бөлмелерге жайғасады. Жаға-жай тынығушылар көңілінен шығады. Сонымен қатар мұнда клуб, жылжымалы галерея жұмыс істейді. Бурабай көлінің шығыс жағалауында «Жасөспірімдер», ал одан екі шақырымдай жерде бір-біріне іркес-тіркес «Бурабай» санаторийінің корпустары бой көтерген.

Сондай-ақ «Көкшетау», «Ботагөз», «Светлый», «Автомобилист» демалыс үйлері, «Золотой бор», «Рассвет» туристік базаларының өз қызығы, өз думаны толып жатыр. Бұлардың есігі жыл бойына айқара ашық. Бір маусымда «Оқжетпесте» 120 адам тынықса, «Бурабай» санаторийінде жаз айларында 800—1000 адамға дейін демалып, емделеді екен. Жалпы, Бурабай демалыс аймағында жыл сайын жеті мың адам емделіп, тынығады. Еліміздің түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан сан мамандық иелерінің әр күнін әсерлі де көңілді, мазмұнды да есте қаларлықтай өктізулеріне барлық жағдай жасалған. Демалыс орындарының материалдық базасы жыл-ма-жыл нығайтылуда.

...Мың бұралған асфальт жол қиырдан қол бұлғаған кербез Көкшеге жетелеп келеді, асықтырып келеді. Сол қапталда айнадай жарқыраған Шортанды дөңгеленіп қалып барады. Сыңсыған қарағайлы орманның хош иісі кеуде кереді. Қарағай нуының арасынан ақ балтырлы биші қайыңдар шалынады. Екі-үш тәулік бойына себезгілеген ақ жауыннан кейінгі таңғы ауа дымқыл. Көк күмбезінде шағала-бұлттар қалқып жүр. Көз ұшында шөк-

кен қалпы «Ақ бура» мұнартады, сәл беріректе «Жеке батыр» ұйқтап жатыр. Алақандағыдай ап-анық. Жыныс тоғай ішін шыр айналған жол бір кезде барып көгілдір Бурабайды жағалаған. Қарсы алдындағы табиғат көрінісін кімде-кім жазбай таныр еді. Кинодан альбомдардан, газет-журналдардан сан мәрте көріп, қараған сайын көзің тоймайтын — таныс сурет. Қол созымда Оқжетпес асқақтайды. Сонау ұшар басындағы алып гранит тастан шебер қолмен қалағандай тас мүсін пілдің нақ өзі. Еріксіз таңдай қағасың. Оқжетпестің бауырында нелер сырды ішке бүккен Жұмбақтас мен мұндалайды. Көл ортасындағы осы бір ғажайып жартас та, әр қырынан әр бейнеге ұқсайды-ау. Бүйірінен қарағанда басына берет киген жас қызды көрсең, ілгері жүрген сайын әлгі қызбейненің де егделене түсетінін анық байқауға болады. Бірде имек ұзын мұрынды жезтырнақ мыстан кемпірдің кейпін елестетсең және бір қырынан толқындарды белден турап бара жатқан әскери корабльді тамашалайсың. Бой сылаған мынау сұлу үш шоқы — «Апалы-сіңлілер» төңірегіне кербездене көз жүгіртіп тұрғандай, «Сандықтас», «Сиыртас», «Кенесары үңгірі», «Махаббат сайы», «Кітап оқып отырған тас-мүсін...» Табиғат суретші қашаған таңғажайып туындыларды осылайша тізбелесек бұл өңірде көп-ақ. Тасты жарып заңғар шыңның жалаңаш төсіне өрмелеген қарағайдың айрықша қасиеті де назар аударарлық емес пе. Сыңсыған орман-тоғай ше?! Таусылмайтын жыр ғой. Табиғаттың төл байлығы — ұшқан құс пен жүгірген аң адам баласының қамқор алақанында.

## ТАБИҒАТ МУЗЕЙІ

БОЗ АЛА таңнан жол қапшықтарын асынған демалушылар қызықты сапарларға — саяхаттар мен жорықтарға шығады. Серуен соқпақтарының бірі Көкшенің теріскей беткейіндегі Майбалық, Шабақты көлдеріне тартса, екінші сүрлеу биік жартастың басындағы «Кенесары үңгіріне» апарады. Тек жол бедерлерін жақсы ажыратқандар ғана қалаған жеріне қиналмай жетеді. Өйткені тарам-тарам сүрлеу соқпақтар шыңға да шығарады, ну тоғайға апарады. Көкше алқабының табиғатымен жан-жақты танысу мақсатында ұйымдастырылар экскурсиялардың пайдасы зор. Осындай адамдар легінің үздіксіз тоғысып жататын орны — Бурабай поселкесіндегі табиғат музейі.

Бурабай көлінің шығыс жақ жағалауына жайғасқан бұл ерекше музей бірнеше гектар жерді алып жатыр. Биік шарбақтармен қоршалған алаңқайлардың іші жап-жасыл шалғын, әне көкөрайды кешіп, шаңырақ мүйізін шайқап бұғы жайылып жүр. Екінші бір бұрышта — бейқам жатқан арқар. Шағын көлшіктегі аққулар маңғаздана қалқиды. Құс еркесінің сұлу да сүйкімді қылықтарына көз тояттайды. Қарай бергің келеді. Одан ілгеріректе алаңқайларға жалғаса бөлек-бөлек етіп жасалынған тор-үйшіктердің мекендеушілері қарсы алады. Суыр, қоян, тиін, түрлі жыртқыш құстар... емін-еркін өмір сүруде. Хайуанаттар паркін аралап жүргендей әсер ұялатады. Екі қабатты музей үйінің қарапайым өзіндік архитектурасы да назар аударарлық. Шағын-шағын бөлмелері тартымды. Музейдің ғылыми қызметкері әрі экскурсоводы Галина Вебер ықыласпен қарсы алып, музей тарихымен таныстырған.

— Иә, біздің музейге соққан кез келгенің аузынан еститініміз жалғыз ауыз сөз — «хайуанаттар паркі ғой». Музей иесі де мақтаныш сезімін жасыра алмады. — Бурабай орман-аң шаруашылығына қарайтын табиғат музейі 1960 жылы ұйымдастырылды. Жақсы бастама қашанда өз өрісін кеңейте береді ғой. Бұл маңда пионер лагері болған еді. Болашақ музей экспонаттарын жинастыру — үлкен ыждаһаттылықты, жалықпай ізденуді талап еткені белгілі. Игі мақсатта жүргізген сол жұмыстарымыз бүгінде жемісін көрсетіп отыр. Оның айғағы — осында келушілердің толассыз тасқыны. Музейдің іргесін




көтерудегі ең негізгі мақсат — сұлу Көкше өңіріндегі аңдар мен құстарды, осы аймақта өсетін алуан ағаштар мен өсімдіктерді, өзен көлдерінде тіршілік ететін балықтардың түрлерін жұртшылыққа таныстыру. Жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі өзара шоғырланып табиғат музейінің керегесін тікті. Алғашқы күннен-ақ табиғат музейі Бурабайға келушілердің бар ықылас-назарын қызықтыра аударды, жылына алпыс мыңнан астам адам музей-экспонаттарын тамашалайды екен. Көкше төңірегінде мекендейтін әр түрлі хайуанаттар, құстар мен қос мекенділердің біразын даладағы зоологиялық мүйістен көресіздер. Олардың барлығы қолдан қоректендіріліп, аялап бағылады.

Музейдің бес залы бар. Алғашқы — құстар залына Көкше мен Бурабай аймағына, сондай-ақ кең-байтақ республикамыздың әр түкпірінде тіршілік ететін неше алуан құстардың арнайы қатырылған терілері қойылған. Дүр сілкініп ұшып кететіндей... Әр құстың мекендейтін табиғи ортасы тамаша жасалынған. Шалқыған айдын-шалқар, сылдыраған су, балауса құрақтың сыбдыры... құстар қанатының суылы құлағыңа үздік-создық жетіп жатқандай әдемі әсерге бөленесің... Ұзын сирақ қоқи қаз, қауырсыны мың-сан құбылған сұлу қырғауыл, көкек, тауыс, кекілік, дуадақ, шіл, бөдене, орман «дәрігері» — тоқылдақ секілді тағы басқа құстардың түр-түрін табасыз.



Желден жүйрік жануар



Аққулар

Көл құстарымен, балықтардың түрлерімен екінші зал таныстырады. Үйрек пен қаздың небіреулері, аққу, қасқалдақ, ләйлек, қалбағай, аққұтан, бірқазан... бәрі-бәрі бар. Ал балықтардан — шортан, сазан, табан, көксерке, шоқыр тәрізділерін көруге болады. Мына бір Шабәқты көлінен ұсталған сегіз килограмдық сазан бұл өңірде сирек кездесетін олжа. Сондай-ақ «Қызыл кітапқа» ене-

тін құстардың өкілдері де көрсетіліп, әрқайсысының тұс-тұстарына олардың өздеріне ғана тән ерекшелік сипаттары жазылып қойылған.

Келесі залда — терісі бағалы аңдар. Олардың ішінде жыртқыш аңдар да кездеседі. Арқар, барыс, бұғы, аю, қабан, құндыз, қарсақ, борсық, ондатр... Қай жерде мекендегені, жасы, кейбір айрықша қасиеттерімен танысуға әбден болады.

Ауыл шаруашылығына арналған залдың маңызды да бай экспонаттары бірін-бірі толықтырып, музейдің ажарын ашып-ақ тұр. Дәнді дақылдардың сан алуан түрлері мен сорттарынан бастап, халық шаруашылығы үшін маңызы зор ағаштардың белгілі-бір жекелеген бөліктері рет-ретімен орналастырылған.

Музейдің соңғы залы тұтасымен өсімдіктер дүниесіне арналыпты.

Қазақстан жері сан алуан өсімдіктер түрлеріне мейлінше бай. Республика көлемінде техника саласына қажетті 350, дәрі-дәрмекке пайдалы шикізат беретін 250 және сирек кездесетін 758 өсімдік сорты бар. Осының өзінен-ақ біздің жеріміздің ерен өзгешелігін байқау қиын емес.

Өсімдіктер географиясының орасан байлығы еріксіз назар аудартады. Екі топқа бөлінген емдік өсімдік шөптер мен жеміс-жидектердің бәрі де қоршаған ортамызда ұшырасады. Көкше өңірінде де алуан түрлі өсімдіктер кезігеді. Қарақат, бүлдірген, меңдуана, қалақай, итмұрын, таңқурай, қызыл шиіе тәрізді өсімдіктердің ерекшеліктерін, қайсыбірінің емдік қасиеттерін көбіміз жете ажырата білмейтініміз ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде музейдегі анықтама түсіндірмелер мол мағлұматтар береді.

Сондай-ақ музейдегі Бурабай аймағын бейнелеген нұсқаға қарамай өту мүмкін емес. Музей коллективінің жүйелі түрде жүргізіп отырған сан-салалы жұмыстары айтпай-ақ көрініп тұр. Төменгі қабаттағы арнаулы бір бөлме жас натуралистерге — табиғаттың кішкентай достарына арналған. Мұнда орман-тоғайлардағы аңдар мен құстарға көрсетілетін жұмыстардың бағыт-бағдарлары жан-жақты түсіндіріледі. Қанатты достарға арналған үйшіктерді қалай жасау керектігі әр түрлі үлгіде көрсетіліп қойылған. Орман-тоғайларда өртті болдырмау жолдары, тілсіз жаудан сақтандыру тәсілдерін насихаттаудағы игі істер де қуантарлық.

## БАЙЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

КҮН КӨТЕРІЛІСІМЕН Көкше күмбезінде жалғыз вертолет шыр көбелек қалқып жүреді. Алғашында аспан төрінен естілген тосын дауысқа елең етіп құлақ түресің.

«Құрметті тынығушылар, орманда жүргенде сақ болыңдар, өрт қаупін тудырмаған жөн. Орман — ел байлығы. Орман-тоғайлар — аңдар мен құстардың құтты мекені. Тілсіз жауға жол бермейік...»

Табиғатты аялаушылардың да жұмыстары қым-ғуыт. Оны қорғауға Коммунистік партия мен үкіметіміз үнемі назар бөліп жатқаны баршамызға белгілі. КПСС XXVI съезінің тарихи шешімдерінде, СССР-дің жаңа Конституциясында да рухани байлығымыздың бірден-бір қайнар көзі табиғат екені баса айтылған. Демек өзіміз өмір сүріп, тіршілік етіп отырған қоршаған орта — табиғат көркімен ұлан-асыр байлығы әрқайсымыздың, совет адамының ортақ мүддесі, ортақ игілігі.

Бүгінгі таңдағы бүкіл халықтық іске айналып отырған толғақты да көкейтесті проблемаға біздің республикамызда да айрықша мән берілуде. Ұлан-ғайыр жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазақстандағы ондаған орман шаруашылықтарының арасында Бурабай орман-аң шаруашылығының өзіндік орны ерекше.

Оның территориясы 65 мың гектар. Көгілдір Көкше, Жеке батыр тауларының саясындағы Бурабай, Шортанды, Жөкей, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Қотыркөл, Ақ көл, Майбалық секілді үлкенді-кішілі он екі көл мен шағын өзендер 800 гектар алқапта жарқырап шалқуда. Отыз гектардан асатын бау бағына мәдени өсімдіктер отырғызылған. Шаруашылықтағы табиғи жайылымдықтарды қорғаумен қатар қорықшылар мен орманшылар ұзақ жылдар бойына тұрған ағаштарды санитарлық емдеулерден өткізеді. Сынған, әбден қуарғандарын кесіп, орнына жаңа жас көшеттер отырғызады. Сондай-ақ аң шаруашылығы да қатар дамытылуда. Бұл өңірге жаңадан қоныстандырылған аңдар мен құстарды жергілікті табиғатқа бейімдеу оңай іс емес. Түрлі бағыттағы жұмыстардың бір сарасы орман-тоғайлардың арасындағы ашық алаңқайларға азықтық шөптер егу, бау-бақша өсіру, омарталардан бал жинау.

Басқа жерден әкелінген аң құстарды жерсіндіруде шаруашылық коллективінің іскерлігі жақсы жетістіктерге



Шаңырақ мүйізді маралдар



Мәуелі тоғайда

қол жеткізуде. Еліміздің түкпір-түкпірінен әкелінген арқар, бұғы, жабайы қабан Бурабайға әбден үйреніп кетті. Бүгінде олардың соңынан өрген төлдерге қызыға көз тастар еді әркім-ақ. Қыстың қаһарлы күндері шаруашылық орманшылары, аңшылары мен қорықшылары тектен-тек қол қусырып отырмайды. Қайта олар осы аймақты қыстаған жабайы аңдар мен құстарға ерекше қамқорлық көрсетеді. Орман ішінде бірнеше жерлерге жем науаларын қойып, алаңқайларға шөп жеткізумен айналысады. Д. Сәтбаев, В. Шурманов, Т. Әубәкіров, И. Подолько, Р. Рахматуллин, Д. Сандыров тәрізді орманшылар мен қорықшылар өз жұмыстарының қыры мен сырын жетік білетін жаз дидарлы жандар. Көк-жасыл ырғалған мәуелі орман-тоғай, жарқыраған айна көлдер мен өзендер, неше алуан қанаттылар мен аңдарды қорғап-көбейту бүгінгі таңның өзекті проблемасы болса, Бурабай орман-аң шаруашылығы коллективінің осы бағыттағы жұмыстары қуана айтарлық. Тындырылған істер де сан-салалы.

Бурабай орман-аң шаруашылығының өзекті іс-тәжірибелерін облыстың басқа да орманды алқаптарына кеңінен тарату мақсатында Зеренді ауданында көлемі он мың гектардан асатын орман-аң шаруашылығы аймағы ұйымдастырылды. Қазірдің өзінде мұнда ондаған гектар жерге жас көшеттер отырғызылған. Осындағы жабайы шошқаның бірі Бурабайдың өзінен, ал екіншісі Қырғызстаннан әкелінген. Болашақта бұл аймақта бұлан мен тау ешкісі де көптеп өсіп-өнетін болады.

## МАҢ ДАЛАДА ЖАЙҚАЛҒАН ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

ҚАЗІРГІ ТҮЛЕГЕН, жаңарған Маңқыстау өлкесінде ортақ қазына — табиғат байлығын халық игілігіне айналдыру ісі осыдан жиырма жыл бұрын қолға алына бастаған болатын. 1962—1964 жылдары Маңқыстау түбегіне Волгоград қаласындағы Бүкіл одақтық ғылыми-зерттеу институтының профессоры Ф. И. Касьянов жетекшілік ететін ғалымдар тобы келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде Үстірт жерінде 800 мың гектар, ал Бейнеу ауданының оңтүстігіне қарай 100 километр қашықтықта 40 мың гектар көлемінде сексеуіл қоры бар екендігі анықталды. Осы кезде «Казгипрозем» институты да бұл үлкен табиғат байлықтарын игеру, қорғау және көлемін ұлғайту сияқты жұмыстарымен айналыса бастаған. Сондай-ақ, 1976 жылы «Союзгипролесхоз» институтының Шучинск қаласындағы филиалы бұл өңірді тереңірек зерттеумен айналысып, жұмысты жандандыра түсу шараларын қолға алды.

Иә, осыдан ширек ғасыр бұрын жайқалған жасыл бақ түгілі қазіргі ақ шаңқан қала — Шевченко орналасқан Каспий жағалауы да көз тоқтатар ноқаты жоқ жалаңаш жапан дала болатын. Бір кездегі тұлдырсыз өлкенің қазіргі құлпырған келбетін көрсең, шіркін!..

Байлығы тасыған Маңқыстау кереметін әлемге айғақ етуге асығып, еліміздің түкпір-түкпірінен түбек төсіне сан ұлттың өкілдері келіп, оны көркейтуге, гүлдендіруге ат салысты. Сан ғасыр бойын сырын ашпай жатқан бұйығы өлке осылайша ұлы дүбірден оянып, дүр сілкінді. Әсем қалалар мен көрікті поселкелер бой түзеді. 1973 жылы Маңғышлақ Гурьев облысынан енші алып, өз алдына шаңырақ көтерді. Облыс орталығы Шевченкода тамаша тұрғын үйлер комплексі бірінен соң бірі жедел бой түзеді. Микроаудандар санының өзі он беске жетті. Бейнелеп айтқанда, қала шабуылға шығып, дала шегініп барады. Атыраудың жағасындағы ақ шағала шаһармен бірге Жаңа Өзен мұнайшылар қаласы, Жетібай, Шетпе поселкелері де жыл өткен сайын өсіп, құлпыра түсуде.

Қай қаланың, қай поселкенің болмасын сыртқы келбетінің ғажайып әсем көрікке ие болуы көгалдандыру жұмыстарына тікелей байланысты екендігі белгілі. Сөйтсе-дағы климаты аса құбылмалы — жазы аптапты, қысы қатал, топырағы құрғақ әрі тұзды келетін аймақты жасыл





**Жасыл желекке оранған Шевченко қаласы**

желекке орау оңай бөлмады-ау. Маңқыстау түбегінің табиғатына төзімді ағаш отырғызуға болатындығы анықталғаннан кейін барып Шевченко қаласында Қазақ ССР Ғылым академиясының экспериментальдық ботаника бағы ашылды. Тәжірибе бағының ең басты өзекті жұмысы — Маңқыстау түбегінде өсіруге болатын өсімдіктер, көшеттер, ағаш түрлерін анықтау, ағаш тұқымдарын сорттау, олардың питомник жағдайында өсіп-өнуін зерттеу. Сонымен қатар отырғызылған ағаштардың жерсініп

кетуін қадағалау болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, бұл — өнім әзірлеп беру ісімен шұғылданатын ағаштардың барлығы да сол жердің табиғатына қарай ботаника бағында дайындалуы керек.

— Қазақ ССР Ғылым академиясының ботаника институты жасақтаған үш отряд Маңқыстау түбегіне келіп, үш бағытта, яғни Шевченко, Жаңа Өзен және Тұщыбек бағытында түбегейлі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Содан бері ондаған жылдар өтіпті, — дейді Маңғышлақ экспериментальдық ботаника бағының директоры М. Қонғанбаева. — Бәрінен бұрын маңдай теріміздің текке төгілмегені қуантады. Біз ең алдымен Маңқыстау түбегінің табиғаты мен жер бедеріне орай төзімді ағаш түрлерін отырғызуды қолға алдық. Соның нәтижесінде облыс көлеміндегі бірқатар қалалар мен поселкелер көгалдандырылды. Мәселен, Жаңа Өзен қаласында бес гектарға жуық жерде қырық түрлі ағаш өсіп тұр. Шевченко қаласындағы орталық паркті айтпағанның өзінде оныншы микроаудандағы қырық гектар жер түгелімен ботаника бағына берілген. Онда жиде, жыңғыл, сексеуіл, қарағаш, арша, қарағай, тораңғы, дүзген, тұт секілді алуан түрлі ағаш пен өсімдіктер өсіріледі. Тұщыбек тынығу-сауықтыру орнындағы жасыл желек те маңқыстаулықтарға жақсы мәлім. Форт-Шевченко қаласы мен Ералиев, Шетпе поселкелерінде жайқалған ағаштар, гүлзарлар бір кездегі «шөлейт», «аптап» тәрізді анықтамамен түсіндірілетін түбектің күні ертең-ақ абат аймаққа айналатынын паш етуде. Қазір түлеген түбектің қалалары мен поселкелерінде жергілікті табиғатқа орай іріктелген ағаштардың 64 түрі өсіп тұр. Жүзден астам түрі тәжірибеден өтуде. Бұл өсімдіктер саялы көлеңке болумен бірге, аңызақ жел мен шаңнан қорғауда, ауаның ылғалдылығын реттеуге әжептәуір ықпал жасап отыр.

Азғана уақыттың ішінде атқарылған қыруар жұмыстар өлкені көгалдандыру ісінің болашағына айқын көз жеткізеді. Мұны қазіргі атқарылып жатқан істер де дәлелдейді. Мәселен, экспериментальдық ботаника бағының қызметкерлері — терек, қайың сияқты сымбатты да көрікті, бірақ Маңқыстау жерінің табиғатында отырғызыла бермейтін ағаштарды сорттау, жерсіндіру жұмыстарымен түбегейлі айналысуда. Он бірінші микроауданның территориясында отырғызылған жоғарыдағы ағаштың түрлері жаз бойына жайқалып тұрады. Болашақта басқа микроаудандарға да теректер көптеп отырғызылмақ.

Ботаника бағының қызметкерлері қалалар мен поселкелерді көріктендіретін әр түрлі көшеттер өсірумен бірге, жеміс-жидек ағаштарын да сынаудан өткізіп жүр. Маңқыстау ауданының Октябрьдің елу жылдығы және Бозашы совхоздарында бірнеше ондаған түп алма, алмұрт, алша сияқты жеміс ағаштарын отырғызған. Ең алдымен тәжірибе бағында сынаудан өткізілгендіктен бұл ағаштар бірден-ақ жерсініп кетті. Көгалдандыру туралы сөз қозғағанда, осы салада талай тер төгіп жүрген жеке бағбандардың есімдерін ерекше атаған жөн. Өмірлерінің денін аялап ағаш отырғызуға, мәпелеп гүл өсіруге арнаған жаны жайсаң жандар бұл өңірде көп-ақ. Солардың бірі — Маңқыстау ауданындағы Ильич атындағы совхоз бағының тәжірибелі бағбаны Дила Саймағамбетов. Оның негізгі мамандығы — мұғалім. Мектепте ұзақ жылдар бойына химия, ботаника, биология пәндерінен сабақ берген. Сөйтіп жүріп туған жерінде түрлі ағаштар мен өсімдіктер өсірумен үздіксіз айналысады. Бұл кәсібін ол Ұлы Отан соғысынан жараланып келгеннен кейін де жалғастыра береді. Өзін ерекше ынтықтырған бағбандыққа біржолата бағыт бұрады. Ерінбей, жалықпай жүріп, Астраханьнан жүзім шыбықтарын әкеліп егеді. Алма, өрік, шабдалы, шие, тұт секілді жеміс-жидек көшеттерін әкелу үшін Диланың арбамен сонау Гурьевке де әлденеше рет барып-қайтқанын жерлестері жақсы біледі. Тәжірибелі мамандардың ақыл-кеңесін үзбей тыңдап, өзара пікір алысудан да жалыққан емес. Үздіксіз ізденіс өз жемісін сыйлады да. Қарт бағбанның ұзақ жылғы тәжірибесі маң далаға жеміс-жидек ағаштарын өсіруіне болатындығын дәлелдеп берді.

Дила Саймағамбетов 1957 жылы тұңғыш рет бір гектардан астам жерді өңдеп, оны құдықтан су тартып суарады. Содан соң жеміс ағаштарының алғашқы көшеттерін рет-ретімен отырғыза бастайды. Еңбегі зая болған жоқ. Қазір шөл далада бес гектар жерде он бес түрлі жеміс ағашы ырғалып тұр. Олардың арасында бау-бақшалық жемістер де баршылық. Құрметті демалыстағы қарт бағбан өзінің сүйікті бағын иесіз қалдырмады. Әлі де тың, әлі де қайратты ол өз өнерін кейінгі жас жеткіншектерге үйретуде. Қарамағында он шақты адам жұмыс істейді. Қазір бақта он мың түп жеміс ағашы бар. Оны электр насостармен суарады. Жасыл желек өсірушілер жыл сайын он мың килограмм өнім алып, совхоз тұрғындарын жеміс-жидекпен қамтамасыз етіп отыр. Міне,

мұндай бақ осы ауданның Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхозында да жаз бойына жайқалып, қыр самалымен тербеліп тұрады.

— Мен ширек ғасырдан бері осы бақта еңбек етіп келемін,— дейді құрметті бағбан Тілеген Қалмағанбетов.— Гурьев қаласындағы ауыл шаруашылық техникумын бітірдім. Бақтың алғашқы шыбығын да өзім шанышқан болатынмын. Мұнда қазір алма, өрік, жиде, шабдалы, шие, алмұрт сияқты әр түрлі 1500 түп жеміс ағашы бар. Жыл сайын ондаған мың килограмм өнім алып жүрміз.

— Форт-Шевченко қаласының тұрғыны С. Тәжібаевтың да қаланы көгалдандыруға қосқан өзіндік үлесі мол. Осы өңірде айдауда болған украин халқының ұлы перзенті Тарас Шевченко қондырған алып ағаштың төңірегінен оның өз қолымен отырғызған сан түрлі ағаштарын көргенде әдемі әсерге бөленесіз. Табиғат жанашырларының өркенді де өнегелі істеріне сүйсінерің анық. Шевченко қаласындағы экспериментальдық ботаника бағының ғылыми қызметкерлері арнайы тәжірибе жасап, құмды жерлерге де ағаш отырғызуға болатындығын дәлелдеді. Ең алдымен көшетті отырғызып, оның түбін арнайы дайындалған смоламен бекітеді. Бұл шөлейттегі жас шыбықтың құм суырған қатты желде құлап қалмауына жәрдемдеседі. Тәжірибе ағаштың еркін өсуіне ешқандай кедергі жасамайтындығын көрсетті.

Сондай-ақ осы өңір табиғатына арнап еменді жерсіндірудің алғашқы байқау сынағы үлкен үмітке қол создырғандай. Хивин алқабынан жиналған емен жаңғақтарының екпе көшеттері еркін өсіп келеді. Керісінше, мәңгі жасыл қылқан жапырақты өсімдіктер шөл далаға бірден тамыр жайып кете алған жоқ. Қазір тәжірибе бағында қылқан жапырақтылардың алпыстан астам түрі сынақтан өтуде. Әрине, табиғаты қатал құла-түзге ағаш өсіру оңай шаруа емес. Бұл тарапта ботаниктерді болашақта қыруар істер, соны ізденістер күтулі. Қуаныштысы — қазыналы Маңқыстау түбегін көгалдандыруда игерілген озық тәжірибенің өміршендігі, қол жеткізген мерейлі табыстардың молдығы. Кешегі маң даладан жасыл желекке оранған миуалы бақты, бір-бірімен бой таластырған балғын ағаштардың теңізден соққан самалмен әсем ырғалғанын, саялы гүлзарлардың сыбдыр қаққанын көргенде қалайша қуанбассың?! Көкейіме келгені:

— Аялы алақандарыңнан айналайын, Адамдар!..

МҮЛГИГЕН ОРМАН ұйқысынан оянғалы қашан. Қызыл қарағайдың ұшар басынан бозғыл сәуле төгіледі. Ертеңгі ауа дымқыл. Ағаш біткен мөлдір шықтан маржан моншақтар тағып алыпты. Күн сәулесіне шағылысып үздіксіз жалт-жұлт ойнайды. Таңғы шық — алтын күздің алғашқы белгісі-ау. Тас төбеде шыр айналып орман тыныштығын торуылдаған сыңар қаршығаның үздік-создық шаңқылы ғана естіледі. Тоқылдақ та өз кәсібін кірісіп кетіпті. Ағаш-қоңырауын дамылсыз соғып жатыр. Мынау әлдеқайдан талып жеткен «дүк-дүк» сол орман «шипәгерінің» ісі. Дыбыс шыққан бағытқа жүре берсең тура үстінен түсеріңе күмән жоқ.

Осы бір төңірегіндегі ғажайып жанды суретке — «Орман ертегісі» деп ат қояр еді әркім-ақ. Бірнеше күн қатарынан таңмен таласа оянып жүрсек те сырлы бояу одан бетер ынтықтырып қойған. Күнбе-күн көзімізбен көріп тамашалайтын әлгі өзіміз атаған ертегінің бір кейіпкерін іздейміз. Ол — тиін. Бізді қызықтырғаны — адамға үйірсегі.

Таңертеңгілік осы маңнан айналсоқтап шықпайтын сұр тиіннің көрінбей кеткеніне, міне, төртінші тәулік. Жоламайтын себебі бар екен. Алақанында жаңғақ шағып отырған бейкүнә тиінге әлдекім қолындағы темекісінің қыпқызыл шоғын басып алыпты. «Шиқылдап зыта жөнелді-ай!» — деген бейтаныс жанның күлкісі де бізге сондай ерсі көрінген. Ауыз ашқанымыз жоқ. Ол өзінің өрескел қылығын қас-қабағымыздан жазбай аңғарған тәрізді. Қателігін жуып-шайған болды...

Ағаш басы қозғалған секілді. Жапырақтар сыңғыр-сыңғыр қақты.

— Жел тұрады-ау, шамасы, — деймін сыбырлап қана.

Қасымдағы серігімде үн жоқ. Заңғар қарағайдың сонау басына тесілген күйі көз алар емес.

Тағы да бұтақтардың дыбысы естілді. Үзіліп түскен жалғыз жез жапырақ ауада қалқып жүр. Жерге түскісі келмейді-ау. Жанарымда сары күз елестеген осы сәт. Шынымен-ақ жарқын жаздың қоштасқаны ма!? Және бір түйетабан жапырақ үзіліп түсті. Сап-сары алтын жапырақ. Оқушы кезімізде кітаптарымыздың беттеріне салып қоятын күлгін сары жапырақтың өзі.

Серігімнің кенеттен шыққан даусы ойымды бұзып жіберді.

— Бе-ла... бе-ла...

Қасына қалай жетіп барғанымды байқамаппын. Қарағайдың басынан жұдырықтай ғана тиінді іздеймін.

Бұтақтан бұтаққа бұлт-бұлт секірген сүйкімді сұр тиін сырғып төмен түсті. Неше күн сарыла күткен қонағымыз көзі жәудіреп қарсы алдымызда тұр. Маңайына сақтықпен көз жібереді. Фотоаппаратты ыңғайлай бастадым. Жанымдағы серігім қалтасынан шекілдеуік алып, алақанына салды. Қанша қорыққанымен адамның қамқор қолын қимай қайта оралған жәудір көз сұр тиін мамық құйрығын әсем иген күйі шекілдеуіктің біреуін алып



Құсбері



**Аялы алақан**

шақты. Фотоаппарат шырт ете түсті. Қас қағымдағы оқыс дыбысқа елең еткен сұр тиін анадай жерге барып ұзақ отырды. Біз де ұзақ күттік. Бұл жолы жылы алақанның табын анық сезгендей емін-еркін шекілдеуікке мойнын созды. Фотоаппараттың шыртылына да назар аударар емес. Шекілдеуікті жалғыз талдан алып шаққан ол бір кезде бұлт етіп алақанға отырған. Шекілдеуікті бірінен соң бірін шағып, бейжай рақаттанған сүйкімді тиінді суретке түсіре бердік, түсіре бердік...

## МЕЗГІЛ СУРЕТТЕРІ

### ҚАҢТАРДА ЖАУҒАН ЖАҢБЫР

ҮШ ТӘУЛІК бойына үздіксіз жапалақтаған ұлпа қар тізеден жоғары. Теңізден тұрған ызғырық жел қар құйынын олай-бұлай қуғыштап та байқаған. Бірақ көз сүрінгісіз көкше мұздың бетімен безек қағып жөнелетін ақ түтектің жөні басқа еді. Азғана уақыт үйіріп соққан қар ұшқындары жол табанына бейне бір толқынды тізбек сызып үлгеріпті. Арагідік қасқа жол бойында жарысып отырап төбешіктер өз алдына бір-бір ақ таулардай елестейді. Етегінен бастап ұйыған қар жалдары өз өрнегін сызып, биіктеп барады. Ауыл сыртындағы қабаттастыра тұрғызылған осынау аппақ шөмелелер көк жасыл тоғай бауырында отырған ақ шаққан киіз үйлі ауылды көз алдыға әкеледі.

Кешелі-берлі жауған қар табиғат біткенді «көрпесімен» мықтап қымтап тастаған еді. Іңірде басылған қар соңынан хабар берген шыңылтыр аяз кімге болсын «қаңтардың әр күні әдетінше шытырлақ болса керек» дегізген де. Әсіресе қора-қопсысының қасынан шыға алмай, кеш қараңғылығын қоюлатқан Шаруа-адам төбеге қарайды. Ондағы ойы — ертеңгі күннің жайы. Көк күмбезінің әр жерінен қадау-қадау көрінген жұлдыздар білінбей ме езі. Қалайша жарқ-жұрқ күліп ойнамайды.

— Қаңтардың қақаған аязды күндері енді ған басталды емес пе? Әр нәрсе өзінің уақтысымен, мерзімімен, оның үстіне биылғы қысты әркім-ақ өзінше топшылап, «қаһарлы» болатын шығар деп ойлаған. «Желтоқсан желіп өтті, қаңтардың қай күні болсын-үлкен сын». Табанда бұзылған күннің райы түйінді істің нүктесін осылайша қойғызған да мазасыздандырған. Қызыл шұнақ аяз буып тұр.

Таңмен таласа оянған ауыл үстінде таңғы оттар жымыңдайды. Мұржалардан жаппай жарыса тіп-тік көтерілген түтіндер тым биікке қол созып жатқандай. Түн түңлігін түріп, қаңтардың боз ала таңы хабар жеткізгелі қашан. Түнімен әйнек біткенді сызғылап шыққан шыңылтыр аяз тіптен білінсейші. Кім ойлаған мынадай майда шуақты. Бозғылт тұманның біртіндеп-біртіндеп айыға бастағанын күткендей-ақ, қыр астынан алтын кірпіктер





Тынығу

ойнап шыға келген. Күн көтеріліп келеді. Ауада әлдеқандай шуақ білінеді. Әлдеқайдан жылы жел ескендей. Толық шар боп көтерілген күннің сәулесіне шағылысқан мың-сан шыны сәулелер көз қариды, қаратпайды. Жарқ-жұрқ. Әр жүректердің түйгені: «Бүгін тағы да қар жауады, қаңтар қарсыз, аязсыз болуы мүмкін емес».

Жоқ... Түс ауа ұшқындаған қар жаңбыр боп себелей бастағаны. Терезе әйнектерін тырс-тырс тамшылар қақты үздіксіз. Ғажап — қаңтарда жауған жаңбыр! Жазды күнгі үн-түнсіз бір ғана әуенмен себелеп тұратын әлгі ақ жауынның өзі. Тек күн күркіремейді. Тас төбеде шуағын молырақ төгіп күн күледі. Жылға-жылғамен ежелгі арнасын қуалай аққан қар суы ебіл-себіл. Бір тәуліктің ішінде көктемнің шуақты күнін жеткізген табиғаттың таң қаларлық құбылысына қайран қалған көне көз қариялар: «Балқаш өңірінде қаңтарда жаңбыр жауып, қардың көктемдегіше ағыл-тегіл еруін кездестіруіміз осы шығар»,— дегенді айтады. Мөлдір тамшылар ертеңінде де күн ұзаққа билеп жатты. Бұ кезде жер әжептәуір ала-құлаланып қалған-ды. Сынап бағанасы минус пен плюсті қатар екшеп тұрды. Іргедегі теңіз үстінде балықшылар 15 градусық аязда көкше мұз астынан су ырыздығын сүзіп жүрсе, қыр астында күнгейді бетке алған отар өріп барады. Отар соңындағы салт атты шопанның көңіл күйі де жайдары. Бұта түбінде ери қоймаған тоқымдай қар үстінде ұзақ шоқиып отырды...

Тағы да күн көтерілісімен қаңтар шуағы мөлдірөп төгіліп тұрды. Сақылдаған сары аязды күндер бәрі-бәрі алда еді...


...ЫМЫРТ ҮЙІРІЛЕ қылаулаған қар ұшқындары үздіксіз жапалақтайды. Мың-сан ақ «көбелек» жерге түскісі келмей, ауада ұзақ қалқиды. Ағаштардың сидам-сидам бұтақтарына жапырласа қонақтап жатыр. Айнала лезде ұлпа мамыққа оранып шыға келген.

Әр маусым өзіндік қайталанбас бояуымен айшықты. Ендеше, қыс көркі — ақша қар ғой. Қолыңды қалай тосқаныңды да аңғармайсың. Бейне бір салмақсыздық әлеміндегідей алақаныңа жеп-жеңіл қонақтаған ұлпа қардың әп-сәтте моншақтап шыққанын ғана көресің. Іле алақаныңды қайта жазасың. Ал адамдардың пәк көңіліндей аппақ қар жапалақтап жауып тұр.

Жымыңдасқан кешкі шырақтарға шағылысқан қар ұшқындары одан бетер сәулеленіп шалынады. Тымық кештің қоңырауындай күміс күлкілер де алақандай ауыл аспанын шарлап кеткен. Жарқын да көңілді дауыстар. Әншейінде іңір қараңғылығы қоюлана үйді-үйіне тарасатын балғындар, енді міне, іргедегі құлама төбе басына топталған. Сыңғыр-сыңғыр күлкіні ағыта жүріп, бірі аққала тұрғызса, қайсыбірі сырғанақ сайға қар тауын тұрғызып әуре. Шана сүйретіп, шаңғы байлағандар да бар. Мәре-сәре. Осынау думанды сәтті бүлдіршіндердің әрқайсысы тағатсыздана күткен еді...

Желтоқсанның алғашқы аптасында оңтүстік өңірінде ақ түтектетіп, жауған қар жер-көкті тізеден көміп тастаған болатын. Қыс ашулы басталды. Қар суырған боранмен сақылдаған сары аяз біріне-бірі ұласты. Торғайлар бүрісіп ауладан шықпай қойса, суықтан қорғанған ор қояндар түн бойына қора маңын торуылдайтын болып алды. Үйлердің мұржаларына қалғып шыққан кептерлерді қалбаңдаған қара қарғалар дерсің. Қыр балаларының қыстайғы ермегі — омбы қарды белуардан кешіп қоян жымына дұзақ құру. Сонымен бірге табиғаттың жас достары қанаттыларды өз қамқорлығына алады. Ағаштардың ұшар басына қысқы «үйлер» орнатып, қар қалың жауған күндері құстарға түрлі жем әзірлейді.

Қыстың ызғарлы күндері ұзақ тұрмады. Қаңтар туысымен мүлдем сынық мінез байқатқан. Аяқ астынан күн жылып, кешегі омбы қар селдетіп еріді-ай келіп. Осындай күндер бірінен кейін бірін алмастырды. Міне, шуақты күндер аптаға ауысты. Жер бетінде іліп алар шөкімдей



**Еліктің лағы**

де қар қалмаған. Жұлдызсыз аспан төрінде пышақтың қырындай боп туған жаңа ай күн санап қалыңдап, биіктей түсті. Мұндай ашық түндерді қыс мезгілінде өте сирек ұшырататының айдан анық.

Әлгіндегідей емес, қар ұйытқып бората бастаған. Басқан қадамың сықыр-сықыр етеді. Шыңылтыр аяздың бар өнерін ұзақ таңға әйнек бетіне өрнектеп шығатын шағы да есік қақты-ау... Ауыл аспанында ойнаған кешкі оттар шаңытып, тым шалғайдан қол бұлғайды. Қысқы кеш тұңғыық ойға шомған.

Аппақ қар жапалақтап тұр...

ТАҢ АТҚАНША шуылдап шығатын телеграф сымдары сәл сәтке болсын әдеттегі әуенінен жалыққандай, болар-болмас ызың ғана. Бағана біткеннің ұшар басына түйін түйіп жүгірген темір қыл пернелер қашанда өз нотасын ойнап жатқаны. Осынау толқынды дыбыстар көңіл күй әуездерін тынбастан шертеді. Көп ретте елең ете бермейтін кімде-кімнің бүгінгі күні қырау басқан қос ішектей тартылған болат сымдарға көз тоқтатары сөзсіз. Әуеде қалқыған аспалы ақ жолдардың тура өзі. Аспанымыз толған айқыш-ұйқыш ақ жолдар екен ғой. Небір алыптар жүрегіне қан жүгіртіп, білектерге күш үйірттіп, көгіне күн күлдіріп алға асыққан осынау ақ жолдардың әсем суретін түн бойына ақша қар сызып шыққан еді...

Бұл кеш ерекше тұманытып, күннің ұясына қай кезде қонақтағанын да аңғармаған. Лезде сап тыйылған қарашаның қара желі қыс қақпасын ашуға ыңғай танытқандай, жылып қоя берді. Кешкі тұман біртін-біртін қоюланып, ымырт өз бояуын жақты. Сол-ақ екен алғашқы қар ұшқындары қылаулай бастады. Көптеп күткен, сағынып жеткен қисапсыз ақ «көбелектер» жер құшып жатыр. Ақ көңілдей — аппақ мамық. Әлгінде үйді-үйіне тарай бастаған ойын балаларының бастары қайта біріккен. Ақша қардағы алғашқы іздер жазылмаған парақ бетіне түскен әріптей сайрайды. Бал күлкілер толассыз естіледі. Мәресере... Бірін-бірі қарға аунатып ойнаған балалардың аяқтарына оралып, салпаң құлақ күшіктер де жүр. Маңай біткен қас қағым сәтте ақ көрпесіне оранып шыға келді.

Шыңылтыр аяз терезе әйнектерін оюлап, неше алуан суреттер өрнектеп үлгеріпті. Бұлт-бұлт етіп секірген торғайлар жеделдетіп жеткен желтоқсанның мына мінезіне қайран. «Кәрі құдаң қыстың сықырлап-ақ келіп қалғаны ма?» Бой мұздап, дір-дір етеді. Дән теріп, безектеп жүрген торғайлар енді шуақ көзін іздейді. Селдір бұтақта қонақтаған осы бір жалғыз торғай мүлгіп ұзақ отырды. Қыс қиялына шомып кеткендей. Көз ұшында мұндалайтын қарағай тоғайының бір түн ішінде ғайып болғанын түсіне алмайды.

Төңірек біткен ақ мамыққа бөленген. Сыр ақтара бермейтін сұлу шыршалар да ақ «шәлілерін» тартып шығыпты-ау. Ақ тонын киіп алған қоян сылаң түлкіні көп әуреге салды. Көз алдында орғыған жырық еріннің сан



### Ақша қар айшықтары

ұрғызып кеткеніне ызалы. Қай бұтаны тасалана қалды екен?» Қар да аппақ, қоян да аппақ. Бет-аузын мұз моншақтар басқан қызыл түлкі ақша қарға түскен әлгі бір ізді қуалай жөнелді. Күн нұрына шағылысқан күміс қар көз қаратпайды. Бар қызығын өзімен бірге ала келген ақша қар қыраулы қыстың айшықтарын жаза бастады. Ауыл сыртын айқыш-ұйқыш шаңғы іздері сызып тастады. Күн ұзаққа қан сонар қызығына түскен аңшы кері қайта алмай күн батырды.

Шыңылтыр аяз бет шымшиды. Шықыр-шықыр... Тағы да қар ұшқындай бастады. Айнала төңірек әсем бір құбылыс — ақша қар айшықтары.

ҚЫР АСТЫНАН күлімдеп күн көтеріліп келеді. Соңғы тәуліктер наурыз шуағы боп табиғат біткенді нұрлы шұғыласымен тербетіп тұр. Күннің мейірімді мінезіне қара жер де иіп қоя берген. Күнге қабаттардан жылтырап жылғалар жарысады. Ескі арнаға құлаған миллион мөлдір моншақтар күн сәулесіне шағылысып жарқ-жұрқ ойнайды. Жер тершіп жатыр. Майда леп, көктемнің ескек желі бусанған жердің маңдайын жылы алақанымен сипайды. Маңдайдан мөлт-мөлт төгілген маржан тамшылар «шаруа күндер енді басталады-ау» дейтін сияқты... Ұзақ күнге өз думанымен болар ойын балаларының көңілдері де әжептәуір марқайып қалған еді.

Жылға-жылғаны қуалап жүгірген кез келгенінің қолында бір-бір қағаз қайық. Бірін-бірі жетектеп алға асыққан майда толқындар көңілдене сықылықтайды. Кішкентайлар да мөз. Қызыл күнді өз ұясына қонақтатып барып тарасатын бүлдіршіндер келер таңға тағатсызданады.

Дарқан даланы дүбірге ораған көктем таңы мазасыз еңбек күйін шерткелі де біраз уақыт. Қыр төсінен талып жеткен трактор гүрілі, қиқулаған құстар үні түннің бір уағына дейін естіліп жатар шақ. Ең алғаш түрен салған құрыш білектер қара жер бетіне айқыш-ұйқыш із тастап, жаңа бір еңбек жырын жазып жүрсе, көз ұшында қалықтаған жыл құстары көктем әнін әуелеткенін де енді ғана байқайсың. Тамаша әуез, құлақ түбінен кетпей-ақ қойған. Құстар салған көктем әні ауыл сыртына, қызғалдақты қырға шақырады. Кеше ғана жауып өткен құсқанаты әнеміне дүр сілкініп шыға келмекші бәйшешектерді тағы да ақ көрпесіне қымтаған. Бүршік атуға шақ тұрған бәйшешекті алқапты көктемнің апақ-сапақта ызылдатып өтетін қара суығынан қорғағыштағанын ешкім байқай бермес.

Оралған жыл құстарының тізбегін әр ауылдың аспанынан көресің. Олар салған сиқырлы үнге жаныңмен беріле ұйысың. Құстар әнін осы мезет жалықпай тыңдай берер еді кімде-кім. Мінеки, алғашқылардың бірі боп жеткен қос қараторғай да өз ұясын жазбай тапты. Қашанда құстар тобы — бүлдіршіндер орнатқан ағаш ұя өте ыстық көрінген-ау. «Шиқ... шиқ...» Бұтадан бұтаға секірген құстар салар өз әуендері бар.

Одан да бұрын күн шуағына шомылған аққулардың көңіл-күйін, табиғаттың осынау маусымы кезіндегі мінезін

байқасаңыз, шіркін! Селдір бұтақты ағаштың ұшар басынан әрмен көк күмбезіне көк тіккен құс еркесі де әлденені сезетін сияқты. Бауыр басқан көлін тастай салып қиырларға заңғар биіктерге самғауды ойлады ма екен. Ауыр қалқыған аққулар қанатымен су сызған күйі тар көлшіктің бетінде ерсілі-қарсылы көшумен болды. Қайсыбірі айна-толқынға қарап, бойын сылап ұзақ таранды. Алыс жолға, қанат талдырар сапарларға әзірленген қалып танытады. Сиқырлы да сазды сұңқылына салған. Бәрібір олар үшін мынау бауыр басқан шалшықты көлшік тым



### Бауыр басқан ұялар

ыстық, бәрінен де адамдар тым жақын. Аққудың адамдарды қимайтыны да сондықтан шығар.

Мүлгіген орман да ұйқысынан оянып, алыс жағалаулардан келген қонақтарына құшақ ашты. Қыс бойына қаңырап тұрған ұяларға бас тіреген жолаушы-құстар ерекше көңілдене сайрайды. Әрқайсысы өз кәсібіне кірісіп те кетті. Бірі жаңа орнын сайласа, енді біреулері бұрынғы «үйлерін» жөндеуге кіріскен...


Көктем шуағы мөлдіреп құйылып тұр. Табиғат-суретші тағы да жаңа туындысын жазуға кірісіп кетті. Көктемнің алғашқы күндеріндегі осынау бояуларды — суреттерді «Күншуақ» деп атадық.



ІҢІР ҚАРАҢҒЫЛЫҒЫ қоюлана көк күмбезінің алыс төріне біртіндеп шырақтар іліне бастады. Тұс-тұстан көңілдене көз қысқан аспан шоқтары тым таяудан қол бұлғап тұрғандай. Кешкі самал ағаштардың бүршік-моншақты сидам бұтақтарын тербейді. Сәл сәтке болсын, айнала-төңірек мызғып кеткен. Күн ұзақ дабыл жалықтырып жығылтқан ба дерсің. Мүлгіп тұр. Өрістен құлаған табын соңы үздік-создық жиналған. Қыс бойына қора маңынан ұзап шыға алмаған төрт түліктің қай-қайсысының болмасын, бойлары жазылып қалған шақ. Қылтиып көк көрінгеннен бері түнделетіп оралатын. Қазір де, міне, кешкі ұйыған тыныштықты бұзған дауыс «ау-хау-ау-хау-ға» басқан. Ағаш біткеннің басында сеңдей соғылысқан құстар бірін-бірі қонақтатқызбай, бұтақтан бұтаққа қуған еді. Шырылдаған, шиқылдаған құстар үні көпке шейін тыйылсайшы. Қанат талдырар ұзақ сапарларды тәуліктер бойы самғаған олардың кез келгені өз мекендеріне — ыстық ұяларына құлағанша асыққан. Содан бері де біраз күндер өтті. Құстардың қоныстану тойының думаны әлі басылар емес. Әлгіндегі бұтақтан бұтаққа қуғыштап, көңілдене шуылдасқаны да сол. «Аухаулаған» мына дауыс лезде қалғып кеткен құстарды сыбыр-сыбыр еткізіп барып тыныштандырды. Іргедегі көлшіктен су сабалған аққу қанатының сусылы талып жетеді. Ұйқы дегенді білмейтін құс тәңірісі түн бойында көл бетінде өз сайранын салар еді. «Аққу көлінен» жетіп жатқан сиқырлы әуен сазымен төңіректегі құстар қалғығалы қашан.

Тек бұлардың ішінде қарлығаш жоқ. Жол торуылдаған қанаттылар серіктестерінің енді-енді жолға шыққанын жақсы біледі. Одан да бұрын үй біткеннің аспанында шегеленген қарлығаш ұясына кіріп-шыққан сайын көз тікпей өтпейтін үлкен-кішінің жүректері мазасыз. Ақ тамақ қарлығаштарды сағынбағандар некен-саяқ. Әсіресе, бүлдіршіндер көңілін сезсеңіз. «Қарлығаштар қашан келеді?» Баршасының бойынан байқайтының осынау сағыныш сезімі.

Табиғатты құлай сүю, оны қорғау адамға ғана тән. Сондықтан болар, кішкентайлардың да өз ортасына үлкен құштарлықпен, аса байқампаздықпен көз тастайтыны. «Қарлығаштар жаңбыр жауып, күн күркірегенде келеді». Үлкендер аузынан естіген осы бір сөз олардың қашанда



Алакөлдің реликті шағалалары

жадында... Көктемгі күннің күркіреуін тағатсыздана күткен-ді. Бірақ... Тәтті ұйқы құшағында түн бойына әйнек шертіп шыққан сәуір тамшыларын, көк жүзінде шатыршұтыр ойнаған алғашқы найзағайды байқамады. Бүгінгі түнде тұңғыш рет күн күркіреген еді. Ертеңгісін дарқан дала жүзін жаңбыр суына жуып оянды.

Бір түннің ішінде бүршіктер мөлдір моншақтар тағып шыға келген. Мың-сан лағыл моншақтарды кешкен ауыл балалары ерекше шат. Өйткені, қарлығаштар келер күн жақын ғой. Телеграф сымдарында айқыш-ұйқыш отырған шоқ-шоқ ақ тамақ қарлығаштар көз алдыға нота жазуларын елестетеді. Әркім-ақ өз қиялынан сәуірдің осынау суретін іздейді. Жападан-жалғыз жүргенде жаныңнан шықпайтын да, қиыр сапарларға жол сілтейтін де — қарлығаштар. Күткен күн — қарлығаштар келген күн. Әр үйдің есігінен бірге кіріп, бірге шығып, тіршілік-қаракетіне қызу кіріскен қарлығаштар сан-алуан түрге енгізіп, әсем әуенін де шырқаған. Заңғар биіктерге жетелеген де құлаққа таныс — «Қарлығаштар әні...» Құстар мен жанжануарлар жүрегі адамдардың жылы алақанын өздерінше сезеді-ау!

Керімсал көктемнің кербез сұлу шақтары сәуір саздарын шым-шым сіміріп жатқандай.

РАУАНДАП ТАҢ атып келеді. Түн бойына ауыл аспанында ойнап шыққан жыпырлаған шырақтар да сиреген. Көк күмбезіне ілінген қадау-қадау жұлдыздар соңғы рет жымыңдаған күйі қол бұлғап барады. Көктемгі салқын самал бұта басын баяу ырғайды. Таудан құлаған асау өзеннің даусын таңғы тыныштық тұс-тұсқа үздіксіз таратып жатыр. Ақ көбік толқындар бірін-бірі бүктеп ілгері ұмтылады, ілгері асығады. Жол-жөнекей тасқа ұрған әлгі асау толқындар қас қағымда қисапсыз моншаққа айналып көкке секіреді. Артынша-ақ мөлдір моншақтар қайта жауады. Аппақ шыңдардың басынан сығалаған күн нұрымен осынау маржан моншақтар одан бетер құбылар еді. Жарқ-жұрқ... Қыстайғы мұз құрсауынан енді ғана еркін босанған тентек өзен ашуын баса алар емес. Буырқанып жатыр. Алты ай қыста әлденеше рет мұз кеудесін үңгіп шыққан түйдек-түйдек толқындар күн күлімдегеннен бері ерекше көңілді. Тау өзенінің кәнігі мінезі. Қазір де мәз, сылқ-сылқ күледі. Сансыз моншақ шашып, алға асығады.

Тау өзенінің көгілдір көктемдегі осынау мінезін көрсең, шіркін! Өр өзеннің өршіл даусын естуге әркім-ақ құмар. Ал сол үнді естігің келсе таң алагеуімнен өзенге бар. Тек кешікпегей. Күн көтерілісімен тіршілік біткен өз қаракетінің соңына түседі. Тағы бір мазасыз күн үйреншікті күйін шертеді. Сан сырлы ертеңгі әуезге тау өзені де қосылар еді. Іргедегі өзеннің даусын күн ұзаққа ести алмай дел-сал күй кешуің де неғайбыл емес. Өйткені тіршілік біткеннің өз тынысы, өз лүпілі бар.

Күн жылынысымен ең бірінші болып өзен бойын қуалай жасыл «кілем» төселеді. Сидам-сидам балғын бұтақтар бір түннің ішінде, онда да кешегі жауыннан соң бүршік-моншақтар қадап шыға келді. Кешқұрым үйірілген қою бұлт әуелде төгіп-төгіп жіберген. Іле-шала күн күркіреді. Жауын басылғанша күннің күркірегені де үздік-создық тұс-тұстан жетіп жатты. Көктемнің алғашқы жаңбыры. Тағатсыздана күткен әркім-ақ. Булығып еркін көтеріле алмай тұрған қыр асты көк жасылға оранды. Өзен-көлдердегі орман-тоғайдағы құстар думаны боз ала таңнан қас қарайғанша бір толастасайшы. Жыныс тоғайдың, миуалы орманның айтар өз ертегісі бар. Тек соны жүрегімізбен ұға білейікші, осы...



### Шүрегей үйректің ұясы

Көктем жауынды болып тұр. Түнімен мөлдір моншақтар үздіксіз билеп шығады. Ақ жауын таң құлан иектене сап басылады. Қол созымда жаңбырдан кейінгі ақша бұлттар қалқиды. Ағаш бұтақтарындағы мың-сан май моншақтары күн шұғыласына шағылысып жарқ-жүрқ ойнайды.

КҮНІ КЕШЕ ғана секілді. Асау өзеннің арнасынан ақтарылып, ақ көбіктене ағыл-тегіл тасығаны-ай! Бір түннің ішінде ауыл іргесінде телегей-теңіз шалқып жатты. «Өзен тасып келеді...» Бірден-бірге жеткен көктем жаңалығы аядай ауылды шарлап та кетті. Өзен тасып келеді!


Басқаларды кім білген, кішкентайлар — балалар жағы осы сөзді көктем шыға тағатсыздана күтетін. Жылдағы сағыныш «бүгін-ертеңмен» жеткізген күндер қызығы мен қуанышы бүлдіршіндер үшін тым ерекше. «Қаратал тасыпты»,— дескен бала біткен ауыл іргесінен өтетін ескі тоған табанына түсіп, зыр жүгіретін. Қос өкпелерін қолдарына алғанша жарыса жүгіре берер еді. Ауылдан ұзағандарын сонда ғана байқайтын олар. Көк күмбезіне ілінген құстар тізбегін алғаш көргендеріне шат. Құрақты жағалауларға — көз ұшындағы Балқашқа құлаған құстар үнін жоғалтып алмауды ойлайды.

Аз күннен кейін өз әнін әуелетіп ләйлек те келеді. Тек өзеннің тасығанын күтіп кешігуде. Іргеден басталар тақия көлдердің айна сәулесіне маңғаз таранып, бойын сылаған қос-қос көкқұтандар да кімді болсын сағындырған еді...


Сондықтан да балақтарын тізеден түсіріп, шалшық-шалшықтан шаршағанша балық қуып, көлшіктердің бойынан ұя іздеп әрқайсысына күні бұрын «ен» салып иемденетін сәтке асығады-ау. Содан жұмыртқалар санап көбейткенше, сары ауыз балапандарды көргенше жетелемек бала жүрек...

...Қаратал тасып өткелі қашан. Әншейінде айна бетінде сақина иірімдер жарқ-жұрқ ойнаған күйі ілгері жүгірумен жөнелетін өзен мінезі әуелден белгілі. Қашан көрсең де көз алдыңда — сол таныс сурет. Майда толқындардың күндіз-түні тынбай дірілдейтіні; шағалалардың аспандата лақтырған тастай жұмырлана құлдилап барып бауырымен су ұрғаны; әр тұстан шоршыған шабақтардың шолпылы; Арғы жағалауда жарқабаққа тырмысқан селдір бұтақты жалаңаш ағаштың ұшар басын айналсоқтап қос қанатты ұзақ қалқыды. Әлсін-әлсін сиқырлы сұңқылына да басқан. «Ләйлек қой». Иә, иә көлдің сәні — көгілдір құстар емес пе...»

Жұбын жазбаған қос ләйлек ағаш басындағы өз мекендері — бөрікті ұяны зорға таныды. Ескі ұяның шөпте-



Лэйлектер



### Кешқұрым

рін, бұтақтарын кезек-кезек түртпектеп байқастаған да. Артынша дүр сілкініп көтерілген қанаттылар шарықтаған бойы қарсы айрылып бара жатты. «Аяқ астынан неден секем алды екен, құс құдіреті? Әлде көктемгі тасқында түбін су шайып, үңгіген ағаш басындағы жылы мекендерін мәңгі санамады ма?..» Еш уақытта жұбын жазбай қатар қанат қағып күн кешетін ғажайып құстардың мына қылығы кімді болсын толқытар еді. «Шынымен айрылысып, қол бұлғап кетті ме екен? Қанат талдыратын ұзақ сапарда Құсжолында кезіккен болар».


Жоқ... Ләйлектер қайтып оралды. Жаңағы ағаш басындағы ыстық ұяға әлгіндегідей сақтықпен емес, бірінен соң бірі тым асығыс құлаған. Бауыр басқан жайлы жайды осы жолы жазбай таныды. Әуел баста толып жатқан ұялармен шатастырған олар енді ғана барып айнала төңіректі шоли жіті көз жүгіртті. Бәрі-бәрі... Жедел «үйлерін» жөндеуге кіріскен көгілдір құстардың қылықтары барған сайын қызықтыра берген... Қызықтыра берді.

Сиқырлы саз жан дүниенді еріксіз толқытып, әлдеқандай тебіреніс бір күйге баурап барады.

СОНАУ КӨКЖИЕКТЕН көлбеңдей көтерілер қаз бауыр бұлттардың көк күмбезінде көшіп жүргеніне де екі-үш тәулік. Аспан аясын торлап алған бұйра бұлттар тым төмен қалқиды. Ұшар басын күнге сүйдірген заңғар шыңның да әншейіндегі айна-жүзін көре алмайсыз. Тұстұстан жиналған кезбе бұлттар бүкіл тауды құшақтаған бойы аймалап сүйіп жатқандай. Бірін-бірі жетектеген күйі етекке құлап келеді. Терістіктен лекіген салқын самал одан бетер асықтырған. Сол-ақ екен енді-енді сіркірей бастаған жаңбыр тамшылары ағытылып кеткен жақұт моншақтай ебіл-себіл құйды-ай кеп! Таудан құлаған ерке бұлақ та табан астынан мың бүктетіліп, өзгеше асау мінез байқатқан. Мың-сан ақжал толқындар өзді-өзін қуалап ілгері жүгірді. Жаңбыр тамшылары үздіксіз билейді. Алғашқы күз моншақтары еді бұл. Айнала-төңірек жаңбырға рақаттана шомылып тұр. Көше толы — қол шатыр. Әр шатырдың астында — қос-қос жұп. Күміс күлкіге бөлеп барады. Сыңғыр-сыңғыр... Ақ жауын басылар емес, бірқалыпты себезгілейді. Сәлден соң бұлтты бұлтқа жанып күн күркіреді. Қазір сары ала күз. Ал «күзде күн күркіремейді дейтіні қайда?..» Жоқ алтын күзде де күн күркіреді екен. Зеңгір аспан көгіне алуан түрлі лентадай кемпірқосақ та ілінді...

ТАҢҒЫ АУА дымқыл. Күн ұзаққа әйнек шерткен мөлдір моншақтар іңір қараңғылығы қоюлана тыйылған-ды. Қазанның қара желі шылқыған суды түнімен сорғытып шыққанға ұқсайды. Сөйтседағы жаңбырдың ізі сайрап жатыр. Ойдым-ойдым іркілген қақтың беті дір-дір етеді. Жауын тоқтасымен іле-шала жапырақтар жауған ба дерсің. Аткөпір сарғыш жапырақтардан аяқ алып жүргісіз. Сағағынан иілген жез жапырақтар жерге түскісі келмей көпке шейін ауада ұлпадай қалқиды. Жеп-жеңіл тербетіле ұшқан әлгі жапырақтар кімді болсын ерекше әсерге бөлейді. Өйткені сары жапырақ — күздің символы емес пе? Ағаш бұтағында отырған кішкентай қос қанаттының үніне құлақ түрген жан көп жайды сезері хақ. Сәл сәтке болсын уақыт ізіне үнсіз ғана үңілері белгілі. Әншейінде елей бермейтін сиқырлы әуез. Ол қандай әуен? Мүмкін ыстық ұямен, болмаса құтты мекенмен... Жоқ, әлде жадыраған жазбен қоштасар кездегі ән бе екен? Түстікті бағытқа алған құстардың үдере көшкеніне





### Бәйшешектер

де біраз. Күндіз де, түнде де құлаққа шалынары құстар қанатының суылы. Қайтқан құстар тізбегін әр ауылдың аспанынан ұшыратасың-ау. Соңғы күндері теріскейден ызғар білінген. Жез жапырақтар үздіксіз жауып тұр. Теңгеше сыңғырлайды. Көз ұшында — құстар көші. Сиқырлы саз талып жетеді. Сары күздің жеткені емей немене?..

**СЕНТЯБРЬДІҢ АЛҒАШҚЫ** тақымен өз дабылын соққан күз қоңырауының жаңғырығы сайын даланы дүбірлі думанға ораған кез. Сонау көгілдір көктемде басталған шаруаның мазасыз қарбаласы енді міне, алтын күзге ұласып отыр. Күні кеше ғана секілді. Майда самалмен әсем де кербез ырғатылған жасыл алқаптың миллион толқынды тербеп жататыны. Сол алқап күз бояуына шомылып шыға келген. Күз реңі тура көз алдыға ғажайып суреттей елестейді. Қырдан көтерілген арайлы шуаққа жүзін жуған жезмұрт масақтар да бадана бастарын көтере алмастан жалқау найқалады. Алтын алқапқа тұс-тұстан шыға келген дала кемелері еңбек әуенін қайта жалғады. Жал-жал дестелер... Баяу тербелген ойдым-ойдым астық теңізінің арасынан арагидік дуадақтар ұшырасады. Оқта-текте болсын күміс қанат қырғауылдар жол кескектейді. Маңайыңның бәрі күз ырғақтарын шертіп жатқандай. Астық бастырып жүрген адамдарды қимаған құстар тізбегін алтын алқапты дала аспанынан да жиі кездестіретін сәт.

Өзара астасқан алтын бояулар көркем күздің айшықты ажарын одан бетер әсем әдіптей түскен...

...ОЛ ӘЛДЕҚАНДАЙ күбір-күбірден оянып кетті. Таң себезгілеп атып келеді екен. Туырлықтың маңдайша тұсындағы оймақтай саңылаудан ішке бозғылт сәуле құйылып тұр. Әншейінде жанар қаритын жарқыл емес-ау.

Тарқатылып кеткен қос бұрымын саусақтарымен тарағыштаған күйі орнынан қозғалмаған. Тұрып-ақ кетпекші еді. Жылы төсек құшағында тежей түскені — шешесінің сөзі. Өз-өзінен жымыды. Үй іргесінде әкесі мен шешесінің ертеңгі ыстықтарын ішіп отырғанын айтқызбай сезіп жатыр. Неге білмесін?! Ұлан жазға әлденеше мәрте қайталанған, көзқанық сурет. Екеуден-екеу бүкіл ғұмырын қыр төсінде, қой соңында өткізген олардың құба төбел өміріне енді ғана тереңірек бойлағандай. Байқаса жыл он екі ай бойына жапанда жалғыз үй отырғаны. Демалысқа келгендегі аз мезгілде нені зерделесін. Сол ұшқыр уақыттың бір жыл... бес жыл... жоғ-ау, ондаған жылдар басын құрайтынын да жаңадан түсінген еді. Иә, осы уақытқа дейін ештеңені аңғармағаны анық.

«Сонда қалай?! Айнала-төңірегіне жіті көз тастатқызбаған балалық бал-дәуреннің бір-ақ күнде бұлбұл ұшқаны ма? Шынымен-ақ күні кешегі мектеп бітіру кешінде қоштасқан ақ бантик лезде есейтіп жібергені ме?.. Ең ақыры өзіңді аялап өсірген туған табиғаттың не бір тылсым құпиясын, сұлу сырын ұқпағанымыз-ай! Әсемдікті шарқ ұрып тек жырақтан іздеп жүр екенбіз ғой. Қандай ақыл болған — оқуға шапқыламай ата-анамның қасында қалғаным...»


Ой орманын шарлаған қиял құсы тым шарықтап кеткен. Үн-түнсіз. Қос жанары шаңырақтың күлдіреуішіндегі қарлығаштың ұясында. Ақ тамақ қарлығаштардың сан құбылтып салған сырлы әнінің естілмегеніне де біраз. «Қоңыр күздің есік қаққаны ма, шынымен...»

Әкесінде үн жоқ. Оқта-текте сыңғыр еткізіп, шай ішіп отырған шынысын шешесінің алдына сырғыта салғаны байқалады. Ал құлаққа жып-жылы естілер анасының майда үні дала дастарқанын тербеп отырғандай.

— Іші пыспағанда қайтсін. Жападан-жалғыз не бітіреді, құдайдың мына құла түзінде. Әйтеуір, ермегі — кітап. Шырақты көлегейлеп алып ұзақ түнге кірпік ілмейді-ау. Көз майыңды тауысасың дегеніме де құлақ аса бермейді. Иә, басқа алаңдайтын не бар мына жалғыз қара

үйде. Шал-ау, тездетіп қыстауға жылжиық. Қанша айтқанмен елдің шеті ғой. Қарлығаштарың да балапандарын темірқанаттандырып қайтты емес пе? Енді қарайлайтын нең бар. Қараша да түсер. Бірер күн-деумен қашанғы отырмақсың. Ауылдың іргесіндегі «Өзек» бойы сенің бір отар қойыңа жетер.

Қалай ұшып тұрғанын да байқамады. Табанының астындағы сыртылды да сездірместен үй сыртын айнала берді. Ертеңгісіңгі салқын ауа денесін шымырлатып



Қанаттылар сирағындағы жеп-жеңіл сақина олардың дүние жүзінің кез-келген түкпіріне ұшып баратынын дәлелдеп берді

жіберген. Дір-дір етеді. Қос білегі де құсеттеніп шыға келді. Артынша-ақ бойы үйренейін деген. Жапырақ мұхитын кешкен ол күндегі әдетінше үй іргесіндегі Жиделісайға түсті. Мың бұралған Қараталдың осынау тұсы бейне бір көрме төріндегі алып картинадай ғажайып әсерге

бөлейді. Майда толқындар үңгіген жарқабақты жағалай жүріп, суға сұлық құлаған үлкен қара талдың үстіне жайғасады. Сүйікті орны. Аяғын суға салбыратып жіберіп, бетін салқын сумен көміп-көміп жуған. Жаздайғы әдеті, бір күн ұмытсайшы. Сағаттар бойына отырса да, дір-дір еткен Қаратал толқындарынан жалыққанды, зеріккенді білмейді.

«Туған жердің әсем саясын қашанда жан дүниеңмен, жүрегіңмен ұққанға не жеткен, құлыным!..»

Қара танымайтын анасының аузынан шыққан осы бір орамды тағы да іштей қайталаған.

Қос жағалауын оқалы тондай көмкерген жасыл жыныстың малынып тұрғаны күні кеше-тін. Енді міне, айнала төңірек алтын күздің әсем бояуына шомылған. Ағаш та, қыр да, жапырақ та — сап-сары, Табиғат-суретшінің күз тақырыбына жазған бір-бір кесек туындыларындай көз алдымызда көлбеңдейді. Алтын күздің ғажайып бейнесі тағы да ойға шомдырған.

«Күздің де өз дидары бар екен ғой. Осы уақытқа дейін неғып байқамағанмын, неғып көрмегенмін... Жоқ, мүмкін емес. Бұдан бұрын тамыз таусылмастан сүйікті ұямыз-орталықтағы мектепке асығушы едік. Сөйтіп жүріп қырдың қоңыр күздегі келбетін көкейімізге ұялата алмаған екенбіз. Иә, солай... Әйтпесе тойларға толы, шаттыққа толы сары күздің, берекелі күздің өз жыры мен сыры бар екен...»

Ол өзен жағасында ұзақ отырғанын енді барып байқады. Шешесінің даусы да талып жеткендей.

Жапырақ мұхитын кешкен күйі қол созым жердегі қараша үйге жеткенше асықты. Жүрегі алып-ұшып барды. Неге... неге?..

Алғаш рет көк күмбезін күздің түсі суық қорғасын бұлттары торлай бастаған. Ауада дымқыл сыз бар.

«Ендігі жол қыстауға түсетін шығар...»

ЖЫНЫС ТОҒАЙДЫ қақ жара ағып жатқан Қаратап өзенінің табиғаты әсем-ақ. Өзеннің қос жағалауын қуалай өскен мәуелі жиде, ақ терек, көк тал, ұшар басына көз жеткізгісіз заңғар қарағайлар оқалы тонды көмкерген құндыздай өзара әсем астасып, айрықша құлпырады. Ит тұмсығы батпайтын ағаштың ара-арасынан су үңгіген тіптік жарқабақтар белдеуленіп шалынады. Көбіктеніп ағып жатқан арынды өзеннің күн шұғыласына шағылысқан бетінде қисапсыз иірімдер ойнайды. Жалт-жұлт жарқыраған толқыннан жанар аударғың келмейді.

Қарсы жағалауына айғайлаған даусың талып жететін өзеннің кең арналы тұсына «Қара түлкі» ауылы орналасқан. Бой таластыра сап түзеген ақ шағаладай үйлер, оқтай тартылған көшелерге ерекше көрік берген теректер мен қайыңдар сонадайдан «мен мұндалайды». Осынау өңірдің «Қара түлкі» аталуы тегіннен-тегін емес. Бұл жерде терісі аса бағалы қара түлкі өсіріледі екен.

Жазғы каникул күндерін осы ауылдағы Әзімбек атамның үйінде өткіздім. Атам алғашқы сәттен-ақ әр нәрсені тәптіштеп сұрап, ығы-жығы, шуы мол қаланың тіршіліктің білгісі келеді. Маған қойған ең алғашқы сауалы да есімде.

— Астанаңда не жаңалық? Оқуыңды қалай аяқтадың?

— Жалғыз ғана төртім бар,— деймін мақтанышымды көтеріңкі дауыс ырғағымен сездіріп.

Сондағы атамның қуанышын көрсең, шіркін! Әжімді жүзі нұрланып шыға келеді. Езуінде де, көзінде де — күлкі. Тамаша күйге бөленген атам сауалын жалғастырудан жалықпайды-ау?! Тіпті кей сөздеріне еріксіз жымиясың.

— Маледес, Жомартжан. Ал сабақтан соң, әке-шешен, жұмыстан келгенше, әлгі не деуші еді... «бәлкөнде» отырарсың ба?

Ішегім түйілгенше күлемін.

— Жоқ. Далада...

Сөйткенше атам сөзімді аяқтатпастан бөліп жібереді. Өлгіндегідей емес, енді осы сәт оның отты жанарынан үрей ұшқындарын көресің.

— Жападан-жалғыз қорықпайсың ба? Ұзап кетіп, адасып жүрмейсің бе, әйтеуір?!

— Ой, ата, өзіңіз қызықсыз. Хайуанаттар паркіне де, киноға да өзім барамын. Бұдан бұрын келгеніңізде мек-

тепке жаңадан барып жүргем. Қазір үшіншіге көштім емес пе. Октябрытпын. Міне — жұлдызшам.

— Е...қайдан білейін, сол қалаға оқта-текте барғанда бір көше айналып кетсек, қайтар жолды таба алмай есіміз шығады. Үлкен жігіт деген осы, күнім. Мынау кең далада емін-еркін бойыңды жазып, бірер күн тынық. Со-сын маған көмекші боласың. Шөп орамыз. Оны жинап алуға да кісі керек. Ал мына жұлдызшаңды жоғалтып алма. Қалаға қайтқанша тығып қойғаның да жөн. Бір жерге түсіріп аларсың. Ауыл балаларымен танысып, достасып кетесің әлі...

Атам айтқан өзім секілді қараборбайлармен лезде қоян-қолтық араласып кеттім. Өзен жағасында қарсы алған төрт-бес бала бірден шүйіркелесіп, жөн сұрайды.

Кезек күтпей жарыса сөйлеген олардың айтатыны:

— Бізбен дос боласың ба?

— Алдымен танысып алайық,— деймін сыр тартып.

— Менің есімім Азамат,— деді кекілі көзіне түскен домалақ қара бала.— Мынаның аты — Қасым.

Күнге әбден күйіп, тотығып кеткен қарасирақтар шетінен қол беріп, танысып жатыр. Бейтаныс біреуі тіпті қолындағы қармағын ұстатқан.

— Достығымыздың белгісі болсын,— дейді ол.

— Рақмет, өзің ала ғой.

— Тағы да темірден соғып аламын.

— Иә, бәрімізге де қармақты жасап берген осы Игілік.

— Ол қазір-ақ қатырып тұрып жасап алады.

Жаңа таныстарым қоярда-қоймай қармақты алғызды. Азамат пен Қасым қосарланған күйі өзенді жағалаған бұлың-бұлың сыңар соқпаққа түсті.

— Жүр, енді қармақ салатын жерді көрсетейік. Әлгінде үлкен-үлкен екі шортан ұстадық. Иірім де шамалы.

Тарам-тарам тамырын су орып құлатқан зіңгіттей қара ағаштың үстінде аяғымызды суға салбыратып жіберіп отырғанымызға да көп болған жоқ. Демнің ішінде үш-төрт шабақ пен ақ тырнаның желбезегінен тізіп, суға салып қойдық. Бір көзім тізбектегі тынымсыз шоршыған балықтарда болса, бір көзім дір-дір еткен қалтқыда. Азаматты шешесі шақырмағанда қашанға дейін отыра беретініміз белгісіз. Ол артына жалтақ-жалтақ қарап ұзай берді.


Осылайша думанды күндер зуылдап өтіп жатты. Ауыл балаларына әбден бауыр басып кеткендеймін. Кейде ұзақ

түнге кірпік ілмеймін де. Ойлайтыным — жаңа достарым...

Өзеннің ағыны баяу, жайылма жерінде отырған Азамат қасына жақындамастан тізбесін көрсетіп тұр. Өзі мәз-мейрам.

— Сен келгенше ұстағанымды көр, міне.

Ірілі-ұсақты балықтардың арасында екі-үш кіші-гірім сазан да бар екен. Бауырлары жалт-жұлт етеді.



### Достар

— Мынауың кешегіден де көп қой,— деймін таңырқап.

Ол менің сөзіме құлақ қойған жоқ.

— Өзің кешігіп келдің ғой. Тіпті, мұздай боп киініп алыпсың, қалаға қайтпақсың ба?— деп, Азамат қармағын аша бұтаққа қыстыра салып, тұла бойыма көз жүгіртті.

— Иә, қазір қайтамын. Әдейі өзіңмен қоштасайын деп келдім.

— Каникулдың бітіп қалғаны ма? Қалай тез, ә?!

Бұл жолғы Азаматтың әр сөзі бір түрлі жарықшақтанып шықты. Үнінен қимастық сезіледі.

— Азамат, хат жазып тұратын бол,— дедім оның күн ісі аңқыған кекілінен сипап.

— Жазу білмеймін. Биыл мен де мектепке барамын. Әріптерді үйренгеннен кейін, хат жазамын... Ол кекілін саусақтарымен тараған күйі сәл-пәл үнсіз қалған.

— Міндетті түрде хабарласып, ауыл жаңалықтарын жазуды ұмытпа. Келер жазда бізге, қалаға кел. Ал мынаны ескерткіш ретінде тағып жүр.

Омырауымдағы жұлдызшаны ағытып, Азаматтың көйлегіне қададым.

— Ленин ата ғой. Рақмет, Жомарт,— деп Азамат біресе маған, біресе кеудесіндегі жұлдызшаға қарайды.

Күн нұрына шағылысқан қызыл жұлдызша бұрынғыдан бетер жарқырап, жанып тұр.

Азамат пен Қасым өзеннен қайықпен арғы жағаға өткізіп салды. Автобустың терезесінен басымды шығарып, артыма қарай берем. Жол бойында жарысқан үлкенді-кішілі ағаштар дөңгеленген күйі қалып жатыр, қалып жатыр. Қолдарында қармағы бар екі досым да өзен жағасында әлі тапжылмай тұр. Қолдарын тынымсыз бұлғайды... Кірпігімнен үзіліп түскен жалғыз тамшыны байқамай да қалдым. Терезеге үңілемін. Ағаштар да қол бұлғап, асығыс қалып жатқандай.

...Жаңа оқу жылының алғашқы күндері. Әр күн әсерлі әр күн қызыққа толы. Менің ойымнан Әзімбек атамның аулындағы достарым кетпейді. Кластағы балаларға да солар жайында әңгімелеймін. Азамат та мектеп табалдырығын аттады ғой! Қандай қуаныш!

Бір күні сабақтан келген бойда әкем қолыма көгілдір конвертті ұстата берді.

— Саған хат келді.

Ашып оқығанша асықтым. Кімнен болды екен деймін.

«Жомарт, мен бірінші класқа бардым. Қазір әріптерді жазуды үйрендім. Ленин атаның «Оқы, оқы және оқы» деген өсиетін еркін жаза алатын болдым. Енді саған да хатты жиі жазып тұрамын. Досың, Азамат...» Үлкен әріптер дәптер бетін толтырған. Жүрегім атша тулап, дүрс-дүрс соғады. Қуанғаным сонша, хатты қолыма алып айқайлап та жібердім. Сөз жоқ, бұл алғашқы хаттың қуанышы.

Менің досым Азамат әріп жаза біледі, енді кітап оқитын болады. Ауыл жаңалықтарын үзбей жазып тұрады.

Үлкен әсер үстінде қолыма қалам алып, ауылдағы досыма хат жазуға отырдым...



## БІЗДІҢ ЖЕР НЕМЕСЕ АТАМЕКЕН ТУРАЛЫ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

ҒАРЫШҚА ҚОЛ созған өскелең өміріміздің әр күні жаңалыққа толы. Ал жаңалықтар тасқынын енгізген елеулі өзгерістерді бүгінгі мектеп өмірінен де айқын аңғарамыз. Күні кешегі қарапайым да жұпыны класс бөлмелерін қазір еш жерден ұшыратпайсың. Самаладай жарық заңғарадай зәулім оқу кабинеттерінің қай-қайсысы ғылыми мекемелердің лабораториясындай әсерге бөлері анық. Түрлі приборлар мен станоктар... Қатар-қатар тізілген математикалық-геометриялық таблицалар мен схемалар... Ең ақыры, сонау жылдары көрнекі құралсыз өтетін тіл-әдебиет және тарих пәндеріне арналған кабинеттердің өзі ерекше назар аудартады-ау. Физика, химия, шет тілі... Иә, пәндік кабинеттер осылайша тізіле бермек.

Міне, толып жатқан сол кабинеттердің бірі. Табалдырық аттағаннан-ақ оның географияға арналғанын білесің. Кең бөлме төрінде сап түзеген үлкенді-кішілі глобустар көзге ә дегеннен-ақ шалынады. Қабырғаларда дүние жүзінің, Совет Одағының, туған республикамыздың әр түрлі карталары...

Шағаладай киінген үш-төрт жеткіншек ең үлкен глобусты төңіректен, жанынан жылжыр емес. Бар ынта ықыласы алдыларындағы жұмыр шарға ауған. Күбір-күбір сөйлеген олар қастарында тұрған мені байқаған жоқ. Сүйріктей саусақтарымен әлденені көрсеткен бүлдіршіндер жаңалық ашқандай мәз-мейрам. Әңгіме шырқын бұзғым келмей, тек құлақ түргем.

— Жер.

— Иә, Жер ғой...

— Шеткеріректегі ақ бантикті қызды құрбысы қоштап қойды. Қуанышты. Жүздері балбұл жанған жас өрендердің күміс күлкілері де жарқын-жарқын шығады.

— Мына жүрек — Африка,— деді бағанадан үн-түнсіз тұрған кекілді бала.

— Неғып байқамағанбыз, шындығында жүректің суретіне ұқсайды екен.

Глобустан жанар аудармаған қара домалақ:

— Анау мәңгі мұз құрсаңған Антарктида, ал мына көк бояу — Тынық мұхиты,— деген жанындағыларға.

Кішкентай «жиһанкездер» өздері білетін атауларды



### **Біздің Жері**

бірінен соң бірін жарыса көрсетуде. Глобусты баяу ғана айналдырған олар тағы да дүр сілкінді:

- Біздің жері
- СССР!

Жұмыр шардың жоғарғы бөлігін тұтастай шеңберлей ораған төрт әріп көзге оттай басылған. Кішкентайлармен бірге мен де «СССР» деген жалғыз ауыз сөзді іштей әлденеше мәрте қайталай бердім.

СССР — қарапайым соқадан космосқа самғаған елдің, менің Отанымның есімі.

Кеуде керген мақтаныш сезімін «жаңалық ашқан» балалардың сөздері одан бетер асқақтатып жіберген.

— Совет Одағы батыстан шығысқа дейін тоғыз мың километрден астам, ал күнгейінен теріскейіне қарай бес мың километр жерді алып жатыр.

— Қандай үлкен, ә!

— Ұлан-байтақ осынау аймаққа үш АҚШ, жеті Үндістан, алпыс Жапония, жеті жүз Нидерланды сыйып кетеді...

Алау жүректер лүпілін тыңдаудан жалықпассың, әсте. Әр сөздің аясынан туған өлке, туған жерге, атамекенге деген шексіз сүйіспеншілікті жазбай сезесің. Бұл — мерей өсірер мақтаныш емес пе! Менің есіме қара жердің қыртысын кетпенмен аударып, күміс дән мәпелеп-өсірген даңқты диқан Ыбырай Жақаевтың мына толғамдары түсті.

«Жер! Қандай қасиетті сөз! Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай. Бұл сөздің терең мағынасын адам тілімен айтып жеткізе алар ма, сірә... Ұлы теңіздер жер төсінде шалқиды. Небір ұзын-шалқар өзендер жер бетінен жосыла ағады. Қалың ну ормандар жер бетінде жайқалады. Жердің төсінде асқақтаған биік-биік тау шыңдары көкке шаншылады. Күміс табаққа құйылған мөлдір судай тұп-тұнық көлдер жердің көзіндедей жалтырайды. Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей ғажайыптарды осы жер бетінде жасайды».

Ал космостан оралған совет ұланы Юрий Гагариннің аузынан шыққан алғашқы сөз де мәңгі жадымызда:

«— Жер... Біздің туған Жер. Қандай әсем десеңізші?..»

...Осы сәтті күткендей-ақ көрші бөлмеден ән әуені естілді. Балғын да нәзік дауыс қарлығаштай қанат қағып бірте-бірте әуелей берді, әуелей берді.

Қайда жүрсең атамекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің өзі ұясына,  
Қимай оны батады екен.

Жан-дүниені баураған әдемі әуез қоңыраудың күміс күмбіріне ұласып ұзақ уақыт жаңғырып тұрды...

## МАЗМҰНЫ

ТАҢ НҰРЫНДАЙ АРАЙЛЫ . . .	3
ӨСКЕН ӨЛКЕ ӨРКЕНДЕРІ . . .	51
ЖЕРДЕГІ ЖАРҚЫН ЖҰЛДЫЗДАР . . .	81
СҰЛУЛЫҚ ӨЛЕМІНЕ САЯХАТ . . .	117

ДЛЯ ДЕТЕЙ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

ЖАНАТ ЕЛШИБЕКОВ

АТАМЕКЕН

*Фоторассказы*

(На казахском языке)

Редакторы *Ж. Әбдіғанарова*. Көркемдеуші редакторы *Н. Бубә.*

Суреттерді түсіргендер автор, ТАСС, ҚазТАГ.

Суретшісі *А. Тіленшиев*. Техн. редакторы *Ж. Момынов.*

Корректоры *А. Смағұлова*

ИБ № 2307

Теруге 24.08.83 жіберілді. Басуға 02.07.84 қол қойылды. УГ18212. Форматы 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы баспаханалық № 1. Қаріп түрі «журналдық». Шығыңқы басылыс. Баспа табағы 5,25. Шартты баспа табағы 8,8. Есептік басылу табағы 8,23. Шартты бояу көлемі 8,53. Тиражы 9000 дана. Заказ № 357. Бағасы 55 тиын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.







